

# АТАМЕКЕН АБА ҚАЗЫҚ

Дәулетхан Әбілқайырұлы

## (Өлеңдер мен толғау, дастандар)

Автордан:

Бұл кітабымды еліміздің егемендік алғанына жиырма жыл толған торқалы тойына, және де туған елге оралғанымға жиырма жыл болғанына тарту етемін. Кітабымды «Ата мекен аба қазық» атауымның себебі, қариялар: «Аспанды бір көк өгіз мүйізімен тіреп тұр, жер шары алтын діңгек аба қазыққа арқандалып тұр» - деуші еді. Менде Ата-мекенім – аба қазыққа айланып, жер жаһан желісіне байланып, туған елімнің мәңгі гүлдеп тұруын жаратушы бір Алладан тілек етемін.

«Атамекен – аба қазық»

*Байтақ ел қоңырауы таза мыстан,  
Оралды орта жүздің қазы алыстан  
Бар менің өмірімнің екі беті,  
Бірі монғол, біреуі Қазақстан.*

Тағдырдың қаңбағы боп дөңгеледім.  
Тірілдім мың қайтара жеңбеді өлім.  
О, менің ата жұртым, ана жұртым,  
Жылуын жүрегімнің тең бөлемін.

### **БІР ПАРЫЗЫМ БАР ЕДІ**

Келгенде азаттықтың ақ таңы еніп,  
Күйреді жетпіс жылдық қақпа берік.  
Жар салды, ел басымыз үндеу жолдап,  
Бейғамдау бір түкпірде жатқан едік.

Санасты естігенде шет елде үнін,  
Байқалды бұл қимылдан жеке, елдігім.  
Бауырын көлік сайлап көшіріп ап,  
Танытты нағыз қамқор екендігін.

Ұмыттым бәрін көрген қасіреттің,  
Барымды азат күнге бәсіре еттім.  
Басқандай Ресейдің өр кеудесін,  
Даласын Таулы Алтайдың басып өттім.

Құс міндім қанатымен жел қоздырған,  
Тартқыздым көш керуен кең, боз қырдан.  
Жат жерде домалаған басымызды,  
Айналдым ата жұрттан төрге оздырған.

Іске асты мақсаттарым, көздегенім,  
(Уақытта жатты ұсынып өз берерін)  
Аңырап айқара ашқан құшағынан,  
Ұлтымның ұлылығын сезген едім.

Осы еді ата –бабам күткен арман,  
(Ұлиды тауға қарап түп тегі арлан.)  
Бойдағы қазақ деген қаным үшін.  
Анамсың ауыр міндет жүктеп алған.

Қалтырар арлан түгін, тұлпар ізін  
Ақынның елге сыйлар сұңқары жыр.  
Аталық мейіріммен, еркелеткен  
Бар еді саған да өтер бір парызым.  
Өтелмей сол парызым кете ме деп.  
Сұңқылдап көңілімнің іңкәрі жүр.

Келдім де Сарыарқаны мекен еттім  
Бойымда төкпе шабыт, төтен екпін.  
Мендегі саған деген сол парызды  
Құнымен жырларымның өтемекпін.

### АТА ЖҰРТПЕН АМАНДАСУ

Ассалаумағалейкум ардақты елім,  
Өлкеңнің жеттім құстай шарлап көгін.  
Алтайым, Алатауым сәлем саған  
Аралым, ана Балқаш, шәрбат көлім.

Ассалаумағалейкум шаңырағым  
Елтаңбам, көк байрағым, әнұраным  
Армысың қасиетті Түркістаным  
Жеткізген құлағыма тәңір әнін.

Ақ дәмім, дастарханым, тайқазаным  
Арнаған жыр сәлемім байғазы әнім.  
Әлемнің тартқан көзін, ой, назарын  
Егемендік елдігім той базарым.  
Армысың дархан жүрек, бай қазағым.

Көгіңе шаттық жырын әуелетем  
Қарттарым Адам ата Хауаға тең  
Абылай, Бұқар жатқан топырағым.  
Алдыңа басымды иіп, тауап етем.

Тараған тұқым едік көк бөріден  
Бақыттың орын алдық қақ төрінен .  
Барамын елмен бірге болашаққа  
Тарттырып арманымға ақ керуен.

Өлеңім жан семіртер булы алтыным  
Ақ қайың қарсы ал мені, дудар тұлым  
Алыстан атажұртқа оралған күн  
Ол менің екінші рет туған күнім.

\*\*\*

Бабалар біздің өмірден елім-деп өткен  
Жат жерде қалды бұйырып өлім кенеттен  
Аңырап бейбақ ауғанда атамекеннен  
Тұқым едік біз Шоң қарттың белінде кеткен.

Ұлтаным десең арланбаймын ұлтан шығармын.  
Тұяқпын қалған соңында тұлпар шұбардың.  
Ел жерін сүйген езілген жомарт жүректің  
Тамырында кетіп қайнаған бір тамшы қанмын.

Атажұрт еді айтатын сөзіңін басы,  
Қайран ел еді жан дауысы сезім іңгәсі.  
Көрем бе сені деуменен,көл болып аққан,  
Жат жерде тамған мен едім көзінің жасы

Төсінен өткен даламның тағылар желіп,  
Арыстанымды басынды, қабылан жеңіп.  
Жерімнен аудым, басыма қасірет төніп,  
Қашқан құланың емеспін қағынан жеріп.

Амалым қанша солай боп  
Маңдайға жазған бұйырса, жазуым хақтан  
Дарыған баба рухы,  
Қайың шоқпармен қасының азуын қаққан  
Көз жазып елден жат жұрттың мәзірін татқам  
Аласапыранда адасқан құлыншағыңмын  
Айналып келіп өзінің қазығын тапқан.

### **ШАҢЫРАҚ**

Сансыз ұрпақ жалғасып, мың жасаған Шаңырақ  
Қаны қазақ баласы ырза саған - шаңырақ,  
Зұлымдық пен адалдық қатар қонған шаңырақ.  
Досқа жұмсақ, дұшпанға қатал болған Шаңырақ.  
Екі жастың қосылған тойлары өткен Шаңырақ  
Сый құрметі мәңгілік ойда кеткен Шаңырақ.  
Ырысымды тасытып, толықсытқан Шаңырақ  
Сәби келіп өмірге, өлік шыққан Шаңырақ.  
Бақи болған бабамның асын берген Шаңырақ  
Айырылған да боздаған есілдерден қаңырап  
Айыр өркеш қазақтың түйесі артқан Шаңырақ,  
Азғындаған ұрпақты киесі атқан Шаңырақ.  
Қара қылды қақ жарған, қазы да өткен Шаңырақ  
Жас келіндер иіліп, тәжім еткен Шаңырақ.

Қалың жауға қаптаған қарсы найза саптаған  
Қас-дұшпанын жер еткен Қабанбайдай ер өткен.  
Ұрпақтары күреске белін буған Шаңырақ,  
Фараби мен Шоқандай ғалым туған Шаңырақ  
Тарихтың зер салсам көрем сенен көп ізін  
Қорқыт пенен Ықылас күңіrentкен қобызын.

Сені көрсем атамның түседі отты жыры еске.  
Құрманғазы шақырған, күйі мен елін күреске.  
Алты қарыс азуы алпауыттар бата алмай,  
Салдар өткен Біржандай, сері де өткен Ақандай.  
Сенде туған Абайдай, оқшау өскен бір шынар  
Жыр толғаған саянда термешілер, жыршылар.  
Сара менен Динадай қыздар өскен Шаңырақ.  
Ғашық үшін көгінен ызғар ескен Шаңырақ.  
Қорғау үшін сан боздақ, қайғы жұтып қан төккен.  
Даңқымызды көтеріп, сен едің ғой мәрт еткен.  
Бір ұрпаққа бір ұрпақ табыс еткен Шаңырақ  
Ұлдарының бойына намыс еккен Шаңырақ  
Тоғышарды тоң мойын қате ойлатқан Шаңырақ  
Талай рет жаулары ат ойнатқан Шаңырақ  
Сондадағы иіліп күйремеген Шаңырақ.  
Қолтығынан ән сүйеп, күй демеген Шаңырақ  
Сан ғасырлық апаттан аман қалған Шаңырақ  
Кеше ғана азабы тәмамдаған Шаңырақ  
Күн төбеден күлімдеп, туды бүгін айы оңнан  
Бар бақытты табармыз құшағыңнан, саяңнан.  
Елтаңбасын алаштың өрнектеген Шаңырақ  
Қадамына дән өсіп, гүл көктеген Шаңырақ  
Бәйшешектей ырысы өсіп-өнген тамыр ап  
Жүрегімнің бөлшегі Отаным ғой Шаңырақ.  
Қуанышқа ел-жұртым заман туды кенелген,  
Табан тірер қазығым сен болмасаң келер ме ем?  
Көсегемді көгертіп, көк өрімді көсем ғып,  
Асқақтай бер, бейбіт күн, тілейтінім есендік.  
Шаңырағын сыйлаған ел алдында ұялмас  
Шаңырағын сүймеген отанын да сүйе алмас

### **ҚАЗАНЫМ**

Асын ішіп алты арыс алқа құрған - қазаным  
Жетпіс жылда жүз ұлтқа дәм татырған -қазаным  
Әулиемен әмбиелер бата арнаған - қазаным  
Жақындауға жын –шайтан бата алмаған- қазаным  
Ақ мал сойып алтынның бетін ашқан - қазаным  
Айтқа шалған құрбанның етін асқан – қазаным

Науырызға арнаған көже піскен- қазаным  
Асқа тойған ессіздің көз еті іскен - қазаным  
Қыдыр баба ұлыс ек қазанына ас салған  
Май құйылып отына ошағында тас жанған  
Қара қазан сары бала қамын ғана күйттеген  
Халық едік талай жыл, болды ырысым итке жем  
Тұнығымды шайқады өзімненде зор шығып  
Қазанымнан құт қашып, ойсырады молшылық.  
Кешіре гөр қазаным көзден төгіп қанды жас  
Әмірімен жауымның тегі харам салдым ас  
Тұнып сенің түбіңе сілтіменен қалды лас  
Билеп жаман қонағым өзім болып шет қақпай  
Кепті сан жыл кенезем шөліркеген Бетпақтай  
Күтім көрмей көп жылдар кір май басқан - қазаным  
Ұлы халық мешіттен ұрлай қашқан - қазаным  
«Елу жылда ел жаңа, қазан жаңа жүз жылда» -  
Деген бабам өзінді кештеу қостық біз жырға  
Дей алмаймын қулықпен жан сауғалап бас бақтым  
Жүз жыл бойы жат-жұрттың қазанынан ас таттым  
Іздеп таптым қайтадан саған құйған дәм тартып  
Иең жайсан қазақтың тұрған шақта даңқы артып  
Қайта оралды бағына бастан ұшқан базар құт  
Жаратқанның демімен алам сені тазартып  
Төрімізде төреміз төбемізде көк байрақ  
Өз аузымнан қолымды алмайды ешкім қақпайлап  
Жырға қосса несі айып, өз ақыным, өз әншім,  
Жасағанға мың тәубе, өз ұлымнан қазаншым.  
Қайдан құлақ шығарса қазаншымда ерік бар,  
Құдыретті біздегі жалпақ әлем көріп қал!  
Ату үшін аспанға ағайыным бөрікті ал!  
Ішің күйсе -түз жала дұшпандарым өліп тал!  
Көз жеткізсем шындыққа желікке еріп жын қумай,  
Құт қонбайды қазанға иесіне күн тумай.  
Қорғар қазан-ошағын жеткіншегім қас қақпай,  
Қадіріңді жат білмес, қазаныңнан ас татпай.

### **ТАҚИЯМ**

Сырт пішіні қазақы үй- алтын ордам жеке ұям,  
Шаңырағым секілді басымдағы тақиям.  
Салт дәстүрін бабамның мықтап еске тұт інім,  
Үкі тақсам ол менің түзу ұшқан түтінім.  
Ару салған шым өрнек, ана өсірген іскер ғып,  
Күн сәулесі сияқты сызықтары түскен тік.  
Тіксе қара матадан болса егерде бедерсіз,  
Қазан демей төңкерген, капелімде не дерсіз.

Киелі ғой қазанда жүрміз қазан қамы үшін,  
Сары баламен халқымның қуа білем намысын.  
Тақия ғой Тазшаның абыройын асырған,  
Әділеттің алдында тақиямды ап бас ұрғам.  
Бейнесіне ұқсайды кейде шарбақ ошақтың,  
Шаттанғанда бөркіммен, тақиямды қоса аттым.  
Жанған зауал отына талай күйген- тақиям  
Біз түгілі данышпан Абай киген- тақиям  
Мақтанышы ұлтымның даналықтың, хан, пірі,  
Таныса әлем Алашты Абай атам арқылы.  
Тақиялы қазағым қара шал боп елестер,  
Тақияны сонда кім ел нышаны емес дер.  
Қасиетті тақиям көз майы мен тер тамған,  
Мұра болып бабамнан қалған осы ел таңбам.  
Бөгде жұрттан бөлерлік айырмам жоқ басқадай,  
Тақиямнан таниды ел жүрсем бастан тастамай.

## ДАСТАРХАН

Бүгінгісін дінмен салтқа басқартам,  
Аманатын келер ұрпақ жасқа артам.  
Киіз үйім жер шарының моделі,  
Қазағымның кең пейілі дастархан.

Шаңырағым оңаша аспан бас қалқам,  
Тегешімде бесті қымыз асқан таң.  
Асты үстіне ен байлықты сыйғызған,  
Даламыздың сызбасындай дастархан.

Ашуланып жүздерінен қашқан қан.  
Араздасып болған шақта тас - талқан.  
Ағайынды өз басына шақырып,  
Біріктірген берекелі дастарқан.

Тауқыметтің жүктерінен боста арқам,  
Төрімізге жайғасады дос дарқан.  
Қаланыңда, даланыңда мәзірін,  
Алға тосар жайма базар дастархан.

Құрбан айтта сойылады жас марқам,  
Аруаққа дұға оқытып бас тартам.  
Бұл пәниден көшерінде бақиға,  
Өлігіңнен айналатын дастархан.



Наурыз

Әздің шуақ нұры боп далама енген наурыз,  
Азаттықтың ақ таңын ала келген наурыз.  
Көже толы қолыма шара берген наурыз,  
Қуаныштаң құшағын ана керген наурыз.  
Самал тарақ шашымды тарап өрген наурыз,  
Егіз туған ерке төл балама ерген наурыз.  
Жер емшегін диқаншы адал емген наурыз,  
Күнге сәлем беріскен қалың қауым тік тұрып,  
Тау басында қарсы алған келгенінде « үт» кіріп.  
Наурыз гүл көктейді мұз жамылып қар кешіп.  
Қыдыр ата келеді басында аппақ сәлде шыт.  
Ашылады алдынан ыстық құшақ жарма есік,  
Нәрестеге арналған бөленеді тал бесік.

Тоңды жарып өседі алуан гүл бәйшешек,  
Іле-шала соңынан кілем жайған майса шөп.  
Қыстан аман шығысқан қутыңдайды тайша, есек.  
Біреулерге наурыз көне болжам ойша есеп.  
Кердең басып бәйбіше байлар басқан балпандап,  
Ел қыдырған бозбала, Төлегенше жар таңдап.

Самарқанның жер балқып, көк тасында жібіткен,  
Қыз дәметкен бұл күні «селт еткізер» жігіттен.  
Ғашық қыздар жігітке «ұйқы ашар» ас дайындап,  
Оңашаға шақырған, көзбен сөйлеп жәй ымдап.  
Тұсау кескен сәбиім, өмірде нық бассын-деп,  
Көжеге арнап әрбір үй жеті түрлі ас сүрлеп.

Ескен алтынкүректің лебінен ыстық дем,  
Қар көбесі сөгілген жабағыдай құс түткен.  
Жарқылынан жасынның пәле-қала жерге еніп,  
Аясында аспанның алтыбақан тербеліп,  
Самалықтың сағымын жер тұтады перде ғып,  
Тәмам тірлік жанданып аунап түсер көрде, өлік.  
Тазалайды әркім-ақ мұнтаздай ғып үй маңын,  
Нұрландырып жүрегін, бекітеді иманын.  
Жердің шиқан жарасын күн емдеген наурыз,  
Ата салтын ұлтымның түгендеген наурыз.  
Құлмен ханның бас еркін теңестірген наурыз,  
Айдарынан күңніңде жел естірген наурыз.  
Бадамшалар күшіктеп, ерте бүршік жарып тал,  
«Құс қанаты» астында қапалаған мамық қар.

Қамқор қолмен даланың аршылады тұмасы әр,  
 Ұлы күні ұлыстың тойдан- тойға ұласар.  
 Қызметін ешкімде бұлданбаған сату ғып,  
 Бүкіл елге әкелген құт береке татулық.

### Көрімдік

Дүниеге сәби келсе көрімдік,  
 Жас отаулар жаңа үйге енсе көрімдік.  
 Жарыста озып жүйрік келсе көрімдік,  
 Аяз ата сыйлық берсе көрімдік.  
 Көзің төрт боп жолаушының жолын күт,  
 Оралса есен сүйіншімен көрімдік.  
 Ен жайласа ата-бабаң жерін күт,  
 Әрбір атқан бақыт таңы көрімдік.  
 Ел үшін тек арқаласа ерің жүк,  
 Ұлыңызға болса адал келін жұп.  
 Ауыл түгел шелді малын соғым ғып,  
 Қазан толы тоқтық болса көрімдік.

Торламаса туған елдің көгін бұлт,  
 Айланбаса мәңгүрттеніп тобырға ұлт.  
 Кенші қолдар жер қойнауын кең үңгіп,  
 Байлық тапса елге сыйлық көрімдік.  
 Азат елің алса төрден орын нық,  
 Шексіз бақыт ол өлшеусіз көрімдік  
 Күн кешпесең тағдыр жатқа телім ғып,  
 Көрген барлық жақсылығың көрімдік.

### Үме, асар

Кембағалды жарылқар бір дәстүрім үме асар,  
 Берекенің басы бұл мерекеге ұласар.  
 Алтынымды тот басқан нұрмен жуып кім ашар,  
 Баспанасыз жарлыға үй сап берген үме асар.  
 Қабыл болған аллаға арнап айтқан дұғасы әр,  
 Құран сөзі жазылған, мешіт салған үме асар.  
 Бір көтеріп тастайтын ағайынды жібі осал,  
 Аруақтың басына там орнатқан үме асар.

### Жар – жар

Келін келді ұқсаған толған айға жар – жар ,  
 Оған теңдес ару жоқ бұл маңайда жар – жар.  
 Келін келді ақ жүзі күлген күндей жар – жар ,  
 Махаббатты күтетін кір келтірмей жар – жар.

Қарсы алатын қазақы жолымыз бар жар – жар ,  
 Шартылдата шапалақ соғыңыздар жар – жар.  
 Келін келді жақсыны теріп іздер жар – жар ,  
 Көріңіздер көрімдік беріңіздер жар – жар.

Ақ жаулықты келінжан енелісің жар – жар ,  
 Абысының, қайын ағаң кең өрісің жар – жар.  
 Ақсақалды келінжан аталысың жар – жар,  
 Жаман болмас үлгі алсаң бет алысың жар – жар.  
 От анаң тағзым ғып май құясың жар – жар,  
 Тұрмысыңның жасайсың жайлы ұясын жар – жар.  
 Келешекте өмірден аларың бар жар – жар,  
 Қосағыңмен қосылып ағарындар жар – жар.

Бастарыңа бақытың құсы қонсын жар – жар,  
 Ұрпақтарың ұлыс боп өсіп, өнсін жар – жар.  
 Шалқыңыздар еңбекпен толып өсіп жар – жар,  
 Абыроймен еліңнің төріне шық жар – жар.

### Қасым әні

Алыстау Алатаудан Қазығұрттан,  
 Аспанның ашылмайтын көзі бұлттан.  
 Әлемнің беймәлімдеу түкпірінде,  
 Қазақ ек құдайдыңда өзі ұмытқан.

Ауылдың елеусіздеу шетінде едік,  
 Үй тіккен құбылаға, бетін беріп,  
 Шырқалған күйсандықтан Қасым әні,  
 Алладан түскен уахи секілденіп,

Ол Қасым, бұл Қасымды танысың ба, ей?  
 Лебізі сүт шырыны нан иісіндей.  
 Жатталған жүректерге әнмен жыры,  
 Мұхаммет ғалайсалам хадисіндей.

Айтулы сол елдегі аз ақынбыз,  
 Болмайтын шаруадан маза күндіз.  
 Алмастан көз шырымын сөз шырынын,  
 Қасым боп түнде ғана жазатынбыз.

Жатқа айтып өлеңімен ұрпағы атын,  
 Жаятын жер бетінде гүл қанатын.

Қыздардың бал тамызып таңдайынан,  
Алтайда Қасым әні шырқалатын.

Күй сандық әр бір үйдің төрінде бар.  
Ән Қасым сағындырып орын далар  
Әлемде Қасым әнге шекара жоқ,  
Қазақ бар жердің Қасым бәрінде бар.

## Тіл

Бағамын мықты күзет қойып тістен,  
Тілім у тиген жерін ойып түскен.  
Тілім – саз дүниені ән жыр еткен,  
Тілім – оқ атса тиген дәл жүректен.  
Тілім – май қорғасын ғып жаныңды еріткен,  
Тіл – дәрі жазған жұрттың жанын дерттен.  
Тіл – шырын араласқан кермек тұзбен,  
Тіл – кеме мұхиттаңда елді өткізген.  
Тілің от шырпысыз өрт қоздандырған,  
Қазына ол артыңа асыл сөз қалдырған.  
Тіл – жаушы жауыңмен де сұхбаттасқан,  
Дәнекер дос арасын мықтап қосқан.  
Надан-тіл қу ағаш боп илікпестен.  
Тіл – қазы әділетті билік кескен,  
Тіл – деген ана сүті, атаң қаны,  
Ұлтыңның болашағы Отан қамы.  
Ұқпайды өз тілінде енжар кісі,  
Әлемнің тілсіз халық ең жарлысы,  
Тіл – сәуле көңіліңе шашқан жарық.  
Тіл – құлып жүрек кілті ашқан жауып,  
Тіл – кездік жүзі жатқан шалқасынан.  
Бал ара ол махаббатқа бал тасыған,  
Тіл – сақшы алдын – ала қатер сезген,  
Былғанса тіл мүгедек бөтен сөзбен.  
Тіл-ғашықтық отына күйген жанған,  
Тіл-әзәзіл айырған сүйген жардан.  
Қызыл тіл берекенің ұйтқысыда,  
Пенденің жем қылмаған ит-құсына.  
Тіл-алмас, тасты жарған, темірге өткен,  
Тіл-досың жан-қайғыңды жеңілдеткен.  
Тіл-білім құдық қазған инеменен,  
Тіл-түрпі жүйкені жеп миды егеген.  
Ұқпайды өз тілінде енжар кісі,  
Тілсіз жан адамзаттың ең жарлысы.

## Неке суы

Бойымыздан безіп иман,  
Тағыландық түздегі аңдай.  
Өз некесін өзі қиған,  
Қ асиет бар бізде қандай.

Бермесе егер туа елес,  
Жаратқанды таныр кім.  
Неке суы су емес,  
Сілекейі тәңірдің.

Кәрілік түскен буынға,  
Тек егделік ұға алар.  
Білсең неке суында,  
Аят, хадис, дұға бар.

Шайтан қалай жеңе алар,  
Бозқасқамен, батаны ақ.  
Әлемдегі ең адал,  
Неке қиған махаббат.

Адал сезім іште өлген,  
Құр сүйек боп жүрген біз.  
Неке суын ішкеннен,  
Туады адал ұл мен қыз.

Қызыл өзен тулаған,  
Қан тамырым толы арна.  
Неке суы жумаған,  
Жүрек таза болар ма?

Арамдыққа бойұрмас,  
Болар адал дос мәңгі.  
Ажалыңда айырмас,  
Неке суы –қосқанды.

## Қамшы

Даламда күнде қызып жатқан майдан,  
Ер жігіт дайын:шықса «аттан» қайдан.  
Қамшымен кісі алатын бура аюды,  
Сұлатқан жалғыз ұрып, қақ маңдайдан.

Басарда қамшы ұстаған жақсы қадам,  
Сілтеумен атқа қамшы бақ сынаған.

Тізеге қамшы басып дауға кіріп,  
Көтеріп көкке қамшы «Дат» сұраған.

Қамшы ұстап бақсы, балгер үшкіретін,  
Сырқаттың қайтаратын сұсты бетін.  
Ұстаса қолға қамшы ер жігіттің,  
Ғайыптан бойына ерек күш кіретін.

Жын – шайтан тырағайлап қашқан қамшы,  
Қаһары қылыштанда асқан қамшы.  
Жеңсіктің әлби – жәлби құрты қозған,  
Желігін жезөкшенің басқан қамшы.

Бір бала шашау шықпай он баладан,  
Отбасын бағындырған шомбал ағаң.  
Әкелген малға сатып жас тоқалда,  
Құрдай боп қамшы көрсе жорғалаған.

Көз майын қастауыш пен қағаз құртқан,  
Азды ұрпақ бойында ұлттық қаны аздықтан.  
Жерге еніп тоқпақ батса киіз қазық,  
Адам түгіл хайуан намазды ұққан.

Заманда ел бұзылып ант аумаған,  
Қамшы ұстап жеткен халық хан тауға аман.  
Қамшымен зеңбірекке қарсы шауып,  
Соңында опық жеген аңқау бабам.

Дерт жайлап ата салтты, бай мұраны,  
Басталды естілердің қайғылы әні.  
Амал не ер қолынан түсті қамшы,  
Бел кетті азаматтың тайды бағы.

Мінбейтін болды бала тақымға ағаш,  
Білгірсіп ақыл айтты ақынға мас.  
Түскен соң ер қолынан дырау қамшы,  
Мойынға мініп алды қатын-қалаш.

Қамшы еді алдаспаным көбе тілер,  
Көбейді аман білмес дөрекілер.  
Қанда емес ер намысы қамшыда екен,  
Жойылды намыс үшін өлетін ер.

Шешен жоқ жан жүйенді сөзбен ерткен,  
Болды жұрт ауыратын «кезбе дертпен».  
Қамшының түсінбейтін қасиетін,  
Көбейді жаман еркек көз көгерткен.

Кезінде ғашық болған тоқ бұрымдар,  
Арқалы азамат ем шоқтығым бар.  
Қолымда қамшы жоқтан қанден талап,  
Көрсетті жұдырығын боқ мұрындар.

Талайлар жез тырнағын жасырып кеп,  
Құл қылды желкемізге асылып тек.  
Жұғысты шалдарғада кемпір мінез,  
Кететін дастарханның асын үптеп.

Өсектің лапылдады күш ап қауы,  
Көбейді ауыл үйдің ұсақ дауы.  
Бір үйде бір «бұзау тіс» жоқтан шығар,  
Адамның хайуан боп ұсақтауы.

### **Ұрпаққа арнау**

Алла құлы, Мұхамбет үмбеті едім,  
Жастай ұқтым бар байлық дінде екенін.  
Болмасын-деп ұрпағым діннен ада,  
Тастап көштім туған жер, Ғұн мекенін.

Тұқым едік тараған көк Түріктен,  
Жалын құсып аузынан от бүріккен.  
Ата жұртқа жеткіздім, жал құйрығым,  
Айырылар –деп қаны асау тектіліктен

Ар-ожданы ұлтымның күрескенім,  
Жақсысының қаладым құны өскенін.  
Алла жазған сүйекке қазақ аты,  
Қаламадым ұрпақтан «тірі» өшкенін.

Қайнарларым бұлағым бал бастауым,  
Балық толған көлдерім нәрлі астауым,  
Ұрпақ үшін баз кештім туған жерден,  
Түндік бұлтты қоштасты маңғаз тауым.

Туыстықпен тұтасқан алмас бауым,  
Қара нөпір қарсы алды қандас бауыр.

Келер ұрпақ көз жазып өз елінен,  
Тоны тозып көкседім қарны ашпауын.

Жаттың қолы жағаға жармаспауын,  
Ұлт рухын тіледім шаң баспауын.  
Көрінгенге ұрпағым кірме атанып,  
Бойдан намыс қаладым қан қашпауын.

Дірілдеген күндерде бос тірсегі,  
Заманымның келді айдап көшкін, селі.  
Ұлттық рух бойынан қашпасын - деп  
Ұлтыңа әкеп өзіңнің қостым сені.

Жолым күдір өмірде басып өткен,  
Көзіңді аштым заманың басыр еткен.  
Байлық жинап алтыннан бермесемде,  
Рухани құтқардым қасыреттен.

Бал арасы қыдырған дәрі шөбін,  
Мақтанышың, қорғаның барыс елің.  
Майлы теңіз, көк аспан, байтақ өлке,  
Ұлы болсаң еншіңде бәрі сенің.

Пайғамбарға ел басын өттім балап,  
Ақтаңгерін шабыттың еттім қанат.  
Бүгінімнің жасампаз қолыменен,  
Ертеңіңнің іргесін кеттім қалап.

Жүрек сөзі  
Оралдым ата-жұртыма,  
Жебеушім болды бір құдай,  
Туған жер, туыс қалды алыс.  
Серігім болды ар-намыс.

Сыйынам көкжал бөріге,  
Кім екен деме түп тегі.  
Бабамның туған жеріне,  
Туымды келдім тіккелі.

Алдынан шықты көшімнің,  
Ағайын шалып бозқасқа.  
Ұлтыма келіп қосылдым,  
Ат арып, тоным тозбастан.



Дастарханымнан дәм татты,  
Аяулы аға қамқор дос.  
Емеспін «қашқын» салт атты,  
Алды-артым толған салқар көш.  
Аузынан үріп өсірген,  
Атамның қалды ақ малы.  
Отарлық зұлмат өшірген,  
Отыңды келдім жаққалы.

Бүкпем жоқ жатқан ойымда,  
Сөзімнен ұғып таныңдар.  
Атадан қалған бойымда,  
Қазақы қасық қаным бар.

Алланың бұған куә аты,  
Дарыған бойға әкемнен.  
Сол қанның жалын қуаты,  
Еліме сүйреп әкелген.

Сөзімді қабылдағайсың,  
Орамал шаршы сыи ап кеп,  
Өзімді қабылдағайсың,  
Алаштан қалған тұяқ - деп.

Белі шықпай жатып бесіктен,  
Мен қожамын демеймін.  
Орын тисе егер есіктен,  
Төрге озамын демеймін.

Сәйгүлік жырым қыр асты,  
Сулыққа тағып жез арқан.  
Санаға сіңген ласты,  
Саф алтын оймен тазартам.

Жетерме хаққа жеке үнім,  
Жүрер жер алыс жол тұман.  
Ұлтымның кемін кетігін,  
Барымды салып толтырам.

Нан үшін жейтін бір тілім,  
Келген жоқ айдап бас қайғым.  
Халқымның жамау жыртығын,  
Жаныммен жамап жасқаймын.

Алашым тіксе ақ орда,  
 Уығын қолдан шаншысып.  
 Шөліркеп жатқан Аралға,  
 Қосамын мен де тамшы шық.

Жусанды дала төсінен,  
 Соққан күл қалай түзелмек.  
 Семейді алапесінен,  
 Жазсақ деп келдік біз емдеп.

Кеудеме жайып шарайна,  
 Қондырсам деп ем бұлбұл құс.  
 Өлеңнен соққан сарайға,  
 Қаласам деп ем бір кірпіш.

Қайтам деп кері бұзылса ез,  
 Ренжіп досым жүрме оған.  
 Қазақтың-жауы қызыл сөз,  
 Қазақтың-жұты бір боран.

Шет жерде өсіп ержеттік,  
 Ұлы отан- сөз жоқ құнды одан.  
 Парызым үшін перзенттік,  
 Құлым бол десең құл болам.

### **Қыран туралы жыр**

Оқиғасы көмескі ертегі - аңыз емес бұл,  
 Құлағымда ел сөзі көз алдымда елес тұр.  
 Құйма құлақ құйып ап шығармаса есінен,  
 Құдіреті ертегі- аңызыңнан несі кем.  
 Қиялыңды қоздырып ой саларлық әркімге,  
 Біздің жақта керемет бір іс болған бертінде

xxx

Жүріп өткен жолында қалдыра алмай еш белгі,  
 Бай-өлкеден Кентауға\* бір қазекең көшкен-ді.  
 Шен – шекпеннен ол үшін ата кәсіп ардақты,  
 Орнықты да Кентауға қойшы атанды мал бақты.  
 Шопан болған адамға қиял қанат ой серік,  
 Келді жаңа мекенге аңы жүрген қойша өріп.  
 Өлке еді бұл жерұйық неше түрлі аңға бай,  
 Талайынан айырылып қалып жүрді аңдамай.  
 Қара құйрық, ақ жирен өреді екен мыңғырып,  
 Қардың бетін ақ қоян шұбайды екен жым қылып.  
 Сан алуан сиқырлы қылығымен мұны алдап,  
 Қарсы алдынан қу түлкі қашып жүрді бұлаңдап.

Қан сонарға шыққанда қанатұғын жан шөлі,  
 Аң аулайтын бүркітпен елдегі үлкен аңшы еді.  
 Қорлағандай аң мен құс ол бармағын тістеді,  
 Қанаты жоқ құспен тең қыраны жоқ құсбегі.

Елде қалған досына тастап кеткен бүркітін..  
 Қысылшаңда еске алды жан серігін пір құтын.  
 Азғырдыма алдамшы ой қысыр қиял жел қуық,  
 Жолға шықты бір күні ойда жоқта бел буып.  
 Бар мақсаты бұл жерге қыран құсын әкелмек,  
 Құсқа зауқы жоқтарға мұндай істің аты- ермек.  
 Жүрседағы қай елде қай түкпірде, қай манда,  
 Ойға алғанын қазекең орындамай қойған ба  
 Алған беттен қайтпайтын бұл да еріңнің бірі еді,  
 Құстай ұшып аулына аттың басын тіреді.  
 Сый құрметі қонаққа таусылама қазақтың,  
 Аунап- қунап ауылда аялдады аз-ақ күн.  
 Алаң көңіл орнығып еске түсіп мал жаны  
 Құсын қолға қондырып қайтты үйіне олжалы.  
 Ұшқыр ұшақ от арба бесігінде ырғалып,  
 Қыран құсын шаршатпай сан көлікпен жүрді алып.  
 Асқар Алтай тауынан қарлы қабақ мұз кірпік,  
 Тірнегінде ұстап ап қолға үйреткен түз бүркіт.  
 Туған жерден алыстап бара жатыр күн санап,  
 Томағамен бейбақтың көзін қойған тұмшалап.  
 Қайран қыран бойында тұрған қуат күш тасып,  
 Тым болмаса кетпеді ұясымен қоштасып.  
 Жегі құрттай уайым, жанын жеген бір сүлік,  
 Қайран қыран адамша бара жатты күрсініп.  
 Зауал төнген басына көзіне ойнап көк шыбын,  
 Бара жатты баса алмай кеуде толы өксігін  
 Қайран қыран, көрмеген еш қағажу, еш бұғау,  
 Ит жеккенге айдалған бабам күнін кештің- ау.

\*\*\*

Қыранының иесі қасіретін сезбеді,  
 Көңілі мас адамға сезетін де кезбе еді.  
 Кетірмеген жан болып қыранының бап күйін .  
 Көңілі шат құсбегі көп кешікпей тапты үйін,  
 Судай тасып көңілі төбесімен көк тіреп,  
 Орақ орып ауызбен қолыменен от күреп.  
 Шаруасын тындырды шалт қимылмен ептірек,  
 Ұйқы көрмей күні-түн қыран құсын баптады.  
 Ауыл үйге жар салды сынаймыз деп бақты әлі,  
 Айтқанындай борады қан сонардың ақ қары .

Мұндай кезде жататын құсбегі ме жан бағып.  
 Дер бабына келтіріп шықты құсын аңға алып.  
 Түлкіге өлім ,қыранға құдайынан сәт тілеп,  
 Бір қырқадан құсының томағасын тартты кеп.  
 Томағасын алған соң тұрды қыран саңқылдап,  
 Қолға тисе еркіндік көк жүзінде шарқ ұрмақ.  
 Тұр деп білді иесі қызыл көріп жем тілеп,  
 Қалатынын сезбеді айдалада тентіреп.  
 Тіленген соң ұшырды қолында ұзақ ұстамай,  
 Ерік тисе белгілі самғайтыны құс қалай.  
 Дүр сілкінді жарықтық көңіліне жел еніп,  
 Осы сәтті күткендей пайда болды желемік.  
 Құсбегінің көзінде қалып қойды бұлт елес.  
 Аңсағаны қыранның туған жері ,түлкі емес,  
 Көк жүзінде жалт ойнап батыс жақты бетке алып,  
 Жерге көшкен жұлдыздай көз ұшында кетті ағып.  
 Алып келген елінен басын тігіп қатерге,  
 Тастап кетті иесін бұдан қорлық өтер ме.  
 Құсты тартқан өзіне керемет бір күш тұрды,  
 Сезімдер жоқ кей жанда құс екеш сол құс ғұрлы.

\*\*\*

Қонақтайтын қырандар бар еді бір тас қия,  
 Көгі толған қыран құс қойны толған ескі ұя.  
 Тау ешкілер сол маңды қыстайтығұн паналап,  
 Жам жолдары бар еді әрең жүрер тағалы ат.  
 Қанатынан жел тұрып жалт-жұлт ойнар от көзі,  
 Тірі жүрген құстардың соқпай өтер жоқ кезі.  
 Күнде жасап қан майдан түсетіғұн қырқысқа,  
 Елдің көзі қадалды аяқбаулы бір құсқа.  
 Мәлінменен, қарсақтың төбе шашы тік тұрып,  
 Қорғалатып тастады түлкіні інге бұқтырып.  
 Беймәлім құс атағы дүбірлетті жер түбін,  
 Көрдік деді ел, ол тұтқан бөрінің де жемтігін.  
 Қанды шеңгел тырнағы сол маңдағы батты аңға,  
 Ешкім түсіре алмады жайған торға қақпанға.  
 Сегіз қырлы дейтіндей жомарт мінез сал-сері,  
 Елде қалған досы да елге әйгілі аңшы еді.  
 Аңның қанжығасынан арылмаған қан-сөлі.  
 Алтайда өскен арысың ,құлын сауыр, жылқы жал,  
 Сермендесін аспанның болды ұстауға ынтызар  
 Ұстамақ боп сол құсты салып жүрген аңға әлек,  
 Шырға тартты бір күні құс ұшатын маңға кеп  
 Тегі қыран болған соң қалай ғана бөгелсін,  
 Құс жаңылып жайылған торға түсер деген шын.

Семсер қанат уыздай тыныштықты тілгілеп,  
 Аңшы тартқан шырғаны қас қағымда ілді кеп.  
 Сырты торлы шырғаға қадалды өткір жез тырнақ  
 Сор айдаса кімдіде, іс осылай тез тынбақ,  
 Аттан түсіп құсбегі құстың мойынын қайырып.  
 Шырғадағы тырнағын алмақ болды айырып.  
 Іс бастасаң абырой сәтіменен аяқтау,  
 Көзіне оттай басылды өзі таққан аяқ бау.  
 Көрмегенге өтірік көзбен көрген елге шын,  
 Аң-таң болды бұл іске білмей сенер сенбесін.

\*\*\*

Қиыр шетте өстім мен қысы қатал жазда кең,  
 Қазақ елін қанымен жүрегіме жазды әкем.  
 Басталатын ел жерден анамыздың әлдіі,  
 Көкірекке бұл сөздер уыз болып қалды ұйып.  
 Отаршылдық тұманы адастырды ел жерден,  
 Жат өлкеде күнелттік кәсіп етіп көр-жөрмен.  
 Коммунизм елесі кеткен күні-ақ келмеске,  
 Алдым атамекен мен қазақ деген елді еске.  
 Тоқталмадым аяқтан алынған соң кісенім,  
 Қанша бауыр тартсада өгейсіндім кісі елін.  
 Тұмшалаған көзімді алынған соң томағам,  
 Туған елге бастады тоқсан тарау жол-анам.  
 Кездессе де алдымнан қиян асу сел бөгет,  
 Отау тіктім бабамның басы қалған жерге кеп.  
 Қыран жырын ішіме сақтауға да төзбедім,  
 Нағыз қыран қашанда таппай қоймас өз көгін.  
 Жат қолында күн кешу ерлер үшін екі өлім,  
 Таппай қоймас нағыз ер түбі туған мекенін.

### ОРАЛУ ЖЫРЛАРЫ

Түзілген кілең қайғы-қасіреттен,  
 Бабамның жолы күдір басып өткен.  
 Әуелі Алла, одан соң елге мадақ,  
 Отанға оралуды нәсіп еткен.

\*\*\*

Шаңырағым тағымның мұрагері,  
 Туды Алаш заманының қыран ері.  
 Құлақ түріп үніне келдім аңсап,  
 Тұлпар мінез күтіп ал Тұран елі.

Парағында жабылып «сары» дәптердің,  
 Жақсысы жаманымен қалды өткен күн.  
 Жат аспанның астына жалғыз симай,  
 Шаңырағым аспаным бар деп келдім.

Артқа тастап барлығын қанды өткелдің,  
Егемендік бесігін тербетті елдің.  
Тастап келдім емшектес ет бауырды,  
Одан да артық жекжатым бар деп келдім.

Шүршіт бардым, тау астым қалмаққа ердім,  
Өлмеу үшін әр талды қармап көрдім.  
Тастап келдім тулақтай туған жерді,  
Ұлан байтақ өз жерім бар деп келдім.

Қалды хатта таста да бармақ белгім,  
Несібемді әлемнен шарлап тердім.  
Басқа ұсынған алданбай алтын таққа,  
Көсілетін өз төрім бар деп келдім.

Қыдыр дарып жолым бар хақ оңдаған,  
Маңдайына елім бар бақ орнаған.  
Құшақ жаяр шүкірлік ағайын бар,  
Есігім бар ашылар ақ ордадан.

Көк жигі ұласқан көк теңізбен,  
Көк таулары серегін көкке емізген.  
Ырзығымды тергелі келіп тұрмын,  
Асан бабам желдіртіп өткен ізден.

Жыртығына жамау сап кетпен жыртқан,  
Жер ананың жүрегін көктем жылтқан.  
Тағдыр берер маған да несібесін,  
Қызыр бабам қонақ боп кеткен жұрттан.

Көмкерілген қыртысы мақпал зермен,  
Құлан жортып қырында аттар желген.  
Бір қасиет бойыма дарыр бәлкім,  
Әулие бабаларым жатқан жерден.

Тоғайымда сала алмай шалқытып ән,  
Алды-күңгірт күн кештім арты тұман,  
Қалған болар маған да бірер тамшы,  
Баһадүр бабалардың сарқытынан.

Төр жайлауым Отаным кең сарайым,  
Бір атыңа арқалы ер салайын.

Ата бабам көтерген Шаңырақтан,  
Мұратыма жететін енші алайын.  
Көздерін жас, шылаған тер самайын,  
Құшағыңа құлайын келші ағайын.  
Қуаныштан бойыма қанат бітіп,  
Тай үстінде тұлпармен тең шабайын.  
Қазағымның бауырмал даңқыменен,  
Жаңғыртайын көк жүзін жер сарайын.

\*\*\*

Бір күйі домбырамның Ел табысқан,  
Тұратын қос ішегі тең қағыстан.  
Осы күй басыр болған көздерді ашып,  
Осы күй құлақты ашқан жел қарысқан.

Ағайын ағайынмен араласқан,  
Келмеске күндер кеткен араны ашқан.  
Ел көшіп көз алдында жатқанменен,  
Шақ емес әкесінен бала адасқан.

Болғанмен келімсектің көңілі ала,  
Қазақтың жүзі қартаң жаны бала.  
Болғанмен қозғалыс көп ірге тыныш,  
Уайым қара бастың қамы ғана.

Қария ақ батаңды айт ойланып,  
Жатады күнде әр үйде той тойланып.  
Мамық төс мамыражай мұндай дәурен,  
Басыңа келе бермес қайта айналып.

\*\*\*

Ұлы Алтайдың басынан ел көшкені,  
Азап сордан мың жылдық белгі өшкені.  
Табанымен таптаған ата-жаудың,  
Жамбасының астына шөңге өскені.  
Ордаға бас болғаны отыздағы,  
Отауға ие болғаны он бестегі.

Қастан қайтып бабамның кек пен құны.  
Таққа қонған өзінің шекпенді ұлы,  
Кеңге жайған тамырын байтақ елдің  
Еркіндікке қолының жеткендігі.

Қаулап өсіп Алаштың еккен гүлі,  
Ордасына бет алған шеттен мыңы.

Ата-баба аңсаған ұлы арманы  
 Ұрпағына бақыт боп жеткендігі

Құдайға айтқан қабыл боп құрбандығы,  
 Жер сілкіткен халқымның думанды үні.  
 Түбіріммен орнымнан қопарылсам,  
 Ай мен күнім оңымнан туғандығы.

\*\*\*

Енді кім ел болғанын мақтан қылмас,  
 Бақытқа басыңдағы шаттан құрдас.  
 Атадан қалған малдан енші беріп,  
 Монғолдай көшін ешкім аттандырмас.

Қыз бала серуендеп қырда ән салып,  
 Қаз мойын қас тұлпарда ұлдар шауып.  
 Қазақтай қарсы ала алмас көшін ешкім,  
 Үй тігіп боз қасқадан құрбан шалып.

Тосыннан дүниеге дүбір кірген,  
 Жамиғат бостандықтың құнын білген.  
 Ұлы көш аруақты көрден қозғап,  
 Ұлы көш жатты жаннан түңілдірген.

● \* \* \*

Ата мекен төріне ел жеткені,  
 Шақырғаны елімнің кел деп төрі.  
 Алты күнде жетілген жас алыптай,  
 Бұлқынғаны елдігім жөргектегі.

Көгімде ойнап байрағы төл кептері,  
 Қолдағаны тәңірім жер көктегі.  
 Келіп жеткен бостандық дүбірінен,  
 Бас сауғалап қашқаны жендет, бөрі.

Ел аспанын шаттықтың торлап әні,  
 Маң даланы кезеді шөл, даланы,  
 Арқаменен Алтайдың арасына,  
 Алтын көпір ғайыптан орнағаны.

Жүрек тулап тамырда қан ысуы,  
 Ел бойына жайылып намыс уы.  
 Екі-үш ғасыр бөлініп кеткен елдің,  
 Шұрқырасып масайрап табысуы.



Ақ боз үйдің желкілдеп түндіктері,  
Көңілге бу арыққа шыр біткені.  
Көк аттыға көрінген есігі ашық,  
Жаны жайсаң қазақты сын күткені.

\*\*\*

Қазағым қалды кіндіктес,  
Монғолым қалды түндіктес.  
Алтайдың тастап құздарын,  
Арқаға қарай бұрдық көш.

Қағажу көрмей тірлікте еш,  
Тоқтыққа мәз боп ұрдық төс.  
Бес күндік мынау жалғанның,  
Алдамшы екенін білдік кеш.

Көңілдің торлап көгін бұлт,  
Алыста қалды өңір құт.  
Ағайын туыс жекжаттан,  
Қимайда қимай бөліндік.

Сүйсіне қарар жат, таныс,  
Еліңе келу мақтаныш.  
Алысқа бізді әкеткен  
Заманнан туған қатты ағыс.

Алла оңдап басты ағына іс,  
Басыма қонды бақ, ырыс.  
Ел жерге деген бірақ та,  
Сарқылмай қойды сағыныш.

### **КЕРЕЙ КӨШІП КЕЛЕДІ**

Керей көшіп келеді, керей көшіп,  
Жол ашылды, кіретін кеңейді есік.  
Жөргегінде мәпелеп өгей бесік,  
Жерге сыймай ұрпағы көбейді өсіп.

Керей көші бетке алды Сарыарқаны,  
Саумал көлі қарсы алды, самал таңы  
Ағайынның арасын бөліп тұрған.  
Шекараның үзілді ала арқаны

Тарихтан жаңғырды көне парак,  
Алдарынан кетпеген төре табақ.  
Түрткісімен тағдырдың алыс кеткен  
Шаттан қазақ, оралды он екі Абак

Ұлттың бойға сақтаған зерде тілін,  
Келді сылқым серісі жер бетінің.  
Жеті жұты зорлықтың ойсыратқан  
Біз арқылы толады кем-кетігің.

Егемендік ел көші ән арқауы  
Қуаныштың жарылды жанартауы,  
Елу жылда жаңалап керей жұртын,  
Жүз жыл сайын қазанын жаңартады.

Бөркін атып аспанға алдын-ала.  
Аунап түсті тарих «кәрі ғұлама».  
Жерге аяғын тигізбей әкетті оны,  
Құшағына сіңіріп Арғын аға.

Ел тағдыры ерге сын, анаға жүк,  
Келер ұрпақ солардан алады азық.  
Шыққан жері көшімнің шар-тараптан  
Мәңгі тұрақ атажұрт Аба қазық.

\*\*\*

Аузымнан шыққан сөзім тоспасыз оқ,  
Оралдым отаныма көш басы боп.  
Бойымда арам қанның талшығы жоқ.  
Тілімде бөтен сөздің қоспасы жоқ.

Құптасын мейлі жұрт құптамасын,  
Адалдан жиған мүлкім, тұтқан асым.  
Қаз дауысын, қасиетін келдім алып  
Қазыбек, Малайсары түп нағашым.

Өзімді күдірейтпен аса мақтап,  
Әкелдім тіл, дінімді қоса баптап.  
Еліме баба арманы егемендік.  
Оралған бізбен бірге босаға аттап.

Іш мерез болды аңдып тасады атпақ,  
Табансыз көшті кері бос алақтап.

Ағайын хан көтеріп, жолымызға,  
Жаймасын көңілінің төседі аппақ.

Бұл күнде Батысыңнан озды-ау Шығыс,  
Естілді алғы шептен өз даусымыз.  
Мақтанам мен өзімнің сапарыма,  
Бола алған Ұлы көшке қозғаушы күш.

### ҮНДЕУ ӨЛЕҢ

*(шетелдік қандастарыма)*

Әлемдік шыңға өрледі бет-беделім,  
Жайқалып елім еккен көктеді өрім.  
Отаннан несібесі бөлінбеген  
Құлақ сал жан даусыма шеттегі елім.

Самғатқан қырандарды көкке айлағым,  
Төбемде желбіреген көк байрағым.  
Жаһанның бірлігіне ұйтқы болған  
Астанам аба қазық ат байларым.

Арқадан егіз Есіл қатар ағып,  
Орнады ортасына шаһар алып,  
Жерімнің тасына да тамыр бітті  
Бабамнан қалған құтпен бата дарып.

Саралап саф алтынды, ой тереңін  
Аз жылда шар тараппен бой теңедім.  
Шеттегі қандасыма қол бұлғап тұр.  
Күн шашақ алтын бұтақ Бәйтерегім.

Басында қауқылдасып той төбенің  
Ұлтыңның ұрандата айт өлеңін.  
Бөтеннің батпағына батып кетпей.  
Тұрғанда рухың аман қайт, өренім!

Сақтай біл өз ортамда салтымды асыл,  
Жұмылып жұдырық боп даңқымды асыр,  
Адасып шетте қалмай отанға орал  
Орнады Алашыңа алтын ғасыр!

## ҰЛТТЫ СҮЮ

Қамы емес қара бастың ойлағаным,  
Шырқайтын қазақ әні тойдағы әнім.  
Сөз қозғап, қазақ деген намысымды,  
Тулайды қазақ десе бойда қаным.  
Доп қылып басымды Алла мың тепседе,  
Қимаймын өмір атты ойын алаңын.

Жамылдым қиялыммен бұлт жібегін,  
Жылтамын өлеңіммен жұрт жүрегін.  
Жазықсыз ұлтын сүйіп жапа шеккен,  
Жақпаған бөтен жұртқа ұлтшыл едім.

Сұсынан бабам ығып, оқ, қанжардың,  
Уы бар таңдайымда татқан зардың.  
Ұлтымның табанына кірген шөгір,  
Меніңде маңдайыма батқан жанмын.

Қазада жұртқа толып қабір басы,  
Шақырған, дұғаменен, сабырға асы.  
Жатқанда Отандағы ел жапа шегіп,  
Қайысқан шеттегі елдің, қабырғасы.

Демеймін отызымда орда бұздым,  
Болмады басымда ерік, қолда тізгін.  
Алыстан желтоқсанды естігенде,  
Тістедім бармағымды, қанға қыздым.  
Аядым қыршын кеткен боздақтарды,  
Көзімнен қан аралас көлді ағыздым.

Сұмдықтың жылан, шаян, бақасы өріп,  
Қор болды қайран сөзім атасы өліп.  
Жас төктім Қытайдағы қалың қазақ,  
Жатқанда аштық көріп, жапа шегіп.

Шашылған ұлтым үшін тарыдайын,  
Қайғының белден кештім сары лайын.  
Күткенмін Алашымның аспанынан,  
Нұр шашып туатұғын жарық айын.

Қанындай қанымды арнап қасқалдақтың,  
Тәңірден тілек тілеп жас парлаттым.

Келгенде ел жұртыма Егемендік,  
Бөркімді шаттанғаннан аспанға аттым.

Ашқанда атамекен кең қақпасын,  
Бұрғамын алақайлап елге ат басын.  
Қалдырып кіндік жұртты, зираттарды,  
Құштым кеп, топырағын кенді ақ тасын.

Ел болдық бар әлемге белгілі аты,  
Бейбіт күн құрыш бірлік ел мұраты.  
Ұлтшылдық, бойымдағы отаншылдық,  
Бабамның қанмен жазған мөрлі хаты.

\* \* \*

Өтті өмір бір күн жылдам бір күн шабан,  
Білім алдым жеткенше жылтым ,санам.  
Бөтен елде жырақта жүрсемдағы,  
Қызмет еттім ақ адал жұртым саған.

Аға буын арқылы елім деген,  
Айналмадым қаңбаққа жел үрлеген.  
Арамызға түскенмен темір құрсау,  
Руқымыз халықпыз бөлінбеген.

Алда болар жол сілтеп жайттарға анық,  
ТҰРАП ақыл ұлт едік айтқан барып.  
Алматыда оқыған әр түлекке,  
Қазақстан қасиет қайтқан дарып.

Іздеп барып алыстан АБАЙ, ШӘРІП,  
Мектеп атты оятқан сарай салып ..  
Арылып ед надандық құрсауынан,  
Кеуделерді ақ шапақ арай шалып

Сауат ашып аз жылда өнеге алып,  
Дүр сілкініп өзгерді көне халық.  
ҚОРДАБАЕВ , мектептің біз оқыған,  
Ірге тасын қалапты шеге қағып.

Нәубетпен «жұт»басына қатар келген,  
Көшпелі едім, теңестім шаһарлы елмен,  
Жатты ата –жұрт жырақтан тәрбиелеп,  
Шет қалтырмай, өркеннен жаһанға енген.

Ағаларым асқар тау алдымда айбар,  
Ағыс алдым солардан балғын қайнар.  
Алматының білімдар түлегі еді,  
Пірлерім Имашхандар,Арғынбайлар.

Таудай талап бойдағы арлан намыс,  
Жетеледі қиянға арманға алыс.  
Көшін сүйреп жырымның келеді әлі,  
Шабдарбаймен,Кәкейден алған дәріс.

Өткенді еске ап өтемін сағым көлден,  
Кіл жайсаңдар шәкіртпін тәлім берген.  
Ата жұрттан жететін әр ақпарат,  
Тылсым жіппен жалғаған жанымды елмен.

Шекараның қалғанда жолы бекіп,  
«Шалқар»жеткен ауаны көлік етіп.  
Әнуарбек ағаның қоңыр дауысы.  
Жүректердің орныққан төріне өтіп.

Өнер толған ел іші құнарлы бақ,  
Жеміс терген тірнектеп ұғар құлақ.  
Туған елдің жолдаған сәлеміндей,  
«Жұлдыздайын»жететін тұмарлы хат.

Қанның қанға түбінде тартары анық,  
Елдің даңқын көтердім қарқара ғып.  
Аламанда қазақтың атағы озса,  
Тақым қысып қалушы ек арқаланып.

Сәлем жолдап «Алатау» Хантәңірден,  
Туыстығым шырмалған қан тамырмен.  
Бодандықтың жатсада бұғауында,  
Бауырына туған ел тарта білген.

Бөлінгенмен екі елдің іргесі ептеп,  
Ата жұрттан қалмадым мүлде шеттеп.  
Отандағы қандастар тағдырымен,  
Өзімізді өскеміз бірге есептеп.

\*\*\*

Туыстық бір-бірінің тегін елеп,  
Табысып сағыныштан еңіреп ек.  
Оятқан бауырмалдық ұлт рухын,  
Алдыңғы келген көштің жөні бөлек.

Қолтықтан ағайынның қолы демеп,  
Болатын бізге деген көңілі ерек.  
Таза тіл,пәк дәстүрін еліне еккен,  
Алғашқы келген көштің жөні бөлек.

Енгізіп тарихқа соны дерек,  
Жайғасқан ата жұрттың төріне кеп,  
Елі үшін азды-көпті терін төккен,  
Алғашқы келген көштің жөні бөлек.

**Оралман емеспін мен отаншылмын!  
(немесе ағайынға наз)**

Тау еді төрт құбылам, төбеде аспан,  
Тастағы жазулары көне дастан.  
Төсінде жеті атамның басы қалған,  
Туған жер жерұйық жоқ сенен асқан.

Қыз бетін келін болған өлең ашқан,  
Жанымның қуаты елден, қорегі астан.  
Шақалақ шаранамнан шайқап алған,  
Туған ел - ана барма сенен асқан.

Жерінде болмаса да майлы құнар,  
Мөп-мөлдір өзен,көлі, айдыны бар.  
Алтыннан мол қазына жимасам да,  
Ер едім мыңғырылған байлығы – мал.

Төгетін ақ қағазға түнде сырын,  
Тербеткен ақын едім жыр бесігін.  
Жинап ем көмейіме әннен байлық,  
Жинап ем шежіреден тілге шырын.

Терезем жұртпенен тең, тең есебім,  
Мінбедім жарлылықтың көк есегін.  
Жолыма бола алмады ол да бөгет,  
Еш кенде сый-атақтан емес едім.

Киелі, әулиелі қорым-тамым  
Текті еді үміт артар өрімталым.  
Санаулы жақсылардың санатында ем,  
Бар еді төр басында орын, тағым.

Ер едім ел деп туған арым биік,  
Жаралған ұлтжандылық қанымда ұйып.

Аңсарым атажұртқа ауған шақта,  
Жолына кете бердім бәрін қиып.

Оралды жеті ырысым жеті өрістен,  
Дәуірге қостым үлес жетелі іспен.  
Ел басы сөзін құптап шеттен келіп,  
Ұлтымның ұран туын көтеріскем.

Қалт етпей, тұрған шақта жел терістен,  
Қымтанып жатқан жоқпын көрпені іштен.  
Елімнің тәй-тәй басқан өркеніне,  
Шаттанып гүл егісіп тер төгіскем

Киелім тарлан тарих ақ бас өнер,  
Шымшықтай жүрегім бар хаққа сенер.  
Қандайда іс атқаруға дайын едім,  
Қолымды ішмерездер қақпаса егер.

Бастарын ұрып тасқа, ұрып тауға,  
Түссе де қысқа күнде қырық дауға,  
Ағайын «оралман» деп атап кетті,  
Сөз таппай өз қандасын ұлықтауға.

Адалын, қорқау сорып сүт астығын,  
Өткеннің көрген елміз жұт, аштығын.  
Қазақтар өзін-өзі бөлшектесе,  
Бұл елдің кім сақтайды тұтастығын.

Болғанда қазақ анам қазақ әкем,  
Қазақтың туғаннан-ақ азаматы ем.  
Ала алмай төл құжатты он жыл күттім,  
Олдағы білген жанға жазаға тең.

Бәрінен аман өтіп қатал сынның,  
Бауырына ендім Абай, Шоқан –шыңның.  
Мал-жанын ел, жері үшін құрбан еткен,  
Оралман емеспін мен Отаншылмын!-

\* \* \*

Тұрған дәнім сілкінді күрмек өсіп,  
Қалған асыл, жанданды ділден өшіп.  
Түбі түркі сиынған көк тәңірде,  
Көшімізбен келгендей бірге көшіп.

Бейбарыстай көш басшым қамал тұлға,  
Сақта оралды оранған саф алтынға.



Астанасын жас елім жаңартуда,  
Жас қазақтың күн санап саны артуда

Өз анамыз Қарашаш, Тұмарханым,  
Иеленді алты арыс Тұран тағын.  
Көшімізбен оралды Халифа Алтай,  
Сөйлей келді қазақша құран кәрім.

Қара жерге қағылып тас қадалар,  
Жас өскіндер, қаулады жас қалалар.  
Тайдай тулап балығы қайта оралды,  
Зұлымдықтан жиіркеніп қашқан Арал.

Қанып ішкен бал уыз сүт тұмадан,  
Қырық шілтен кеп жетті Түктібабам.  
Көшіменен әкелген бар киені,  
Отаншылдар қадамы құтты қадам.

#### Өзім жайлы

Қолға қонған өмірден күткеніміз,  
Қазақпыз ғой шалқыған құт, кеніміз,  
Бұл күндері әлемді дүр сілкінткен.  
Түркі болар кім десең түп –тегіміз.

Жіберген жоқ жерінен қуып ешкім.  
Дүрмегімен оралдым ұлы көштің,  
Күлтегімен, Тоныкөк жатқан жерде .  
Кіндік кестім кір жудым туып өстім.

Қаһар, сұсын қайтарған жау бетінің.  
Орта жүз Ақ найманның әулетімін,  
Өзімсініп жүргеннің өзегімін.  
Бауырым –деп жүргеннің бауыр етімін.

Тарқар енді сан жылғы мұңмен шерім,  
Қанар бәлкім сусаумен жүрген шөлім.  
Бөтен көзбен қарама, заман бөлген,  
Менде сенің құрамдас бір бөлшегің.

\* \* \*

Төр Алтайдан ел ауып Марқа көлден,  
Керейге еріп бабамыз тарта берген.  
Қытайдың жерінде өліп үш атамыз,  
Буыршын, Көктоғайда торқа көмген.

Сүт берген су сұрасаң сорпа берген,  
 Монғолдай дәмдес болған дарқан елмен.  
 Бұл жерде ғасыр астам өмір сүріп,  
 Тағдырдың тас емшегін ортақ емген.

Тауынан ұлар ұшып арқар өрген,  
 Жерімнен бөлді, сызық ортаға енген.  
 Тигенде өз тізгінім өз қолыма,  
 Ұрпақпын ата мекен Арқа келген.

\*\*\*

Бізді қашқын сені кім табанды дер,  
 Кімдердің кім боларын заман білер.  
 Бодан болдық мен Монғол сен Орысқа,  
 Бауырым-ау жайың жоқ маған күлер.  
 Қорқақ күшік қалмаса қоранда үрер,  
 Қотыр тайың қалмаса балаң мінер,  
 Тақыр тері қалмаса табанға ілер.  
 Туысыңды аштықтан тыржыңдатып,  
 Жұтып жатса, қара жер, қараңғы көр.  
 Отан түгіл, жан төзбес нәубет келсе,  
 Шыбын жаннан үзбей ме адам күдер,  
 Көктен жерден жауса ажал, саналы ұрпақ,  
 Елдің тозған тағдырын содан білер

\*\*\*

Келген жерім Сәкеннің Сары арқасы,  
 Есен ,Нұра қос өзен сән алқасы.  
 Топырағында ақынмен батыр туған,  
 Серілікпен ерліктің табан тасы.

Қала көшкен көрсемде алдыңғы елді,  
 Шалқар дала қимадым шалғын белді.  
 Кәсіп іздеп еш жаққа көшпегенім,  
 Нағыз қазақ қалпымда қалғым келді.

Сарыарқаға бектіп мәңгі іргемді,  
 Там тұрғызып моладан салдым белгі,  
 Үйде туып түзде өлген атам қазақ,  
 Түзден күтіп бақиды алғым келді.

## Жат жерде

Қуатты ер болсаңдағы қарыс маңдай.  
Қауқарың кісі елінде қамыс, талдай,  
Мысықтай тырнақ күшің болсадағы.  
Айбарың өз елінде арыстандай.

Үміттің жіптерінен өрмек керіп.  
Бақ таптым Отан – деген жөргекке еніп,  
Еліңнің пейілімен берген суы.  
Сімірген балменен тең шөлдеп келіп.

Еліңнің алға тартқан сый табағы,  
Теңдессіз жанға дауа шипа дәрі.  
Тең келер жат жерде алған марапатпен  
Ағаңның маңдайыңнан сипағаны.

Туған ел сағындырар шын зар қылып,  
Бөгде елде күн кешеді мырзаң бұғып.  
Байлығың жұрттан асып жатқанменен.  
Кетпейді көңіліңнен бір жарлылық.

Бір өксік қылғындырып көмейді езген,  
Еріңді жағымпаз ғып теңейді езбен.  
Өтседе бірнеше атаң бауырына еніп.  
Өгей жұрт қарайды ылғи өгей көзбен.

Сөйлесең көмеіңе құм кептеліп,  
Тартасың жалған езу дүрмекке еріп.  
Орынын туған елдің баса алмайды,  
Жатсаңда шен-шекпен ап құрметтеліп.

Көретін өміріңде аз сейіл-сонар.  
Барасың қандай да іске бұйырса олар.  
Жүрсеңде таққа отырып сұлтан болып.  
Тек қана жандайшапсың сойыл соғар.

Сен үшін іздемейді бес қаруды,  
Көсеумен қол күйгізбей шашқан уды,  
Өзіңе өз итіңді айдап салып.  
Меңгерген жан қинамай басқаруды.

Қамқор аз әділдікпен беретін бал,  
Құлақ көп арызыңды жүре тыңдар.

Отанын жан пида- деп қорғасаңда,  
Ісінді көз бояудай көретін бар.

Жат жерде еңбегің еш сорың басым,  
Өтеді іштен жылап өрім жасың.  
Талантың тауды бұзып жатсадағы,  
Бағалауда екінші орындасың.

\*\*\*

Бірінші көш майлы көш,  
Екінші көш жайлы көш.  
Ат-көлігі сайлы көш,  
Көшер біраз қорлы көш,  
Қарындары қонды,мес,  
Жұрттан көрмес қорлық еш.  
Дәулеті жетер жолға әрең,  
Жүгі қоржын дорбамен.  
Көшер тозған сорлы көш.  
(Бақсының болжамы)  
Жұрт жаңаша қоғамға бейімделген,  
Азамат аз туысқа пейіл берген.  
Еларалық тап болған сергелдеңге,  
Көшке жаным ашиды кейін келген.

\*\*\*

Шартараптан ағылып көш келеді  
Кіндік жұрттың есінде қош дегені.  
Түскен басын саудаға, сатып алып,  
Қоржын сүйреп қазекең бос келеді.

Мақтап айтқан бөгденің сөзі сыйдай,  
Туған жермен туысты көзі қимай.  
Түбі зілді дұшпанның қысымынан,  
Көшуде,өз жеріне өзі сыймай.

Есі шыққан көңілдің көп алаңы,  
Ел бұзылған кім тоқтау бола алады.  
Болмағанмен ақ табан шұбырынды,  
Жол азабы соған тең зобалаңы.

Келешектен түңіліп ел ыққандай,  
Жиған дәулет еріген көбік қардай  
Жаралғаннан зымиян шүршітпен, сарт,  
Кетер қызды жібермес керіп қалмай.

Бағаланбас құлменен тайдың күші ,  
Буымен-ақ басады байдың мысы.  
Оқпен отқа төсейтін арзан күштен,  
Кімнің келер оп-оңай айырылғысы.

Жиылғандай қорқаулар одан бұдан,  
Кеден сайын қайтады көр алдынан.  
Шығыс жақта талайды көшкен көшті,  
Жол жендеті орыстың жол аңдыған.

Жетседе елге жайы жоқ шүкір дердей,  
Қазан ұрып алдынан «жұт» ілгендей.  
Қандасыда қалтасын қағып алып,  
Оралман жүр иіні бүтінделмей.

Сараң емшек сарқылып сүтін бермей,  
Балғын гүлі солуда күтім көрмей.  
Ел басының болмаса қамқорлығы,  
Кей қазақтың пиғылы түтіп жердей.

Үкіметте қауқарсыз өкімі өтпей,  
Жүрегі жоқ ұлты үшін шөкім еттей.  
Ата жұртта қарсы алар ағайыны,  
Алаяқ қу, паракор, екі беткей.

Тірегені төбе емес жеті көктей,  
Салқынымен ұрады көкірек кей.  
Байтақ жерге тигенмен табандары,  
Көрген күні қайыршы, жетімектей.

Мәңгі қалар жат жұрттың қорлығы есте,  
Кезігеді қайдада қарыны бөшке.  
Ұран сөзге айналған нұрлы көші,  
Іс жүзінде айналған сорлы көшке.

\*\*\*

Шалқыған мағанда ортақ шаттығы елдің,  
Астанам сомдап құйған нақты белгім.  
Бүгінде жағам жайлау бақыттымын,  
Шадыман ел көркейген шақты көрдім.  
Құдайым туды бердің, тақты бердің,  
Орыны қайта толды қақты көлдің,  
Мен бүгін бақыттымын, елден ерек,  
Әлеммен терезем тең шақты көрдім.  
Алтыннан құйдым өзін аттылы ердің,  
Тағдырдан басқа қандай бақ тілермін.  
Торғайдай тозған елім қосты басын,  
Құбылам түгенделген шақты көрдім.

## Он жылдық тәуелсіздік сенің арқан

Той бүгін шаттан қазақ елі-дарқан,  
Бақ тілеп болашаққа сенім артам.  
Бөркімді аспанға атқан қуанышым,  
Он жылдық Тәуелсіздік сенің арқан.

Қазақтың ғасыры жас,жері қартаң,  
Жүзінде дәуірлердің мөрі бар тән.  
Түгендеп тарихымды жатқандығым,  
Он жылдық азаттығым сенің арқан.

Достығым ұлт аралық берік арқан,  
Астанам жүректегі зерім, алқам.  
Аз жылда бар әлемге танылуым,  
Он жылдық егемендік сенің,арқан.

Толықсып ең байлығым кеңіп арқам  
Құбылам түгенделді, толып ортам  
Шеттегі бауырыммен қауышуым  
Он жылдық еркіндігім сенің арқан

Арманмен ай жолына желі тартам  
Атады шат шадыман күліп әр таң  
Қарышты қадамменен алға аттауым  
Он жылдық Тәуелсіздік сенің арқан

\*\*\*

Жерім байтақ, жылда айланбас жортқан ат  
Зымыранда шалдығатын от қанат.  
Атажұртта иісі қазақ қауышты  
Түгенделді сегіз тарап, төрт қанат.

Өткеніме жарам куә шор біткен,  
Барлық халық сөз жүзінде болдық тең.  
Кеше біздер тату тұрдық, туыс боп  
Темір тәртіп, отты қару, зорлықпен.

Киём - бөрі,бөлтірікпен ұялас,  
Атым – Алаш, ұраны- арқар, үйі-ағаш.  
Бүгін бізді достастырған туыстай  
Дархан пейіл, мол дастархан, киелі ас.

## Төлқұжатым

Тал бойыма, орнады сенімді күш,  
Көңілдегі жайлады көлімді құс.  
Атандым Қазақстан азаматы,  
Барша ағайын құттықта, қолымды қыс.

Азаматтық құқығым, күш тірегім,  
Әділеттің күш алдым ұшқыны едім.  
Осы күнге жетуді он жыл күттім,  
Басым даумен тәлкекке түсті менің.

Айта алмадым, айғайлап, әділ шынды,  
Іштен тынып өшірдім, шағым, сырды  
Бетсіздердің алдында бетім қайтты,  
Тексіздердің алдында сағым сынды.

Салды әуреге төл құжат жайлы рәсім,  
Іздемедім жіліктің майлы басын  
Босқа шашқан үлестен, қақпайлады,  
Бейшоралар қызғанған байдың асын.

Душар болдым ұрда жық ұрт мінезге,  
Ұлым демей көрсетті, жұрт ғып өзге.  
Алақандай парақты желеу етіп,  
Нәпақамнан айырып түртті көзге.

Ат ғып мініп арманды ардакүрең,  
Жол іздедім өмірден арналы кең.  
Төл құжатым қадамың болсын құтты,  
Қол жетпеген ,сан жылғы арманым ең.

Сағат сайын елім бар сан түлеген,  
Астанамда орнады алтын емен,  
Бөлмейді ешкім, мені енді ұлт, руға,  
Құқым тең Қазақстан халқыменен.

Қуаныштан кемсеңдеп иек, ернім,  
Туын сүйдім бас иіп киелі елдің.  
Қазақ атын алуға қиналмап ем,  
Азаматтық атты әзер иелендім.

## **Тәубе етелік, ағайын.**

Көктен күнім нұр шашқан сәуле төгіп,  
Ел көңілі орнықты дәулеті өніп,  
Аз-ақ жылда ел жеткен жетістікке,  
Тәубе етелік, ағайын тәубе етелік.

Шошытпасын қара бұлт тауға төніп,  
Шаттанайық үрейсіз кеуде керіп,  
Сәби ұйқы елдегі тыныштыққа,  
Тәубе етелік, ағайын тәубе етелік.

Бір шетінен жеріңнің әулекі еніп,  
Өкше ізімен келмесін, нәубет еріп.  
Елде ұйыған уыздай ынтымаққа,  
Тәубе етелік ағайын тәубе етелік.

Ит қоспайық жақсыны жауға теліп,  
Бас пайда үшін, шуылдап дау көтеріп.  
Көйлегі көк қарыны тоқ заманға,  
Тәубе етелік, ағайын тәубе етелік.

## **Елім менің**

Шат-шадыман шалқитын келді шағым,  
Көз алдымда ойнайды зерлі сағым.  
Көкірегі көне жыр Абай дала,  
Айқара ашып қарсы алған кең құшағын.

Тағдырыма айтпайпын, енді шағым,  
Өнімде жоқ «Елім-ай» шерлі сарын.  
Теңізімде сұқсыр төс, жүзіп кеме,  
Қалықтаған көгімде желді ұшағым.

Түнде өлі сүйектен де фосфор жанып,  
Керуен тартқан құс жолы, аспан жарып.  
Шашыратып алтын таң ақ сәулесін,  
Шолпан жұлдыз көгінде шашқан жарық,

Қақыратқан кәрленсе қақпа бұзып,  
Ала жіпті көрмеген аттап, үзіп.  
Құр шықпаған диуана, қуыс үйден,  
Жыландыда қайтарған ақ тамызып.

Адалынан ақтаған ел сенімін,  
Арқалы аға көп мұнда еңселі інім.



Тыныштығын елімнің күзетсін деп  
Сақа сарбаз ұшырдым жер серігін.

Ата бабам дінмен тең, тұтқан ырым  
Жоя алмаған бодандық құт, қадірін  
Көк тәңірдің дарыған ақ батасы  
Көк түрікпен жалғасқан түп- тамырым.

Алматым Шаңырағым қалқанымдай,  
Ақ ордалы Астана хан тағындай.  
Қазақ ұлты достықтың жүрегіндей,  
Оған жалғас өзге ұлттар қан тамырдай.  
Азаматпын бақытты жан –тәнім бай.

.Жерұйықта елім бар ірге тепкен,  
Көріп әлем байлығын құрмет еткен.  
Қазықұрттың басында Нұх кемесі,  
Мың әулие қолдаған пір Бекетпен.

Тілеймін аллаға қол соза тілек,  
Қатарынан қыраным оза түлеп.  
Аруақпен тәңірді ауызға алсам,  
Түркістанда қолдаған Қожахмет

Шексіз-шетсіз еншімде алып аймақ,  
Тағдыр берген басыма абырой бақ.  
Бүкіл ханның жебеген аруағы,  
Іс атқарсам қолға алып Абылайлап.

Менен ізде билердің байсалды үнін,  
Шежіреге лық толы ой сандығым.  
Елбасымның іздесең бойында тұр,  
Дархандығын қазақтың жайсаңдығын.

Мінездің тек қызыма нәзігі тән,  
Мұнай газбен нарықта қазына ұтам.  
Жұдырықта жебеген балғын Бекзат,  
Күрескенде қолдаған Қажымұқан.

Алтын шашақ күніміз көктен сүйіп,  
Басым жерге тәу етем жеткенше иіп.  
Пейілімнің нышаны Тайқазанда,  
Бар несібем байлығым кеткен сиып.

Қанып ішіп тау барсам бал тұмадан,  
 Табиғатпен сырласып шалқып алам.  
 Қалалармен құм басқан молалардан,  
 Мол байлықпен табылған алтын адам.

Қазақпын құмай, тазы, қаршығалы  
 Талмай жеңген азапты нар шыдамы.  
 Отырардай құм басқан тарихының,  
 Парақтарын бітпеген аршып әлі.

Жылдамдықпен ғасырдың өрлеп шыңын,  
 Байлық таптым бірліктен шәрбат шырын  
 Қаныш тапқан алтынның буыменен  
 Кенттерімнің түзедім келбет, сынын.

Мұнай қайнап Ақтауда ұңғылардан.  
 Өткір «маяк» Каспийде түнді жарған.  
 Қытай жаққа түтіктер май тасуда,  
 Жеті қабат жер астын ін қып алған

Төге салған жаратқан мұнша ырысты,  
 Күміс қанат аққулар сыңсып ұшты.  
 Торсық шеке, тоқ кеуде, шашақты күн  
 Нұрға бөлеп өрлеген күн шығысты.

Туы - намыс ұлтымның, ырысы – иман.  
 Алла тартқан құр қалман ұлы сыйдан.  
 Домбыраммен, қобыздың шанағына  
 Он сегіз мың ғаламның үні сыйған.

Май қыртысты жерім бар кенді құрсақ,  
 Елім үшін күш төгем терді жұмсап.  
 Бұл бақытқа Аллама мың тәубе-деп,  
 Шағым келді шалқитын енді бір сәт

Шартараптан құйылып көшім келген,  
 Еркелерміз жиылып Есілді емген,  
 Бәйтеректің саялап көлеңкесін  
 Сарыарқаның жас қалам, төсінде өрген.

Тал бойымда мінез бар балаға тән,  
 Ауызымда Майқы тіл, дана мақал.  
 Қазақ жері Меккем мен Жерұйығым,  
 Қазақ елі Хауа ана, Адам атам.

## Дала

Сүйенген көлігіне жалды арқалы,  
Саймасай шаруаға арба,арқаны,  
Даланың шын табиғи болмысындай,  
Албырт жас адал сәби аңғал кәрі

Шаңырақ панасының шар қалқаны,  
Үй төрі мейман досқа мәрмар тағы.  
Сүті бал сүмесі май төрт түлігі,  
Қазақтың тірлігінің қармар талы.

Толқыған теңіздейін дәнді алқабы,  
Төгілген жел «үп» етсе маржан тары.  
Шөбінен жүз мың түрлі дәрі жасап,  
Емдеген қымызбенен сал, маңқаны.

Үкілі зерлі бөрік сәнді алқалы,  
Кім сүймес сертке берік жан қалқаны.  
Кететін ат үстінде тұлғаланып,  
Саф алтын сауыт киген сардар ханы.

Қыстауы сахараның жал барханы,  
Қосылып жайылатын малға арқары.  
Жайлауға көшкенінде қала берер,  
Бұлдырап көз ұшында балбал тамы.

Далада кіндігінің тамған қаны,  
Жастықтың табанының қалған табы.  
Бұлтты айдап қара түнек түнді түрген,  
Атқанда рауандап шамдал таңы.

## Аналар

Аналар тіршіліктің зеңгір көгі,  
Ақылмен қоғам құрған белді, іргелі.  
Зерденің сан құпия кілтіменен,  
Шеше алған түйткілдерді ең күрделі.

Аналар махаббаттың мөлдір көлі,  
Мөріндей адалдықтың торғын меңі.  
Жігіттің барыс кеуде,қызға арналған,  
Ақ қамал жүрегінің төр мінбері.

Ақ жалау көйлектері кең бүрмелі,  
Қауырсын, желкен сынды желді үрмелі.

Әр үйдің шаңырағын тұрған тіреп,  
Аналар бақ ұйытқысы ел діңгегі.

\*\*\*

Қара зер ғой жұмырлап бұрымы өрген,  
Кеседі оны шайтанның тіліне ерген.  
Жаулық орап басына тілек етсе,  
Пері түсіп аспаннан, пірі келген.

Иман жүзбен қарсы алған жылы реңмен,  
Тәрбиеден аналық шырын емген,  
Сұлулықтың бар жеті кереметі.  
Қазақ қызы солардың біріне енген.

Өтті ғасыр қазақты санға бөлген,  
Асылдарын індеткен шаңға көмген.  
Ірілері айдалып ит жеккенге,  
Нысанаға көзделіп ардағы өлген.

Келді ғасыр еңселі ордаға енген,  
Табыстырған, отанмен орман елмен.  
Аймен күнін туғызып оң жағынан,  
Пейіліне қазақтың алла берген.

### **Азат күнге тағзым**

*(Еліміз Тәуелсіздігінің 15 жылдығына)*

1

Қайран менің қазағым, қалың елім,  
Тәлкек етті жағаңнан алып өлім.  
Құдай өзі көбірек қараспаса,  
Ұлт болудан мүлде сен қалып едің.

Құрбандыққа өздерін шалып ерің,  
Қара түнді серпіді, жарып өр үн.  
Желтоқсанда жастардың даусыменен,  
Ата киең оянған «кәрі бөрің».

2

Жерұйық жау шапқанда жеті өрісін,  
Жан берген жарты қадам мекені үшін.  
Көк тулы, қыран қанат егемендік,  
Бабалар төккен қанның өтемісің.

Тауларым түйе өркешті, теке түсін,  
(Аралап ну орманның кетем ішін.)  
Қанатты қос пырақты егемендік,  
Өзеуреп, өлгендердің өтемісің.

Бал бұлақ ақ күмістен, шекелі шың,  
Отаны саяхаттың шет ел үшін.  
Үш жүз жыл ұлтымды езген отарлықтың,  
Мысқалдай болсаңдағы өтемісің.

Аламын сенен тыныс, шырын қорек,  
Шырқаймын шаттық жырын құбылта ерек.  
Атылған ақтаңдықта боздақтардың,  
Оралған рухысың, құнын төлеп.

Қыранға қонар биік тұғыр керек,  
Қырық пір берген елміз, Қыдыр көмек.  
Ұлы Отан соғысында өлгендердің,  
Сен келген шұғыласың құнын төлеп.

Алаштың азбан құлға ұлын теңеп,  
Талады, темір азу зұлым төбет.  
Қырылған желтоқсанда боздақтардың,  
Жеңісі, келген Бақсың құнын төлеп.

Өмірде көрмегенім бар ма менің,  
«Елім-ай», «Заман-ай» деп зарлады елім.  
Төккізген бабалардың қанды жасын,  
Тілеген ұрпағына арманы едің.

Шағымда буын қатып бел бекіген,  
Жайдымда хан сайладым төрге кілем.  
Құтылдым сан ғасырлық бодандықтан,  
Алаштың атын жояр жер бетінен.

Түтінім түзу ұшқан әр мұржамнан,  
Ақ жүзі барша жұрттың балбұл жанған.  
Азабын өткен күннің ұмыттырып,  
Азат күн ақ түйенің қарнын жарған.

Отанның ұлан байтақ текті егесі ем,  
Оралды бақытымның кептері есен.  
Азаттығым арқылы қайтарылған,  
Тарихта тағдырға кеткен есем.

\*\* \* \* \*

Оралған жыл құсындай баласы аңсап,  
Орнаған төскейіне қала самсап.  
Алланың бұл күндері назары ауған,  
Қазақтың шаттықтан тұр даласы ән сап.

Далаға қобыз-сезім домбыра-тіл,  
 Жиналған шанағына қорлы нақыл.  
 Бәйтерек бой көтерген шың еңселі,  
 Қалаған ірге тасын алғыр ақыл.

Ұл-қызым білім құмар арлы батыл,  
 Қолында техника жанды батыр.  
 Бидайдың самал соқса мұртыменен,  
 Күледі миығынан дәнді дақыл.

\*\* \* \* \*

Мойныма қамыт, дорба іліп,  
 Кедейлік көрді тор құрып.  
 Байлықтың кірін жалатып,  
 Ұстамақ болды қор ғылып.  
 Арыстан жүрек намыстың,  
 Бетіне шашты борды үгіп .  
 Бақыт боп қонды қолға үміт,  
 Жақсыдан сайлап төрге ұлық.  
 Жиделібайсын жеріме,  
 Ордамды нықтап қондырып.  
 Жүрегім нық боп орнығып,  
 Еншіме тиді мол мүлік.  
 Өзімнен туған нәресте,  
 Көшімді бастап жол біліп.  
 Қондыны шалдым жонға ұрып,  
 Асауға салдым қом,құрық.  
 Атаның айтып батасын.  
 Үйреттім жасқа жөн ғұрып.  
 Жағамыз жайлау шақ келді,  
 Жарлымызғада өң кіріп.  
 Арылып бастан сор былық,  
 Көңілде мұздақ тоң жібіп,  
 Шебімді батыл қорғаған,  
 Арыстан жүрек өр жігіт  
 Жанымның сырлы сандығы,  
 Сандуғаш сазға толды лық.

### **Елбасына тағзым**

*«Қырық кісінің ақылы ханда болар»  
 (Халық нақылы)*

Жау тілеп, ұстамай-ақ сүңгі, сырық,  
 Жібержен төбемізден түнді ысырып.

Маңдайға тағдыр берген тұңғыш ұлық,  
Ақылы Нүрекеңнің мың кісілік.

Жасаған әр ісінде ерен ерлік,  
Хан тұлға, мінезінде төре кеңдік.  
Болжайтын алты қырдың арғы жағын,  
Көзінде данышпандық, көрегендік.

Келте емес, шешеді істі көлемді ойлап,  
(Ыстық қан оны сүйген денемде ойнап)  
Қиялдың қанатымен аспанға ұшып,  
Кетеді теңіздерге терең бойлап.

Тілінен бал аралас лағыл тамған,  
Шексіз ой, еншісінде дарын, талғам.  
Сәулетші көкірегі жаннан асқан,  
Суретші кем соқпайтын Әбілханнан.

Тау сынды «жеті жұттың» желін қаққан,  
Жан емес құр қолпаштың зерін таққан.  
Қаныштай көкіректің көзіменен,  
Жеті қат жер астының кенін тапқан.

Мүмкін кеш, мүмкін ерте мойындалар,  
(ол жайлы жүрегім де, ойым да адал).  
Білекте Қажымұқан палуандық,  
Қабанбай ержүректік бойында бар.

Қинамас жабы мініп бекерге өзін,  
Шабыттың құрықтаған сетер бозын.  
Көргенде әншілігін, ақындығын,  
Сегіз қыр, серілікке жетер көзің.

Туыстай тату еткен көршілермен,  
Әр елден күніне сан елші келген.  
Оралтып Отанына шеттегі елін,  
Үй тігіп өз қолынан енші берген.

Ант берген Алласына Құран алып,  
Шын сүйген ата мирас, мұраны анық.  
Ғаламның бар ғылымын жете игерген,  
Зерде де – Әл-Фараби ғұламалық.

Әр ұлттың жеттік білген салтын, ғұрпын,  
(жақсы өмір, сенің арқаң жарқын күлкім).

Әлеммен тіні тығыз байланысқан,  
Ұстаған тыныштықтың алтын кілтін.

Жаңа жыл, жасыл шырша, ақ күміс қар,  
Табуға бала тілін нақтылы ыспар.  
Бір өзін Жаратқанның санға бөлген,  
Ел де ада, дінаралық қақтығыстар.

Қазақтың маңдайынан сор арылды,  
Шығыстан күн батысқа жол ағылды.  
Елдердің арасында жанжал туса,  
Бас қазы мәмілегер бола білді.

Тіршілік қалған шақта қауызға ықтап,  
Атомдай құрықталды жауыз мықтап.  
Тағыда бастап кетті бір күресті,  
Алуға жемқорлықты ауыздықтап

Уақыттың желін түзеп теріске аққан,  
Әр ұлтқа құқ тізгінін тең ұстатқан.  
Сұрапыл саясаттың майданында,  
Үнемі алға аттаған жеңіс тапқан.

Жолынан сананы аршып, тас боп қатқан,  
Қамқор боп, болашаққа жасты аттатқан.  
Қанатын Астананың кеңге жайып,  
Аспанға Бәйтеректі асқақтатқан.

Көңілге шаттық толы күй тұнады,  
Арылды құлдық ойдан ми құрамы.  
Замана талабымен дабыл қағып,  
Оятқан ұлт санасын ұйқыдағы.

Болған соң ел тізгіні жүйе мықты,  
Аунады аруақтарға кие бітті.  
Қонданып, қой мінезді исі қазақ,  
Жасады байлығына иелікті.

Нұр шашқан жер жүзіне самала аппақ,  
Самғадық ғарышқа да қадам аттап.  
Имандай, құлай сенген сенімменен,  
Тапсырдық өзімізді аманаттап.  
Көк зеңгір туын сүйіп, берген сертін,  
Келеді ел алдында адал ақтап.



Шашылған жалынынан өткір ұшқын,  
Шыныққан ортасында көк құрыштың,  
Елбасы Нүрекеңдей болу керек,  
Тараған Көк Түріктен, текті ұлыстың.

Күн сайын дараланып тұлғаланып,  
Әлемнің көшбасында тұрғаны анық.  
Атқарған әр ісінде жасампаздық,  
Сөйлеген әр сөзінде бір даналық.

Бақыттың қайта оралды, базары ұшқан,  
Шалқиды Әнұраным, сазы алыстан.  
Нұрсұлтан – Қазақстан егіз ұғым,  
Бақытты Нүрекеңмен Қазақстан.

### АТАМЕКЕНГЕ ТАҒЗЫМ

*(Отанышлар жыры)*

Әр күнім шат-шадыман тойға ұласқан,  
Мақсатым туындағын ойлы бастан.  
Қалайша мақтанбаймын қазағыма,  
«Ұлым» деп, келгенімде қойнын ашқан.

Ат баптап, ұзын арқан, кең шідермен,  
Сыйынан мін сезілсе, ерсі көрген.  
Алыстан көлік сайлап, көшіріп ап,  
Ас салып қазаныма, енші берген.

Басымда шаңырағым жайлы көркем,  
Алдымда ақ дастархан, майлы бөлкем.  
Ақ сақал, ақ жаулықтан бата дарып,  
Тереңге тамыр тартып, жайдым өркен.

Бір дәнiм нуға айналған жерге көмген,  
Бір жанмын итi де оттап, еңбегi өнген.  
Аймалап маңдайымнан бақыт нұры,  
Дәулетiм көлдей шалқып дөңгеленген.

Жамылған шөлейт сағым, жота мұнар,  
Желiмде мама бие, боталы нар.  
Мен бүгiн елге әйгiлi азаматпын,  
Елi бар, Қазақ деген Отаны бар.

Жыр жазар көңiлi өссе, жыршы тым көп,  
Сыйынам әр күнiме мың шүкiр деп.

Байлығым жұрттан асып жатпаса да,  
Қазаны қанағаттың тұр шүпілдеп.

Бетке алып ата жұртты арғы беттен,  
Ер едім кедергіден қарғып өткен.  
Жолыма миллиондар шашылсада,  
Кезі жоқ өз елімнің тарлық еткен

Жол күдір аса алмайтын кедергім көп,  
Мен дайын, жүктесең де нелер міндет.  
Сен маған бәрін бердің Атамекен,  
Мен саған ұяламын не бердім деп?!

\* \* \*

Езбін бе ел бағалар тұлпармын ба?  
Теңерме Кейқуатқа, Ұлтанқұлға.  
Ойладым шетте жүріп ұлттың қамын,  
Иллаһи арым таза ұлт алдында.

Қазына қалтасынан қаржы үптеген,  
Адымын арқандаған тар жіппенен.  
Адалмын шетке қашқан шенділерден,  
Елін сатып мойнына қан жүктеген.

Қонбады тез байитын дария ақыл,  
Батпадым ерте алуға қария атын.  
Әкемнен бұрын туып зейнеткер боп,  
Бармады ақша жеуге ар-ұятым

Тауысар қан-сөліңді сорып деммен,  
Алаяқ сүліктер көп халықты емген.  
Айырған ауған елді несібеден,  
Адалмын жайын- көмей дәніккеннен.

Ниетім қабыл болып түледі елім,  
Табамын өркенінен жүрек емін.  
Ар сатып жалған сырқап ақша жеуге,  
Сақина сау басыма тілемедім.

Азуын айға білеп, күнге сермеп,  
Күн көрген ел үстінен «жынды»есер көп.  
Талпынам адалымнан ас табуға,  
Масыл боп ел мойынына мінбесем-деп.

Астанам ақ кедем  
(Астананың 10-жылдығына)

Астанам-Алашымның өр тұлғасы,  
Басталған дәлізінен жол турасы  
Әлемнің сегізінші кереметі,  
Жасаған балғын ғасыр төл тумасы.

Ескегін ақ кемедей ертеңге ескен,  
Сырлаған ұлттық нақыш көркем кестем.  
Кеңестік қирандыны жарып шыққан,  
Ақ гүлім иран бағым өртеңге өскен.

Жеткенде жез керуен «түйе тізбек»  
Жүргендер жылыстады ие «біз»-деп.  
Оралды басымыздан ауған бақыт,  
Адасқан тапты ата киеміз кеп.

Ерлер іс бастағанда білек түріп,  
Ақ жолға салды Ала тау тілеп тұрып.  
Қалады маңку\*тастан ірге тасын.  
Патшама Алла берген жүректілік.

Астанам жалын ғұмыр жастық арман,  
Оқылған түп тарихым тас тұмардан.  
Астанам-қамқорлықтың шаңырағы,  
Сан ұлтты саясының астына алған.

Кеңейттім Арқаға кеп өрісімді,  
Атқарған ғасырға пар көр ісімді.  
Ғаламға елдігімді әйгілеген,  
Айшықты азаттықтың мөрі сынды

Бабылдың мұнда орнаған аспа бағы.  
Естілген бар әлемге асқақ әні.  
Алаштың басындағы алтын ғасыр,  
Астана туған күннен басталады

Ашылған шар тарапқа қақпа есігім,  
Достықта қуат күшім бақ несібім.  
Әрлі сөз әлди сазды ән ұраным,  
Тербеткен тыныштықтың ақ бесігін.

Жылжитын болашаққа мұра арқалап,  
Жазылған шежірелер құран парак.  
Қанатты қос пырағым көкке шапшып,  
Көк туым желбіреген қыран қанат.

Көліктер жерді сәндеп болат табан,  
Бір күнде жүз күнге тең жол аттаған.  
Мысырлық пирамида Мұхит-әлем,  
Мәңгілік ел ордамда қонақтаған.

Өміршең ертеңге өтер құрлық аттар,  
Қортылған кемел ойдан құнды баптар.  
Самала шамдалдардың сәулесімен,  
Жайнаған қырғауыл түс түнгі бақтар.

Ұрпаққа ана тілден бал ұсынып,  
Қондырған кеуделерге барыс рух.  
Мәз-мейрам мерекеде бүлдіршіндер,  
Ауаға миллиондап шар ұшырып.

Сиғызып ғажайыптың қанша түрін,  
Өзіне қызықтырған әр шақырым.  
Өмірге өткен шақты қайта оралтып,  
Тілдескен Хантәңірмен Ханшатырым

Есепсіз от шашуда жебе саны,  
Ай мен күн жұлдыздардан төбе шамы.  
Ескертіп жар астында жаудың барын,  
Күзеткен ат үстінде КЕНЕСАРЫ.

Тереңнен шыққан қайнар мөлдір тұнық,  
Төбеден жаңбыр шашқан өрге ұмтылып.  
Кептелген көліктердің көптігінен,  
Жолаушы тықыршыған жолда іркіліп.

Зәмзәмға шомылдырған күміс тоған,  
Нөпір жұрт саф ауамен тыныстаған.  
Қалаған кірпіш сайын көкке өрлеген,  
Құтты қол құрылысшы құрыш маман.

Жүректен орын тебер мидан кіріп,  
Тараған Алла үйінен имандылық.  
Көнеден сыр шертеді мұражайда,  
Ғасырлар қойнауынан жиған мүлік.

Көлдері қалың құспен қаймақтанып  
 Көшеді көгілдір бу жәй баптанып.  
 Жас буын қолдан еккен жасыл абат,  
 Құлпырған шетсіз –шексіз аймақты алып.

Адамзат кереметті тауып мимен,  
 Жаһанмен жалғастырған «сауық күйем».  
 Қасқайып бір жағында Сақ бабам тұр,  
 Үстіне саф алтыннан сауыт киген.

Ақ жаңбыр себелесе жерге сіңбей,  
 Бұлағын қашқан, өзен көлге сүйрей.  
 Жер шарын көз алдыға алып келер,  
 Ел ордам ғажайыптар көрмесіндей.

Астанам ел мінезі жаймашуақ,  
 Жол сілтер келешекке айна,шырақ.  
 Сыйлаған рухымен елге бақыт,  
 Ұлылар қақ төріне жайғасып ап.

Теңескен Эйфельменен Бәйтерегім,  
 Батыспен,Шығыспенде бой теңедім.  
 Бөркімді аспанға атар кезім келді,  
 Табысып бауырында «той төбенің».

Қамқоршы жүгірген аң құсқада ұшқан,  
 Билерім тағлым алар үш данышпан  
 Барады кеме-Астанам өрге жүзіп,  
 Заманнан туған ықпай күшті ағыстан.

Даңқынан биік біткен аласарып,  
 Ерледік аты мәщһүр қала салып.  
 Көз салсам биігінен көрінуде,  
 «Екі мың отыздында мәресі анық.

Кіндіктей ұстап тұрған жер шеңберін,  
 Он жылда жүз жылдықты еңсерді елім.  
 Ел ордам дамуыма -барометр,  
 Өлшейтін өркенімнің өлшемдерін.

## 2-бөлім

### Сағынышым-санама азық

#### *Бір парызым бар еді.*

*Ғақлия жырлары жақұт-аңыз,  
Пірім еді сиынар Ақыт абыз.  
Сүтін емген екі елдің телқоңырмын,  
Мойынымда бар менің екі парыз.*

Алтай тауы жамылған нұр сағымды,  
Сенде өткіздім балалық гүл шағымды.  
Тонын шешкен тұлпардың құлынындай,  
Жарып шықтым тепкілеп құрсағынды.

Жылы- алақан балажан жұмсақ үнді,  
Қайран әкем қой мінез тым сабырлы.  
Анам мені сүйгізіп шоқ жұлдызға,  
Сенде өткерген жүкті шақ тұмса күнді.

Өзен, желі күй тартып мың сарынды,  
Қыста ине ғып шаншатын шырша бүрді.  
Монғол Алтай тауының бес биігі,  
Сенің жарып шығып ем құрсағынды.

Қанаттанған бес тауда балаң арман,  
Сайға төккен тастары қара маржан.  
Ақсу, Аққол қос өзен Сырғалы көл,  
Шайқап еді кіндік қан шаранамнан.

Қолтықтан ап мінгізген атқа мені,  
Секілді едім Қоқанның датқа, бегі,  
Жерлестерім ұранхай, дәрбет, дыба.  
Еркелетіп бетімнен қақпап еді.

Бас қаруы ақ таяқ, қола кетпен,  
Момын елмен тағдырым одақ еткен.  
Туған елдің ұмытсам дәм мен тұзын,  
Болмас еді азғындық одан өткен.

Монғол Алтай тауларын мекен еттім,  
Бөрі-желіс ғұмырым бөкен екпін.  
Дәм тұз бөлді, бөліндім жеке кеттім,  
Менде кеткен перзенттік парыз болса,  
Өлеңімнің құны мен өтемекпін.

\*\*\*

Алтайдың ақша бұлтын еттім бөрік,  
Түске енер ай бетінде секпілденіп.  
Қайтеін мен сағынбай туған жерді,  
Көбісін асылымның кеттім көміп.

Қалды онда туған-туыс, силас жаным,  
Кеудеме күңіренсем, симас жалын.  
Қайтеін мен сағынбай туған жерді,  
Жас шағым сонда өтті ғой қимас шағым.

Өтетін жылдар қанша айлар қанша,  
Жанымды тартсын ажал, қайғы алғанша.  
Туған жер сағынармын сарғаярмын,  
Бір уыс топыраққа айналғанша.

### **Туған жер.** (Толғау)

1

Туған кіндік мекенім - Монғолиям,  
Сабасында толқыған көл - дариям.  
Скиф, сак, түріктен бері қарай,  
Ырыс пен бақ басыма қонған ұям.  
Жүріп өткен жолдарын тасқа жазған,  
Сенде жатыр тарихым шоң қариям.

Қос өзенді жағалай ауылым көшкен,  
Сәйкүліктің самал жел сауырында ескен.  
Тауларының аттары тәңір аттас,  
Құдайлардың ұл едім бауырында өскен.

Кесіп берген жақсыға қоңын етін,  
Бөлу қиын қазақтан өң-ретін.  
Ішіп жемей пейіліне көңіл тойған,  
Жұрт еді сөзіне жан семіретін.

Берсе егер беретінін сарқып берген,  
Бірге астық сауытты құз барқыт белден.  
Досына арнап ең ыстық махаббатын,  
Кіндіктес туысынан артық көрген.

Қайран асыл достарым қара айдарлы,  
Батыр тұлға, палуан, хан айбарлы.

Жүрегінің жылуын бөліп беріп,  
Құшағына сидырған талайларды.

Қыз баласы бәйгеде атқа шапқан,  
Ажал қашқан әйелі аттаса оқтан.  
Екі жүз том Ғанжуыр, Данжуырды\*,  
Қариясы шетінен жатқа соққан.

Ұлыс еді бөлеген шығысты әнге,  
Кеттім татқан қарамай ырыс, дәмге.  
Мойыл көзді қолаңшаш арулары-ай,  
Күлкісінен төгілген күміс теңге.

Ойын қумай жастары өлең баққан,  
Меруертін ойлардың тереңге атқан.  
Қара жерді көшкенде қайыстырып,  
Киіз үйден қонғанда қала орнатқан.

Жау жағадан алғанда бөрі етектен,  
Хан сайлаған қазағым төре тектен.  
Тозғындаған халыққа қорған болып,  
Арасына ұлттардың береке еккен.

Тегі басқа демей-ақ бөтен қанды,  
Еркелетіп татқызған шекер балды.  
Көшкенімде құлазып сары жұртым,  
Жеті атам қоныс тепкен мекен қалды.

Шашылыпты екі елге несібе, ырысым,  
Масайғанның жырымнан есі кірсін.  
Монғолиям, сен кіндік бесігімсің,  
Қатты серпіп жаппайтын есігімсің,  
Мұқатқандар айтатын «есімімсің».

Қос бесікке туыпшын бөленгелі,  
Қос емшекті туыпшын телі емгелі.  
Ата- бабам моласы жатқан шақта,  
Қүдірет жоқ бөлетін сенен мені.

## II

Осқырынып жылқысы паң қараған,  
Қымызынан бойыңа қан тараған.  
Қына қызыл Ғалбының түйелері- ай,  
Шаңырағын бабамның арқалаған.



Жер емшегін бестүлік тойғанша еміп,  
Жырдан сырлас, табушы ем ойдан серік.  
Тас тұғырға тау ешкі шегеленіп,  
Тұрушы еді алыстан айбар шегіп.

Басқан жерде тұлпардың түгі қалар,  
Соған куә тас құдай, құмыралар.  
Табын-табын көбейткен түлік санын,  
Қолға үйренген сарлық пен бұғы, марал.

Басы күміс тауының етегі май,  
Кеуделі ермен, көп еді шекелі бай.  
Құныға ішер құландар суатынан,  
Тағы, тарпаң жосылған мекенім-ай!

Кең далаға жүргізіп дара билік,  
Орман ішін «мазалай» алады үй ғып,  
Қою шаңнан артына арқан сүйреп,  
Үйір-үйір жөңкілген қарақұйрық.

«Жеті жұт» кеп кеткенде сүйек үйіп,  
Орнын қайта толтырған киелі ұйық.  
Сирегенмен әлемде, қалған мұнда,  
Теңбіл бұғы, ақ жирен, түйе киік.

Көк жиегі аспанға кергіш баған,  
Тауын жайлап, ойына ел қыстаған.  
Қырық күншілік шөлейтті сахарасы,  
Көз алдында сағымнан перде ұстаған.

Әлде шындық халықтың, әлде аңызы,  
Құлақ ассаң әр сөздің бар маңызы.  
«Кісі киік» туралы әңгімемен,  
Алыптардың сақталған қардағы ізі.

Ақпан келіп тауларға тиесе қар,  
Тазалаған ауаны күйе сақал.  
Сенде өткізген ұмытсам жылдарымды.  
Татқан дәм мен тұзыңның киесі атар.

Қымыз бенен тебінгім терден шіріп,  
Өстім бойға жусан мен ермен сіңіп.  
Кеттім сенен нан тұздың айдауымен.  
Көз түрткі боп кеткем жоқ елден шығып.

Қос бесікке туыппын бөленгелі,  
Қос емшекті туыппын телі емгелі.  
Саған тамған жатқанда кіндік қаным,  
Құдірет жоқ айырар сенен мені.

## III

Астына алып қамқорлық қанатының,  
Жойылмады дінім мен ана тілім.  
Жая алмады шүкірлік уын ұлтқа,  
Таз көсемнен тараған сорақы ілім.

Демейміз күн көре алмай қаңғырып-ек,  
Жау баспады іргемді қанды білек.  
Домбырамның бетінен қақпады ешкім,  
Қазақтың, ескіліктің қалдығы деп.

Кездеспеді жолымда құйын, шаңдақ,  
Эсерінде «Кеңестей» күйім самғап.  
Еркеледі ару ән «Ақ тамағым»  
Ауыл түгіл үкімет үйін шарлап.

Көтеріскем жүгіңді белім талып,  
Шәрбетіңнен татып ем шөлім қанып.  
Ел басына өтпелі шақ туғанда,  
Кетті деме «ит» қазақ тегін танып.

Жүрегімнің жырларым аққан қаны,  
Жаратқанның басымыз доп, қаңбағы.  
Мені де адастырған шығар бәлкім,  
Алмағайып заманның ақтаңдағы.

Асыр салған далаңда еркін ойнап,  
Найманмын тілім куә, бөркім айғақ.  
Алып кеткен алысқа бір жаңқамын,  
Ала құйын жылдардың толқыны айдап.

Қос бесікке туыппын бөленгелі,  
Қос емшекті туыппын телі емгелі.  
Жүз елу мың қандасым тұрған шақта,  
Құдірет жоқ бөлетін сенен мені.

## IV

Сағындым кіндік мекен Бес тәңірім,  
Қой қоздаған қолатым, ешкі адырым.  
Қолда барда білмеп ем қасиетін,  
Алтынымның сездім ғой кеш қадірін.

Сен едің ғой кербезім, кермиығым,  
Төрт мезгілде төсеген желге иінін.  
Жарыс салған көкпармен жазықтарым,  
Дүрсілдетіп жүйріктер жер бүйірін,

Қызылындай Алтайдың түлкі қайда,  
Түнде жортса қадалған кірпігі айға.  
Туған жерім байлық ең, кете бардым,  
Аманат деп тапсырып бір құдайға.

Жақсылықтан жаныма дәрі ізденіп,  
Шежіре мен өсіп ем аңызды еміп,  
Мүз бүркенген қалды ғой қайран Алтай.  
Күмістен құйған алып тәрізденіп,

Қоймайтын анам етті ысқа ыстауын,  
Дәмін татса сауыққан ішкіш қауым.  
Жоқтауымен қурайдың шегін тартып,  
Қалды жайлау құлазып, қыс қыстауым.

Бойға қуат жинаушы ем, ем-шөптерден,  
Тоғайым-ай жасымда шөмшек терген.  
Аққол, Ақсу жарысқан қос өзенім,  
Анам едің Сырғалым емшек берген.

## V

Сан алуан қарттарым салт ұқтырған,  
Саят қуып жастары салдық құрған.  
Бұзылмаған қаймағы қайран жұртым,  
Жөргек иісі қазақтың аңқып тұрған.

Жадау көңіл болмасын қалай күпті,  
Қалдырыппын артыма талай құтты.  
Алдағыны болжаған Абыздарым,  
Әулием шашты әзізім Бабай түкті.

Шежіреші көреген ғұламалар,  
Қырық шілтен қолына құран алар.  
Пайғамбарлар құрсағын жарып шыққан,  
Әминадай қалды ғой пір-аналар.

Басқа салған тағдырдың мынау ісін,  
Замандағы –деп білем бір ауысым.  
Ақбасты әже айшықты кимешегім,  
Ақ туындай Алаштың шылауышым.

Ожауым –ай, күміс сап басы-қайың,  
Кіріп барсаң жеңгеңнің асы дайын.  
Су сиырдың жасатқан мүйізінен,  
Қара шақшам көк бұйра насыбайым.

Ақылы мен бойыңа ас тарайтын,  
Әділдік пен қадамын басқан айқын.  
Батыр тұлға би сөзді ағаларым,  
Қасқыр соғар дойырын тастамайтын.

Мал өнімі ол жақта бағалы өнім,  
Базарында жоғары алады орын.  
Дәрбет,дыба,ұранхай жерлестерім,  
Шүйірмегім, езгейім, самогоным.

Тауда өскен бұлттан киіп қоян бөрік,  
Қозы мінез ұл-қызы Баян-көрік.  
Сақтау мен жүр сыртымнан аруақтарым,  
Қолдап, қоршап түсімде аян беріп.

Тас жарғаны көктейтін тасын шағып,  
Мал оттайтын шөбінің басын шалып.  
Ер көңілді қыз мінез достарым-ай,  
Көк жасаңда ойнаған асыр салып.

Әңге бөлеп тау тасты тамылжыттым,  
Өлеңменен халқымның жанын жылттым.  
Сұқсыр тамақ сұлудың ерінінен,  
Алғашқы махаббаттың балын жұттым.

Алтын күрек соқтырып көктем желін,  
Мың шашақты ару күн төккен зерін.  
Әке жүгін мойныма артып алып,  
Сәбиімді ең тұңғыш өпкен жерім.

Боз балалар ұғысып қақса иегін,  
Қыз қуардан қыз тапқан нақ сүйерін.  
Ай астында тербеліп сайран салған,  
Алтыбақан қалды ғой, ақ сүйегім.

Мен елімнен кеткем жоқ қыспақ көріп,  
(Талпынады қиялым ұшпақ болып).  
Ел таңбадай ұлтымның белгісі еді.  
Күміс белбеу, тақия, пұшпақ бөрік.

Көнек басты қобызым қыл-ішегім,  
Қозғаушы еді бабамның мұңы, шерін.  
Сағым жуған сауырын қас тұлпарым,  
Жібек тізгін, кежімім, күміс ерім.

Сыбызғым бір керемет құдіреттей,  
Тыңдаушы ем кірпік қағып, қыбыр етпей.  
Жаудан жылқы айырған жарықтықтың,  
Құлағымнан жүр әлі үні кетпей.

Шанағына сидырған мөлдір әнді,  
Үкілеген қалдырдым домбырамды.  
Он сегіз мың ғаламның үні сиған,  
Кім сағынбас қоңыр саз төл мұрамды.

Шым-шытырық басымды ой шырмаған,  
Қайық жасар құрбым жоқ ай сырғадан.  
Шуда жүні жібектей желкілдеген,  
Мал төресі қалды ғой Ойсыл қарам.

Шопан атам еті бал, қорғасын сүт,  
Тоқтамайтын байлық ең қолға сусып.  
Шашқан дәнін тағдырдың теріп жүрген,  
Шолақ қанат менде бір жорға шымшық.

Сиырымның сүтінде елі қаймақ,  
Құлыншағым тұратын желіде ойнап.  
Бір толқынға ілесіп кете бардым,  
Бақыт па әлде, кеттіме өлім айдап?!

Жарма құртым, сары майым, бал қатығым,  
Үйрілген дәміне жорға тілім.  
Бойындағы халқымның қасиетпен,  
Кемелденіп толыққан жарлы ақылым.

Қиналмаушы ем жол жүрсем бас қатырып,  
 Ауыл жиі қойғандай асқа тігіп.  
 Қонақ күтер еске алсам жомарт салтын,  
 Сағынамын жанарым жасқа тұнып.

Бауырмалдық бар еді жаны ашитын,  
 Мінезінен кетпеген бала сүйкім.  
 Мен кеткен де ел көзін жаспен жуып,  
 Айға қарап қалды ұлып қорашы итім.

Қосылған төсекте бас, төсте малы,  
 Қызығым елде көрген есте бәрі.  
 Есімде сиыр екеш қол сиырда,  
 Өкіріп беймаза күй кешкені әлі.

## VI

Көк теңбіл тау, уа, шіркін тарғыл тасым!  
 Жасыл орман көмкерген жал, қырқасын.  
 Бөркің ұшқан етектен қараған да,  
 Құздарым-ай ықтаған қар бұрқасын.

Туған жерден табаным тайған күні,  
 Шабытымның байланды қайран тілі.  
 Өзіңменен қауышам кірпік ілсем,  
 Түс деген бір сиқырлы айна арқылы.

Қою бұлтпен күн көзі былшықтанып,  
 Жем аулайтын балықтар ыршып қағып.  
 Сұңғақ бойлы, сұлу мұрт қарағайым,  
 Бұтағына сәнденген бүршік тағып.

Өткінші боп жаңбыры жылап өткен,  
 Құлдилаған бұлағы жыра беттен.  
 Серке мүйіз, семсер жүз серектерім,  
 Тау ешкі, ілбіс, құлжа тұрақ еткен.

Жазирам-ай төрт мезгіл көшіп қонған,  
 Екі-үш айда жемісі өсіп толған.  
 Қыпша белді, қыз мүсін талдарым-ай,  
 Үйіме ағаш, балама бесік болған.

Теңбіл бұғы, мазалай киелі аңым,  
Жылан қияқ, шөптері түйе қарын.  
Ұйықтатқан ну орманды дауысымен,  
Көкегінің кімде кім сүйеді әнін.

Ұлармен шіл, кекілік тасында өрген,  
Кеткен асып көш жолы жасыл белден.  
Үй орнындай көнерген жер ошағым,  
Аруақты бабамның асын берген.

Шегірпаян, қыраным мұзбалағым,  
Жыртқыштардың шашатын құзда қанын.  
Мамық жүні шашындай қыз баланың,  
Қасиетті, киелі жарықтықтың.  
Талшық жүнін бөгдеден қызғанамын.

Даласында сайысып арқар, бөрі,  
Сабасына симаған шалқар көлі.  
Арқан бойлы, ақ бұрқақ сарқырамам,  
Сағынышым шомылсам тарқарма еді?

Сырқат жанға ішкізген өмір нәрін,  
Арасаным ұққызған тәңір барын.  
Сауықтырған татқанның кәміл бәрін,  
Қожа шөбім, жалбызым, тамыр дәрім.

Бақталастай бүркітпен, үкі, лашын,  
Құзға салған жалама құт, ұясын.  
Алтын, күміс, күкіртті арасаным,  
Жаралы марал ашқан құпиясын.

Шабытымның шаттығым бөз кежімі,  
Көңілімнің қиялым кезбе жыны.  
Жеті жұттың ызғарын жамылса да,  
Көрінетін қысы да көзге жылы.

Жан көрмеген ерке едім бетке қағып,  
Кеткендеймін бағдарсыз текке лағып.  
Осыншама қалдырып қимасымды,  
Мені алысқа қандай күш кеткен алып?

Мен бір мейман өмірге келем, кетем,  
Сыңсу айтып ішімнен өлеңдетем.  
Айтатұғын өлеңім қыз жоқтауы,  
«Кейін қалған елімді көрер ме екем?».

Жүрек қылын шертермін әнге келсе,  
Татқан тұз бен қайтейін дәм бөгесе.  
«Құсқа біткен қос қанат маған бітсе,  
туған жерге барар ем әлде неше»

Сезім көгім, бұлттанып көңіл айым,  
Шыбын жанды қинайды жегі-уайым.  
Сағынғанда жалғасы айтар әннің,  
«Қанатым жоқ ұшарға не қылайын».

У қалдыма жалғанда мен ішпеген,  
Үркіп ұшты кеудемнен періште өлең.  
Әкем жиған тірнектеп мал-дәулетті,  
Шашып кеттім сапырып шөмішпенен.

Есуаспын, мен неткен аспа төкпін,  
Сонда нені көздедім, мақсат еттім?  
Өзім салған ұяны, өзім бұзып,  
Басымдағы бақытты басқа тептім.

Әлқисаны берсе егер шайыр бастап,  
Қолғанатым домбырам, байырғы аспап.  
Қысқасы атамекен деген сөзге,  
Кете бардым барымды айырбастап.

Жел әлсіреп, қалды артта бұлт шалдығып,  
Қалғандаймын бір жасап жұрт жаңғырып.  
Туған ел мен жерінді қию түгіл,  
Қасық қанды төккізген ұлтжандылық.

### Алтай тауы

Биік таулар түсіме енесіңдер,  
Алыптықтан жаралған денесіңдер.  
Қаз омырау бұлттарды емесіңдер,  
Көк зеңгірге шаншылған жебесіңдер.

Тарихтан сыр шертер көнесіңдер,  
Нұх пайғамбар қалдырған кемесіңдер.  
Мұз бен қардан күшті ызғар төгесіңдер,  
Көлеңкеге жазықты көмесіңдер.



Марқасқа шың, сүйген бұлт, төбесін жел,  
Бас имейтін тәкаппар төресіндер.

Ғасырлардың кесепат салмағынан  
Білдірмей тек шөксеңдер, шөгесіндер.  
Иілсеңдер мәңгіге өлесіндер.

Көп болды ғой сол таудан мен кеткелі,  
Жерге өкпелі емеспін, елге өкпелі.  
Тасқа қадап тұяғын өрмелейтін,  
Тау ешкінің түгі алтын, сергек төлі.

Сусынымды қандырған шәрбат көлі,  
Сен едің ғой баптаған жөргек мені.  
Мың отарды өргізіп баурайынан  
Ақбоз орда тіктірген кең бөктері.

Аптаменен алдына ай өңгеріп,  
Жылдар кетер жылқыға, қоянға еріп\*.  
-Биігіңнен өзіңнің төмендеме,  
Тұрғандайсың ,- деп маған аян беріп.

Алтай тауы түсіме жиі енеді,  
Алла атын жамылған киелі еді.  
Мекен еді қаны асау тектілердің  
Шуылдаған жоқ еді шиі бөрі.

Ашулансам, сұстанам ұсап тауға,  
Жан серігім жасымнан нысап, тәуба.  
Көкте туып қақым жоқ төмендеуге,  
Сенде туып, еркім жоқ ұсақтауға.

\*\*\*

Алтайым ақ күмістен дулығалы,  
Бөлеген шың құздарын шуға ұлары.  
Айырған семіздіктен тайдың таңын,  
Бояу боп малға қонған нулы раңы.

Мәңгіртер усойқысы улы дәрі,  
Күмістен, алтынменен су құрамы.  
Ізінен аңын қусаң адастырған,  
Алдыңда кесе шөккен бу мұнары.

Тау ешкім тобылғы өнді, кер маралым,  
Шық жуған күн шыққанда зер балағын.

Ежелгі көк бөрінің мекенінде,  
Ер жеткен,туып өсіп бел баламын.

Соқпағы тауларында ер бабаның,  
Еңбегі егістікте белді ағаның.  
Төркінін алыстағы аңсап өткен,  
Сыңсуы қурайында шерлі ананың.

Жазулы ,жалпақ таста құлжа ойнаған,  
Жазығы қалы кілем гүл жайнаған.  
Шөбінің алсаң үзіп бір тамырын,  
Көкте ойнап нажағайы күн жайлаған.

Даласын өзендері шарлап ағып,  
Соғылған толқындары жарға барып.  
Ойынмен астан басқа уайым жоқ ,  
Сонда өткен бақытты шақ бал балалық.

Қарт Алтай бұлт бүкенген заңғар алып,  
Тарихын жазған бабам қанға малып.  
Қашалған тастарына сол жазудай,  
Қалғансың жүрегімде таңбаланып.

\*\*\*

Біз кеттік саялы тау салқын белден,  
Жер беті гүлге толып сан түрге енген.  
Құлазып қала берді қайран Алтай,  
Қойнына жомарт Алла алтын көмген.

Аң-құсы сауық құрған сан тілменен,  
Тау-тасын киіндірген қамқа,үлдемен.  
Алтынды асықша атып Сақ бабамыз,  
Өлгенін кебіндеген алтынменен.

Пана іздеп шүршіт қысып, Қобда беттен,  
Алтайдай жер қайда-деп зорға кеткен.  
Үш бөліп алсадағы үш патшалық,  
Үш жағын иісі қазақ қорған еткен.

Аралап Потанин әр асуды,  
Көздеген Ресейге жол ашуды.  
Дерт келсе ел шетіне, емге ішуші ек,  
Ақпанда атқылаған қара суды.

Тасында тарихтың табы қалған,  
Зерделі біздің буын танып алған.  
Самсаған Шыңғысханның жебесіндей,  
Аспанға тік шаншылған қалың орман.

Жетерме сағыныштан сермесем қол,  
Сен едің жанға сая шөлдесем көл.  
Түркілер кеткен жаққа кеттім менде,  
Ғұндар сақтар мекені енді есен бол.

### **Барсаң сәлем айта бар.....**

Барсаң сәлем айта бар біздің елге,  
Қаитқан құсқа, жауған қар, күзгі желге.  
Тұнығында Ақкөлдің жүзген аққу,  
Жүр дегейсің соры мол тұзды көлде.

Табан салған үзеңгіге аттан шыға,  
Барсаң сәлем айта бар көкпаршыға.  
Үйірінен адасып жүр дегейсің,  
Ұшып шыққан көк шыңнан көк қаршыға.

Барсаң сәлем айта бар қарындасқа,  
Аққу қанат хат жазам қолым боста.  
Көңіл төрде орыны құлазиды,  
Қаным туыс болғанмен жаным басқа.

Суға сәлем айта бар тасып жатқан,  
Шөпке сәлем айта бар тасын жапқан.  
Аялдаса жыл құсы ала келер,  
Перизаттан бір хабар асыл заттан.

Қарттарыма сәлем де алқа құрған,  
Ұзақ таңды шопанға жалқы атырған.  
Жиылмаған сәлем айт дастарханға,  
Жомарт қолдан шәй беріп, дәм татырған.

Құрдас қызға сәлем айт жыр тілменен,  
Хат жазғанда, жауабы тіл күрмеген.  
Қымыз құйған сәлем айт сабасына,  
Иінінен дем алып іркілдеген.

Мен деп отқа, сәлем де күйген жанға,  
Жүйрік тілің, жетпесе күймен жалға.

Екі көзі төрт болып жол қараған,  
Бізден сәлем айта бар сүйген жарға.

Ағайынға сәлем айт аласы көп,  
Түбі қазақ қимаймын баласы-деп.  
Тал шайнаған сәлем де маскүнемге,  
Бірге құсық итпенен жаласып ед.

Тілегімді қолдасаң қолда тәңір,  
Аруақты ерлермен арғы атам бір.  
Сәлем жолдап алыстан жүр дегейсің,  
Қазақы қан мендегі қарға тамыр.

\*\*\*

Ұлың едім кебенек кеткен киіп,  
Езілгенде бауырым, өкпем күйіп.  
Жанды ауыртар жолдадым жүрек сөзін,  
Көңілінді батпап ем көптен қиып.

Қолымыздан өлгеннің бірін көмбей,  
Жеті,қырқын, шет қалдым жылын бермей.  
Дұғай-дұғай сәлемім жетсе егерде,  
Болар дедім өлгені тірілгендей.

Жүйкені жүн болдырма төзімді бор,  
Жасық санап етпеңдер сөзімді қор.  
Хат жолдадым өзіңе бармасамда,  
Өлеңімнен ағайын өзімді көр.

\*\*\*

Ақ теңіз жандарының жан әлемі,  
Шетінен сәби көңіл адал еді.  
Шырмаған туыстықтың арқанымен,  
Аман ба он екі ата Абақ елі.

Аман ба Найман, Уақ өр Керейім,  
Қалайша сағынбайын шөлдемейін.  
Мейманын төре сымен күтіп алған,  
Есіктен сырмақ төсеп төрге дейін.

Аман ба кең көсілген ұлы Алтайым,  
Бәйге алар ат болдыма құнан, тайың.  
Ақ дәмі ағайындай араласқан,  
Аман ба дыба, дәрбет, ұранхайым.

Аман ба қырандар мен арғымақтар,  
Шежіре, көне көздер,кәрі құлақтар.  
Жуылған кірімменен кіндік қаным,  
Айдын көл,арынды өзен, бал бұлақтар.

Қой тасы көрінбеген қоңыр аңнан,  
Кем соқпас қоңыр әні,ән ұраннан.  
Аман ба астанадай Бай бесігім,  
Тасынан бар тіршілік тамыр алған.

Көктемде гүлден жері торқа киіп,  
Қалатын екі елі май сорпада ұйып.  
Аман ба қолдары ашық жеңге,келін,  
Көрмеген кесеге шәй орта құйып.

Түбінде тентек қанды тектілер көп,  
Сағынсам сазды жырдан төктім өрнек.  
Жолдаймын аңсағанда жырдан жолдау,  
Ез неме елді ұмытып кетті-дер-деп.

Бұлбұлы Тауданбектей төкпе дарын,  
Сезген ол патша салар нөқта барын.  
Ғасырдың зауалынан аман қалған,  
Ел едің Алла құйған оқ қағарын.

## **МХР-ның Азаматтық Паспортымен қоштасу**

Ағат болмас теңесем саф алтынға,  
Құтты қолдан алып ем он алтымда.  
Қияметтен сан мәрте құтқарып ең,  
Талай топас алғанда жан алқымға.

Жүрмесемде әкемнің отты ізі мен,  
Қарын кештім Алтайдың көк мұзымен.  
Қыл көпірге айналған кеденнен де,  
Абырой мен бөгетсіз өткізіп ең.

Ұлы Абайдың тудырып мұрагерін,  
Қанат едің шарлатқан жыр әлемін.  
Азаматтық құқымның сақшысы едің,  
Жауға алдырмас күрестің құралы едің.

Ойы үндес жақсылыққа жаны жақын,  
Ұлыс едік тілден бал тамызатын.

Сенің күлгін бетінде жазулы еді,  
Қазақ- атым өшпейтін нағыз атым.

Асырып ең қия құз, асқар таудан,  
Дәм татырып сиы мол дастарханнан.  
Дұға жазған киелі бой тұмардай,  
Тастамаушы ем кеудемнен төс қалтамнан.

Ұлттың ұлы болуға қадам аттап,  
Құжаттарды тапсырдым жаңа қаттап.  
Төл құжатым атқарар міндетіңді,  
Өттің менің алдымда адал ақтап.

Саған сеніп, ант ішіп нан ұстадым,  
Қабылдадым өмірдің бақ ұшпағын.  
Рахмет, анамдай жетелеп кеп,  
Өз еліме аман сау табыстадың.

Ақиқаттың жүзі едің семсерінің,  
Асыл арман, жастық шақ, ар, сенімім.  
Қадірінді шын ұқтым, қош бол енді,  
Бір жасасқан, отыз жыл жан серігім.

Жанын шалып жолыма боз қасқаның,  
Баба арманын орындап көш бастадым.  
Төлқұжатым сенімен қоштасқаным,  
Монғолия елімен қоштасқаным.

\*\*\*

Арулары ақ маңдай ай сырғалы,  
Кемпірлері кеңесқой, шайшыл бәрі.  
Төлмен бірге отарда жыр өргізіп ,  
Том-том кітап жазатын қойшы ұлдары.

Кім десеңіз солардың бірі менмін,  
Ұсақ емес еңселі іріденмін.  
Тамырына өлеңмен қан боп сіңіп,  
Жүрегіне алғанмын кіріп елдің.

**АМАН БОЛ !**

Безбедім туған ұямнан,  
Елде өстім деумен надан қор.

Қартынан бата сый алған,  
Аман бол елім, аман бол.

Білмеймін қалай екенін?  
Кезіктім жолы заманға өр.  
Кіндігім кескен мекенім,  
Аман бол жерім, аман бол.

Бізгеде жатар орын бар,  
Бұйырса деуші ек таланға ол.  
Бабалар жатқан қорымдар,  
Аман бол енді, аман бол.

Аққу, қаз жүзген тұнығым,  
Ақ жалды өзен, тәмәм көл.  
Атама қанат түлігім,  
Арғымақтарым аман бол.

Туған бір шақ қой ерге сын,  
Көңілде күдік алаң мол.  
Дәм тұзын татқан жерлесім,  
Аман бол енді, аман бол.

Арқама артты жүкті ауыр,  
Тағдырым салған тарам жол.  
Емшектес туыс, ет бауыр,  
Келмесең, арттан аман бол.

## ҚАЙРАН ЕЛ

Жарқын шақты тойлап едім,  
Кеттім бе алыс айдап өлім?!  
Аңқау мінез, кең пейілді,  
Қалдың алыс қайран елім.

Теңеуші едім айға меңін,  
Махаббатым қайда менің.  
Баласындай бір атаның,  
Құда, тамыр қайран елім.

Қарақат көз қаймақ ерін,  
Шақыратын шайға келін.  
Жаяу келсең түсіп атын,  
Ұсынатын қайран елім.

Қыз қуар сап қима белім,  
Күрестірген сайлап ерін.  
Мінезі ұшқыр ойға шабан,  
Той жасаған қайран елім.

Жүзімді өпкен майда желім,  
Мұзы кеткен айна көлім.  
Армандары іште сөнген,  
Күшке сенген қайран елім.

Мұң шалмаған жайдары өңін,  
Ұл-қызы өскен жайнап өрім.  
Еске түссе сабылдырып,  
Сағындырған қайран елім.

\*\*\*

Жайдақ суға тап болдым, беті сорпа, түбі лай,  
Арасанның суынан, қанып ішкен күнім-ай.  
Түлігімді сағындым сүмесі бал, түгі май,  
Сары қазы шайнаудан тіс сарғайған, күнім-ай!

Ағыл тегіл ұстайтын шабытымның «жыны» ұдай,  
Кең өрісте көсіліп жырлар жазған күнім-ай!  
Көк түтінге көміліп шықпай қойды күліп ай,  
Саумал ауа сіміріп, сауық құрған күнім-ай

Қисса, дастан тыңдаған ойы терең, тілі бай,  
Шежіремен сусындап, дәріс алған күнім-ай!  
Ақ боз үйдей бола ма төрт бұрыш там жылы жай,  
Қырды қыстап, тау жайлап, көшіп қонған күнім-ай!

\*\*\*

Ұсынып едің құрметтеп ақындық төрді,  
Кеудеме бастың адалдық, батылдық мөрді.  
Сағындым сені жазықсыз жабылып жала,  
Мұсылмандардан көргенде кәпірліктерді.

Сырықтан қашып сүріндім дүмбіл батпанға,  
Сөзімді ұқпай қандасым шүлдір қаққанда.  
Сағындым сені, ата жұртымның берген еншісін,  
Күндіз қолға алып ,ұрыға түнде ұрлатқанда.



Келімсек би боп қолымды майдан қаққанда,  
 Сенген жандарым итеріп жайған қақпанға.  
 Туыс-деп келген қандасым жат көзбен қарап,  
 Монғол-деп атап оралман-деп айдар таққанда.  
 Сағындым сені туған ел.

\*\*\*

Өтті ғой зулап әр күн, зулап әр таң,  
 Қараша ауыл еді туған ортам  
 Ішкенім жастайымнан бесті қымыз  
 Бойымда тарпаң бесті тулаған қан.

Бақыттың нұрын құйған көктен шамы,  
 Ағаңның бейіш еді өткен шағы.  
 Кілең бір сүйетіні хор қызы еді.  
 Жүзінің ашылмаған бет моншағы.

О, менің махаббатым аңғал бұла,  
 Кетті ғой есейген соң алды-алдына.  
 Тарқады бірте-бірте сағынышым,  
 Жалғанның күйбеңіне алданды да.

\*\*\*

Ақ жаңбырлар құятын күн құрғамай,  
 Күн күркірі құлақты тұндырған- ай.  
 Бұлттан аба жамылып, от түкірген,  
 Найзағайы ақ берен құлдырмам-ай.

Алтын зермен сырланған мың бүрлі арай,  
 Сәби тілді бұлағы былдырға бай.  
 Қара жүкке жегілді жастығымыз,  
 Тәтті ұйқысын сұлудың түнде ұрламай.

Сазбен құлақ суарған бұлбұл маңай,  
 Тобылғы мен алқызыл жыңғылда май.  
 Құс ұйқыда көрген бал түстей болып,  
 Өте шықты, япыр-ау, бұл күн қалай?

## Кім білген?

*Тоғайда жаңбырдан соң, тұнса мұнар  
Сол жерге бұлбұл, көкек жырышы ағылар.  
Жұрт аңсайды қадірі өткен күнін,  
Бақытсыз болған күнін кім сағынар.*

Ақынын ел сағынар бір туарын,  
Беймәлім біздің жолды кім қуарын.  
Кім білген, бірге туған екі ағайын,  
Зар болар бір біріне күн туарын.

Кім білген күн құрғатып көл арнасын,  
Бұзылған дүниенің оңалмасын?!  
Екі елдің жерінде қап бір туысқан,  
Тірі де бірін бірі көре алмасын.

Жетелеп қасіреттің қол арбасын,  
Өлгенше әңкі- тәңкі болар басың.  
Екі көз мұрын жоқта найзаласқан,  
Кім сезген бірін-бірі көре алмасын?!

Халықтың заман құртып қауқар, халін,  
Кім білген бізді күткен науқан барын?!  
Кім білген елден хабар күтіп құлақ,  
Көген көз жолға қарап жаутаңдарын?!

Кім білген тағдыр сайлап шалғы орағын,  
Тым ерте қара шашқа қар қонарын?!  
Симаған бір қораға екі көрші,  
Кім білген бір-біріне зар боларын?!

Сараңға қимайтығұн аттың терін,  
Кім білген қисапсыз мал, бақ бітерін?!  
Аманға жарамайтын ағайыннан,  
Кім білген қайран көңіл хат күтерін?!

Сұм ажал туысының жалмап санын,  
Аяғын көз жасының жалғап сарын.  
Көмбеген өлігіне жоқтау айтып,  
Кім білген топ жиылып зар қақсарын?!

Туған жер Қағбам едің, Мысыр едің,  
Тағдырдың мойын ұсынды күшіне ерің.

Сыммен қаза естірткен жедел хабар,  
Кім білген төбеңнен жай түсірерін?!

Тұрмыстың күнде сүйреп көн етігін,  
Кім білген сөгілерін қоң етінің?!  
Кім білген мақсатына қолы жетпей,  
Өлгеннің бәрі аңсауда өлетінін?!.

● \* \* \*\*..

*Бақытты шақ аспандағы айды ұсынар,  
Ел бөлінсе, қызғыштың мойны сынар.  
Болмағанмен ақ табан шұбырынды,  
Рухани соған тең қайғысы бар.*

Ана жұрт, кіндік мекен Отан- анам,  
Өлгенім, сенде қалды ата-бабам.  
Өзінді, туыстарын сағынғаннан,  
Көз жасы аналардың боталаған.

Көрсетпей баласына көзін іскен,  
Малтасын ащы ойлардың езіп ішкен.  
Салмағын сағыныштың көтере алмай,  
Барады шал мүжіліп, тозып іштен.

Түсініп кететіндей көңіл тербеп,  
Әуес боп айғай шуға не бір кермек.  
Арақшы болып кетті жігіт біткен,  
Торлаған жан қайғысын жеңілтем деп.

Ерліктің найзасына шашақ өріп,  
Жоқ болды, жүрген намыс босап еріп.  
Тандырды елді есінен, ел көшімен,  
Нарықтың ауыр жұты қоса келіп.

Күніміз туды –деген көптен күткен,  
Болды ада шен алынып, шекпен біткен.  
Жүргендер ақынбыз- деп тарттық тізгін,  
Ақын боп жұрттың бәрі кеткендіктен.

Күлгендер мекер күліп, күшпен күліп,  
Тіліме менде салдым тістен- құлып.  
Күйбеңі қу тірліктің жеңген әйел,  
Тозуда сыр білдірмей іштен тынып.

Бөгдеге жалаңаш қол кім қайрылар,  
Барыңнан күндер туды жұрдай қылар.

74

Басында бар адамның ит күн көріс,  
Қордалы әр кәлләда мұң қайғы бар.

Аңсаумен жан қайғысы ортаға алып,  
Айналды қара тасқа, торқа мамық.  
Қырықтан асқандардың сақал, шашы,  
Мезгілсіз борға айналды ерте ағарып.

Салмағы зауал шақтың басқа түсіп,  
Шашылды маңдай тердің босқа ақысы.  
Оқыстан быламыққа сынғандайын,  
Әйелдің түсті алдымен қасқа тісі.

Жол берсең уайымдай сый құдаға,  
Бастағы ойың быт-шыт ұйқың ада.  
Жүрген тек қам-қайғысыз еш алаңсыз  
Ауылдың баласымен иті ғана.,

Кеудеме үміт отын жағып ұшқан,  
Қатерден қалды сақтап сабыр, ұстам.  
Сөкпендер сәл ертерек біздің буын,  
Қартайды қиындықтан, сағыныштан.

75

### 3-бөлім

#### Арыстарға арнау

О, менің бабаларым таудай тарлан,  
Аз сөйлеп түйін сөзді дауда айта алған.  
Қолдаған айтыскерді Жамбыл атам,  
Соғыста өлеңімен жау қайтарған.

Ананың әлдиімен бесік танып,  
Ұқтырды білім сырын, шешіп харип.  
Дұға ғып Абай атын жыр сарайға,  
Енеді енетіндер есік қағып.

Ісім жоқ Бернард Шоу Уйтменмен,  
Қазақтың орманынан үй тігем мен.  
Азанда Шәмші әнімен ел оянып,  
Сол әнің әлдиімен ұйқыға енген.

Жамбастап ішетұғын жатып асын,  
Көркеуде сеземісің қатыбасым.  
Тәңірдің тоқсан тоғыз атауындай,  
Музаның біздің тілде аты Қасым.

Қуалап жүрек ішін, ми тамырын,  
Құлақтан құйған күйдің шипа нұрын,  
Нұрқисса, Құрманғазы, Тәттімбеттей  
Қалайша ұмытасың күй тәңірін.

Күлтегін жазуындай білгір әрең,  
Шешетін, сыры жұмбақ, бір-бір әлем.  
Жүмекен, Мұқағали, Төлегендер  
Бетке алар Темірқазық үлгі мәрем.

Жүргізіп өз әмірін уақыт тынар  
Ұлылар жер жұлдызы жақұт, тұмар.  
Тіріні өліп жатып табындырған,  
Өзінен аруағы бақыттылар.

\*\*\*

Қазақтың әр күйінде бір аңыз бар,  
Билейді буынсыз би бұла қыздар.

Кеудеге зарлы күйден тұнады ызғар,  
Сөйлейді күй тілінде жыра, құздар,

Тереңге күймен күйші ау салатын,  
Көктемнің аралайтын, науша абатын.  
Күй деген қас шежіре, тылсым сурет,  
Күйшінің жүрегі саз, саусағы ақын.

Кемпірқосақ бояулы сан алмасқан,  
Күйменен ғарышқа да қадам басқан.  
Қос ішек, пернелердің күшіменен,  
Ғұлама ол беймәлім бір ғаламды ашқан.

Күйшілік тағдыр берген өзге сыйдай  
Нотаңыз түкті көрмес көзге шимай.  
Қазекен шежіресін күймен жазған,  
Кеткенде өлеңменен сөзге симай.

\*\*\*

Ағайыным ардағым,  
Соғылғанда жарға ағын.  
Түнегенде жанға мұң,  
Сені есіме алғаным.

Мұң болып жер қарға адым,  
Түкке жетпей қалды әлім.  
Өлгеніңе топырақ,  
Өз қолымнан салмадым.

Сөзін айтпау Алланың,  
Қырма сақал шалға мін.  
Сырттан ғана бет сипап,  
Аруақтарымды алдадым.

У, боп татқан бал нәрім,  
Айналу да зарға әнім.  
Жүрегім мен көтерем,  
Сағыныштың салмағын.

\*\*\*

Тұрмыста ат айдаған, арба жегіп,  
Бар еді кеудемізде арда желік.  
Имашхан, Кәкей ақын қол бастаған,  
Біздерде бір қосынның сарбазы едік.

Әр қилы кәсіп қуып, өсіп-өніп,  
 Жүріп ек қарт Алтайдың төсін еміп.  
 Ұлы көш басталғанда жұрттан бұрын,  
 Үдере атажұртқа көшіп келдік.

Сіңбеген арамдықтың мысқал асы,  
 Жандар ед жоқ зұлымдық, іште аласы.  
 Аңсаған атажұртқа жете бере,  
 Ажалдың қиды көбін ұстарасы.

Мен едім асқарда өскен балғын қайың,  
 Ұлағат ұлылардан алдым дәйім,  
 Қап қойды Керекудің бір шетінде,  
 Алғыр ой азулы ақын Арғынбайым.

Тойбастар әкесінің терме, жыры,  
 Анасы тұлпар мінген, зер кежімі.  
 Ақанның көкшесінде қалды Баман,  
 Ақтұйғын, Көксеркенің кербез ұлы.

Көп бөлген түн ұйқысын даңғаза түн,  
 Қырандай көз ілетін таңға жақын.  
 Мақпал төс Мақаншыда қалып қойды,  
 Марқасқа Имашхандай маңғаз ақын.

Бұлғынның асқарында өскен бұла,  
 Бұйырып елден зират, достан дұға.  
 Беймәлім бір бұрышта қалды Қауыш,  
 Топардың топырағын жастанды да.

Үстіне қалың ермен бүркеп өсіп,  
 Болды да қарамы үлкен бір төбешік.  
 Ақтауда көзін жұмды Елеусізім,  
 Өмірден ерте кеткен үрке көшіп.

Осылай жатады екен ғұмыр өтіп,  
 Үлгермей тамырымның түбі бекіп.  
 Құлады шалқар мінез Шабдарбайым,  
 Өзіне Астананы құбыла етіп.

Арбамның шорт үзілді бел темірі,  
 Кемемнің ыдырады желкені ірі.  
 Ажалдың оғы тиіп түсті құлап,  
 Алтайдың Солдатхандай тентек ұлы.

Қараңғы қара тобыр қауымға ермей,  
 Самғадым жақсыға еріп, дауылда өрлей.  
 Соңында сабаздардың қалдым жалғыз,  
 Ақырғы ғұннан қалған жауынгердей.

### Халифа Алтай

Қорлығы өтіп жақынның бөтен жаудан,  
 Қашқан ол зомбылықтан, отарлаудан.  
 Серкесі Алашымның елде атылып,  
 Қаймағы қашқын болып шетелге ауған.

Жерінен жүз жыл баба қоныстанған,  
 Жау шауып, елін қырып өрісті алған.  
 Қырғынды қырық жылдық бастан кешіп,  
 Оралған әр күн сайын көрістаннан.  
 Шөлінде Таклакамакан\* суға зар боп,  
 Тамұқтың жалынына көп ысталған.

Өткен ол қара орманнан ит өтпеген,  
 Аштықта қоректенген шикі етпенен.  
 Шыбындай жанын түйіп шүберекке,  
 Шайқасқан дүнген менен тибетпенен.

Көз салса төбесінде аунап аспан,  
 Қадамын кері итерген алға басқан.  
 Құрылған қияметтің қылкөпірі,  
 Қазақ ол Гималайдай таудан асқан.

Жалаңаш табан төсеп тас пен қарға,  
 Шомылған қайғы жұтып жас пен қанға.  
 Көрген жоқ оның тартқан жол азабын,  
 Ең алғаш Америка ашқандарда.

Дүмшенің құнын жойып құр антының,  
 Көтерген исламның ұран туын.  
 Қазақы оймен қортып тұңғыш рет,  
 Ұсынған Құдай сөзін, Құран тілін.

Сыңғырлап мақамында күміс ырғақ,  
 Жеткізген хадистерді үні сырлап.  
 Тамұқтың жеті ошақта жанған отын,  
 Батыр ол көріп алған тірісінде – ақ.



Дәл ондай ұққан жан жоқ жаһан сырын,  
Өмірдің көп кешірген қатал сынын.  
Көш басын жұрттан бұрын елге бұрған,  
Ұлтжанды, елін сүйген-Отаншылым.

Кеткен жоқ кәсіп іздеп күн көрерлік,  
Арылды ел аспанын бүркеген бұлт.  
Азапты осыншама бастан кешіп,  
Өзі де жүз жасаудың үлкен ерлік.

Сөзінің шырыны бар бал анардай,  
Қайратты, белі берік қара нардай,  
Ерлікті елде жасар шетте жасап,  
Қор болған батырлығы бағаланбай.

### **Сақабаны сағыну\***

Жосылған өмір жолы кәрі беттен,  
Қолайлы қойыны қыстау, жаны көктем.  
Жағына ұя салып құмыр бұлбұл,  
Сәулелі ой көкірегін жарық еткен.

Тағдыры енші берген кенен қолдан,  
Жыр көші тосылмаған кедергі ордан.  
Аузына түкірсе егер жас сәбидің,  
Бойына Муза дарып, өлең қонған.

Жан емес дәріптеген жеке басын,  
Алдына халқы тосқан шекер, асын.  
Баулыған шәкірттері жырмен қосқан,  
Өлгей мен Алматының екі арасын.

«Аһ» десе аузына өлең келген,  
Иліп аруақ пір сәлем берген.  
Өлеңнің жібі жібек желісіне,  
Қозы – жыр, қормал нақыл көгенделген.

Қалмайтын айтыс десе тізгін іркіп,  
Қақтайтын арамдықты тұзды бүркіп.  
Қайдасың қарға бойлы қара шалым,  
Сайрайтын қазақ сөзін жүз құбылтып.

## Қос аққу

*(ерлі-зайыпты әншілер*

*М. Беделхан мен Ә. Гүлжәмилаға.)*

Шырқа – шырқа қос аққу шығыстан келген,  
Жазуымен тағдырдың ығысқан көлден.  
Бауырмал туыс бақыттың құшағына еніп,  
Тұрағын тапқан жер ұйық гүлстан жерден.

Қаймықпай самға дауылдан зымыстан желден  
Халқыңды қуант сырлы саз тынысты әндермен.  
Зобалаң шақтың ұмыттыр қасіреттерін,  
Ұясын бұзып туысты ұлыстан бөлген.

Шырқа-шырқа қос аққу алыстан келген,  
Қоңырау саздар арқылы табысқан көлмен,  
Думанға бөле еліңнің даласын байтақ,  
Сазды әуендерге тарттырып ғарыштан керуен.

Жүрегім тулап Қобданың, ағыны сынды,  
Өлең бе, дерт пе өртейді жалын ішімді?  
Шығысқа қайтқан көктеммен құстарға қосып,  
Алтайға жеткіз сазға орап сағынышымды.

## Аға өліміне

*(ақын Кәкей Жаңжүңұлына)*

*Ойсыз езу ыржаңға бейім келер ,  
Ойсыз жанар жақсыны кейін көрер.  
Ойсыз ауыз Желмая бошалаған,  
Ойсыз құлақ жел сөзді сейіл көрер.*

**Кәкей  
Жаңжүңұлы.**

Мен сүйдім Бесбоғдамды, бес төремді,  
Өлеңім солар жайлы кестеленді.  
Біздердің өзімізде ес жоқ кезде,  
Ағатай сен жазушы ең есті өлеңді.

Ұшталған баулуымен арман-қанат,  
Қоюшы ед өлең үшін заңғар талап.  
Өзімен жүздесулер шабыт қозғап,  
Толатын жаңа өлеңге мәрмәр парак.

Жібітер қара тасты қына қысқан,  
Жаз мінез, желі тұрған жылы ағыстан.

Жан едің, ет жүрегі ел деп туған,  
Алдында әділеттің құрақ ұшқан.

Бойынды кернеуші еді алау шабыт,  
Көтердің жүрегіңді жалауша ғып.  
Біреудің көңіліне қаяу түссе,  
Жаныңнан емдеуші едің жамау салып.

Аспанмен шыңдарының жалғас басы,  
Сен едің ұлы Алтайдың алмас тасы.  
Маңдайы күндік жерден жарқыраған,  
Бір елдің аяулысы, марқасқасы.

Тұлпар ең жарасатын айыл, тұрман,  
Нар едің қос өркеші айыр туған.  
Кезіксе дүниенің бір кетігі,  
Кіріпш ең қалануға дайын тұрған.

Жұлдыз ең күндіз-түні жанған ұдай,  
Емізіп асыраған балмен Ұмай.  
Бір елдің маңдайдағы бақыты едің,  
Көз жазып бақытымнан қалғаным – ай.

1993 жыл.

### Тау тұлға

#### *МХР-ның және Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген спортшысы Бақыт Одынайұлына*

Атасы елге сыйлы Кәкем-Ысқақ,  
Қақкөлде отыратын жеке қыстап.  
Қыз алған текті жерден арыс еді,  
Жықпаған намыс туын, бекем ұстап.

Жамылған күн батарда жалқын мұнар,  
Мекендеп тау арасын бөркің құлар.  
Жасынан сал айдаған ағаға еріп,  
Еңбеккер ұл боп өскен толқын құмар.

Бұл тағдыр назары ауса, мәрт осындай,  
(Бойыңмен бұлтты аспаннан тартасың жай)  
Бұлшық еті Цирктің кір тасындай,  
Тұлғасы бес тәңірдің жартасындай.

Өмірлік жүріп өткен жолдары алыс,  
Ұлтының нышанындай шомбал арыс.

Алдына келген ерді шыдатпаған,  
Дарыған жеті атадан мол қара күш.

Күресте Бежеш пірі дем беретін,  
Көкпарда оған жан жоқ тең келетін.  
Күресте қарсыласын шаң қаптырып,  
Кұлашын туды айналып кең керетін.

Билесе айнымаған жорға аюдан,  
Кұйғандай буындарын шор қайыңнан.  
Қарысқан белдесуде саусақтарын,  
Күшпенен қос палуан зорға айырған.

Елі оған Адам ата-Хауа анадай,  
Жаз бойы қонақ болған тау аралай.  
Алмайды жекпе- жекке ешкім қалап,  
Айқаста жүректері дауаламай.

Азамат бақыт тапқан адал терден,  
Қайдада орын дайын оған төрден.  
Толтырған омырауын сексен медаль,  
Бұйырған сый- сияпат он алты елден

АҚШ-ты қазақ осы тұңғыш көрген,  
Қытайда Абай әні тың күш берген.  
Ұшақтың апатынан қалған аман,  
Қосылып достарымен бірге ішкеннен.

Тайпалған тисе астына жорға үкілі,  
Көрінген таудай болып зор бітімі.  
Ақын да, әнші де оны атандырған,  
Дарыған нағашыдан қорлы тілі.

Атаққа, ел сыйына семірместен,  
Қатарда қарапайым өмір кешкен.  
Тұрғанда Қажымұқан кіммін дейді,  
Көк тасты жүндей түтіп, темірді ескен?

Қамқоршы аға алдында ерке нағыз,  
Жастарға үлгілі ұстаз, ол тек- абыз.  
Көргенге күрестерін ерлікпен тең,  
Сыртынан естігенге ертегі, аңыз.

Өзінен палуан аз асар күші,  
Көп батқан ұлтшылдардың қасаң тісі.

Көрген жоқ тізе бүгіп, күші жетпей,  
Жығатын аңғалдығы, осал тұсы.

Хан сыйы, ақ дастархан, баталы асы,  
Жандардан әулие пір ата-анасы.  
Бойында Қожанасыр қылықтар көп,  
Аңқаулық батырлықтың аталасы.

Айтатын әркімдер әр алуан ғып,  
Сүйінген басқан ізін ару аңдып.  
Бұйырған бейбіт күннің еншісіне,  
Бір аты батырлықтың - палуандық.

**Тасжарған**  
(*айтыскер Дәулеткерей Кәпұлына*)

Жиылған жыр-додаға қалың қауым,  
Сездірген қол соғумен таңырқауын.  
Сорайып ел алдына сен шыққанда,  
Елестер Самбығарып тәңір тауым.

Әу десе аузынан нақыл құсқан  
Қырансың самұрықтар сапында ұшқан.  
Атойлап аламанға сен түскенде,  
Жанкүйер жерлестерің тақым қысқан.

Жаратқан пендесіне көзі шалған,  
Аузына айтар сөзді өзі салған.  
Алтайдың ар жағынан келген елдің,  
Тайысың, сұңқарысың оза, ұша алған.

Үстіне ақ мамықтың аунаса ақпан,  
Адасып қалың тұман тауға соққан.  
Соғылған қошеметке мың шапалақ,  
Бабаңды елестетер жауға шапқан.

Маужырап тыңдап қалар, бағында құс,  
Тамсанар омырауы лағыл ғарыш.  
Жұлып-жеп жағалауын тас шайнаған,  
Елестер Қобдадағы арынды ағыс.

Қонғаны саған жырдың емес бекер,  
Бірге ойнап, домбырада «Кеңес»кетер

Жырларың тарихты көшіріп кеп,  
Тау-тасын туған жердің елестетер.

Шау тартқан шал құйрықтан, шаңқан боздан,  
Шалдуар шабан, шардақ, тарпаң да озған.  
Аузына Сүгір терме түскен кезде,  
Аспандап шабыт құсың, арқаң қозған.

Екпінің толқындағы тербелістей,  
Жүйріксің екі өкпесі желген іспей.  
Барғанда Ақжайыққа көсілдің бір,  
Күдірдей көптен жүрген жер келіспей.

Баянсыз біздің бастан өтті жалған,  
Тудың сен терең ойлы, текті жаннан.  
Алтайдың Тасжарғаны тасты жарған,  
Аман жүр сәйгүлігім топты жарған.

#### АСЫЛЫ ОСМАН

Көзімен мұрынында қыран сұсы,  
Сақасы асығымның бүк, алшысы.  
Қазақты қазақтанда артық сүйген,  
Менің ана тілімнің ұраншысы.

Бүлкілдеп көмейінен шыққан қайнап,  
Сөзінде намыссызды жыққан қайрат.  
Алдында тілден жұрдай дұбаралар,  
Іздеген жерден тесік бұқпантайлап.

Үлгі алар қайнарының түбі терең,  
Ел едік қызы ақылды жігіті өрен.  
Жамылып қазақ атын жүргендер көп,  
Бір ауыз асыл сөзден құны төмен.

#### Ақын ініме

(Серік Мәгежұлына)

Қанден көп қанды ауызды бөрілерден,  
Заман ғой топас қаптап, тобыр өрген.  
Өлеңнен инеменен құдық қазып,  
Аман жүр ақын інім соңыма ерген.

Талантпыз жырдан қонған тарыдай бақ,  
Мен ғана құламаған кәрі байрақ.

85

Бір ұлсың Желтоқсанның қанын көрген,  
Кететін зомбылыққа қаны қайнап.

Ұстазсың шәкіртімен жайған бүршік,  
Тасыған кездерің жоқ тойғанда ыршып.  
Өзіңнің мінезіңдей өлеңің бар,  
Жүп-жұмсақ суырғандай майдан қылшық.

86

#### 4-бөлім

### Замана запырандары

*(Ақырзаман белгісі немесе  
бұрынғылар айтқан сөз)*

Сұмның азар тіліне ел,  
Шулы – базар бүлінер.  
Ақырзаман белгісі,  
Жүз жыл бұрын білінер.

Жолға түсіп жымы тар,  
Жәдігөйлер күн ұтар.  
Алдыменен құдайын,  
Адам біткен ұмытар.

Ақ қағазды ақша ғып,  
Адам басын шақша ғып.  
Ақ жолынан адасар,  
Азарында патшалық.

Қаулап өсіп айла-амал,  
Қарттың жанын қайғы алар.  
Махаббат пен ғашықтық,  
Ойыншыққа айналар.

Тағдырыңды сөз билеп,  
Тәнің тозар тез күйреп.  
Өлгеніне селт етпес,  
Туып шығар безбүйрек.

Жаныңды егеп түрпі үрей,  
Жүрек айныр кілкіп ой.  
Бесіктегі нәрестең,  
Өзіңді алдар түлкідей.

Қайтар адал ерден күш,  
Ұлық болар елді емгіш.  
Ұлың болар ұраншыл,  
Қызың болар желденгіш.

Жылпос өртке тұншықпас,  
Құнтсыздарға шыр жүкпас.



Он балалы әкені,  
Асырайтын ұл шықпас.

Мәнін ешкім аңғармас,  
Шумен тозар аңғал бас.  
Өз сөзінен басқаны,  
Дұрыс дейтін жан қалмас.

Көктен жаумас жерге ырыс,  
Көптен қалмас белгілі іс.  
Балаң болар ең қырыс,  
Келін болар кергігіш.

Тұяқтан тозып тұлпар ат,  
Қыран болар қу қанат.  
Туырлығың туралып,  
Жатқа болар ұлтарак.

Оқты көзін көрші оқтар,  
Ел басқарар ең сотқар.  
Шайнам мисыз есерлер,  
Жауға болар қол шоқпар.

О, жалғанға кім сенер,  
Өзі алғанға тым шебер.  
Жаназанды шығарар,  
Ожарлар мен дүмшелер.

Жақыныңнан жау шығар,  
Қатыныңнан дау шығар.  
Өзін-өзі мүжумен,  
Ала ауыз жұрт таусылар.

Аңқау қазып өз көрін,  
Тастап ұшар қаз көлін.  
Жеттім деген желөкпе,  
Қайта киер таз кебін.

Жомарт қолды жоқ кесер,  
Талас қылар таққа есер.  
Базарларда көбейер,  
Қалта қаққыш қап тесер.

Өршіп елде өкпе араз,  
Сөзден туар көп талас.

Тозар елдің төресі,  
Түйін сөзге тоқтамас.

Құйған залым отқа май,  
Қол жеткізер баққа оңай.  
Азып тозар жер беті,  
Топан селі қаптамай.

Қағаздан жауып, сел, нөсер,  
Адамдықтан белгі өшер.  
Ақырзаман боларда,  
Ерсілі-қарсылы ел көшер.

Соғымың болмас жылға азық,  
Молаңнан жыртқыш ін қазып.  
Тонар елдің көзінше,  
Ұры-қары ұрда – жық.

Қуқыл сағым шөлге орнап,  
Құладың құс көл қорғап.  
Азса адамзат баласы,  
Ақырзаман сол болмақ.

\*\*\*

Шақырып азан таң ата,  
Сиындым қарап кешкі айға.  
Жан үшін бердім садақа,  
Көрмедім одан еш пайда.

Қабынды қыста екі өкпем,  
Үстімде шекпен шидем жоқ.  
Мал үшін берген зекеттен,  
Зәредей пайда тиген жоқ.

Сиынбай өтсем өмірден,  
Кәпір деп айтсаң айта бер,  
Болмаса қайран тәңірден,  
Кәпір боп кетпей қайтеді ел.

\*\*\*

Кешегі бар, бүгін жоқ,  
Аяқ қолда тыным жоқ.  
Түңілгенге адамнан,  
Хақтан басқа ұғым жоқ.

Кіріс азда, шығын көп,  
Кеспектеймін түбім жоқ.  
Дүние боқ жиғанмен,  
Ол да ұшады шыбын боп .

Қаптан басқа жүгім жоқ,  
Шыр қонатын түрім жоқ.  
Қанағатсыз заманның,  
Байлығында жұғым жоқ.

\*\*\*

Дүниені таныдық шарлап барлық,  
Мұхиттардан аттадық самғап қарғып.  
Арамдыққа аштықта айқара есік,  
Адам деген атауға зар боп қалдық.

Байлықты алдап та алдық, арбап та алдық,  
Сол жолмен жылы суға бармақ малдық.  
Абыройдың ылпасын шешіп тастап,  
Мысқылдай ар-ұятқа зар боп қалдық.

Келгенге құшақ жайдық, зарлап, қаңғып,  
Қолдағы барды бердік сырды ақтардық.  
Бөтеннің жат қылығын бойға азық қып,  
Қазақы қасиетке зар боп қалдық.

\*\*\*

Арам шөптің ішінде бүр жарышпын жеке өсіп,  
Көршім көзін алайтты көздерінің еті өсіп.  
Мүйізімен мәнсаптың бүйірімнен іреді,  
Ашық күнде ұмытып өзім қойған текешік.

Байлық иттің буына бақа құрсақ семіріп,  
Қарынында жатса да ішкен-жеген жемі іріп.  
Оңбағандар құр қаңқа сүйегімді қалдырды,  
Тісіменен ақшаның сіңірімді кеміріп.

Келімсектер асайды бір етпенен бір майды,  
Шұрылдаған шегімді күнде аш мысық тырнайды.  
Қуыс кеуде боқ қарын бар байлықтың иесі,  
Қолың қысқа болған соң күнің түспей тұрмайды.

\*\*\*

Шалшыққа қонып көлдің үйрегі,  
Көбейді жүрер жолдың ирегі.  
Шарығын кеше сүйретіп келген,  
Келімсек бүгін төрді биледі.

Көк долы қатын байын сыбайды,  
Бетіне қаздың майын сылайды.  
Базарда басың саудаға түсіп,  
Қайыршыдан қайыршы қайыр сұрайды.

Жақынның жанға батып айтағы,  
Баладан қарттың беті қайтады.  
Күні үшін сараң қайырым жасап,  
Ақылдыға ақымақ ақыл айтады.

Өмірдің шешем қайбір сұрағын,  
Шұқанақ болды айдын сымағым.  
Көрдім азбанның азбанға артылып,  
Құлдың құлға айғырсығанын.

Жазықсыз, тойған төбет қабады,  
Бала алдында әке дедек қағады.  
Өр қадам сайын қатермен қауіп,  
Дүние мынау не боп барады?

## ӨЛІАРА ШАҚ

Есін жиып ел түгіл жер анасы,  
Тәй-тәй басқан тұранның ер Алашы.  
Менің жұмыр басымнан жатыр өтіп,  
Алмағайып заманның өлі арасы.

Өз ұланым ордамның төрағасы,  
Қыранымның алынған томағасы.  
Өтіп жатыр бытысқан қалың ұлттың,  
Тегін таныр кезеңнің өлі арасы.

Ес жимаған өткеннің өле масы,  
Құлағында қанқуы көне нәші.  
Өтіп жатыр басымнан қос дәуірдің,  
Қос ғасырдың тоғысы өлі арасы.

Отарлықтың күл болған көр ағашы,  
 Жаңа жолмен басталды жора басы.  
 Өтіп жатыр жан себіл қос қоғамның,  
 Арпалысы, айқасы өлі арасы.

Базарыңда жасықтың дода бәсі,  
 Жарты күлше жарлының қонағасы.  
 Өтіп жатыр діндердің қақтығысы,  
 Бейіш пенен тамұқтың өлі арасы,

Жүзін жуып көзінің сора жасы,  
 Кейде еліме әр елдің толады ашы.  
 Өтіп жатыр байлық пен жарлылықтың,  
 Жекпе-жегі, нәубәті өлі арасы.

Мыңғырылған мал болып қора басы,  
 Көбейер ме жылқымның торы-аласы.  
 Шындықпенен өтірік майдандасып,  
 Сөзбен істің өтуде өлі арасы.

\*\*\*

Ойлар көп ақыл жетпей ми қатырған,  
 Сияқты бомба түсіп, мина атылған.  
 Даланың жон арқасы тілім-тілім,  
 Соғыссыз қала мынау қиратылған.

Дұшпанның кеудесі зор, сөзі де асқақ,  
 Түрткілеп бір-бірінің көзін ашпақ.  
 Қазекең өз моласын өзі қазып,  
 Құлатқан өз ұясын өзі бастап.

Шалаларда құрбандықтың боз марқасын,  
 Кетеді шайнап езіп сөз малтасын.  
 Көзіне туғанының өзі түртіп,  
 Қол салып өзі ұрлаған өз қалтасын.

Аманда ел іргесі қан қасаптан,  
 Ағайын ездiк бiзде маңқасы аққан.  
 Өлі Қожанасырмыз, өзі отырған,  
 Түбіне бұтағының балта шапқан.

\*\*\*

Сұлулық алтын тіспен алқа, сырға  
 Қазына есеп-шоттың әр тасында.  
 Әділдік ақшаны жүр шыр айналып,  
 Заңыңыз дәулеттінің қалтасында.

Ғаламшар бір бидайдың қауызында,  
Әкенің қарғысы май жауыз ұлға.  
Мал-мүлкің қарақшы мен ұрыға олжа,  
Шыбын жан тапаншаның ауызында.

Жерінген жастығынан жарғақ құлақ,  
Жамаймын жыртығымды жалғап-құрап.  
Бұл күнде жұмыр жердің тағдырынан,  
Тағдыры жұмыр бастың салмақтырақ.

Не істерін тоқ білмейді масайғаннан,  
Жарлының орта миы ащы айраннан.  
Кесепат, кері кеткен заман туды,  
Адам түгіл Алланың басы айналған.

### **ЗАМАНҒА МЫНАУ КҮЛКІМ КЕЛЕДІ**

Заманым қорлап бұл күнде мені,  
Күн санап дүние сыртын береді.  
Тырнағын ішке бұзығы бүккен,  
Атыспен шабыс жалаңаш сүйіс.  
Басқадай көрер қызығы біткен,  
Заманға мынау күлкім келеді.

Бейнетқор бейбақ сылпыңға ереді,  
Халқым-ай неткен қыртың көп еді.  
Бар байлық болып көзінен ғайып,  
Қазына біткен шет елге кетіп.  
Қазекең жатыр сөзімен байып,  
Заманға мынау күлкім келеді.

Ашылып жастай құлқын көмейі,  
Әкеден бала мүлкін бөледі.  
Шыққанда алғаш құрсақтан сәби,  
Іңгәлап тумай, теңгелеп туған.  
Көбелек қумай, дөңгелек қуған,  
Заманға мынау күлкім келеді.

Үстінде көйлек жылтыр бедері,  
Сүрмелі қасын сылқым кереді.  
Ғашықтық сезім бір түнде өледі.  
Салтымның кімдер лайлаған көлін,  
Жататын болды босаға аттап.

Әлеммен-жәлем байлаған келін,  
Заманға мынау күлкім келеді.

Тойған қарынға жыртың керегі,  
Бәріне көмбіс жұртым көнеді,  
Төте жол іздеп жұмаққа бастар,  
Есірткі шегіп күйігін басқан.  
Арақпен қарнын жұбатқан аштар,  
Заманға мынау күлкім келеді.  
Зәр күлкі шығар мүмкін керегі.

\*\* \* \* \*

Ойпыр –ай мына жұрттың тойынғаны-ай,  
Түзерсің ластанған ойын қалай.  
Жасадым бәрін өзім дейтін болды,  
Алланың бар екенін мойындамай .

Сырлас ел аздан бері сырлас қала,  
Болмасын жастарға үлгі бұл масқара.  
Бермейді кекірейіп көлікте орын,  
Әкесі боғымменен құрдас бала.

Кейбірі орын алған мәрмәр тақтан,  
Құрады қулықпенен алдан қақпан.  
Егерде бір іспенен бара қалсаң,  
Баладай жалған сөзбен алдарқатқан.

Есте жоқ егемендік бұлтты түрген,  
Санасқан елмен емес сырт пікірмен.  
Жетімек қайтсін сенің хал күйінді,  
Семіріп шен-шекпенге шырт түкірген.

\*\* \* \* \*

Бай түгіл балада жоқ әлсізді елер,  
Құлайды толқын соқса жарсыз кемер.  
Ақшаның біреу берген жұғымы жоқ,  
Маңдай тер, сіңбеген ас дәмсіз келер.

Жеңістің даңғыл жолын «жансыз»бөгер,  
Аңқауды ашық ауыз балшы ізденер.  
Шықпаса жүрегіңнің түкпірінен,  
Сөзінде жаттап айтқан нәрсіз келер.

Болмайды ер жігітте жарсыз бедел,  
Арасын екі жастың арсыз бөлер.

Береке от басына орнамайды,  
Махаббат шын сүймеген мәнсіз келер.

\* \* \*

Жасын бұлдап қартың күтсе сый төрден,  
Өз баласы-ақ есік жаққа итерген.  
Адыра қап ұлттық әуен күй термең,  
СПИД , наша бақа ,шаян биті өрген,  
Ем болудан қалған жалбыз шипа ермен  
Ми шаршаған қайрат төзім жүйке өлген,  
Адамзатты мәңгүрттікке итерген.  
Қасқырменен иті құсы еншілес,  
Қан көрмесе көңілі еш көншімес.  
Ұрлық қылса көз ілеспес қас қақпас,  
Жалған сөзсіз өңешіне ас батпас.  
Дұрыс жүргің келсе дұрыс жүргізбес,  
Тобыры көп дарындармен жұлдызға өш.  
Кім ақшалы кім бай болса соған құл,  
Япырай неткен лас қоғам бұл.

\*\* \* \* \*

Жарлыға бұйырмайды ат көпір нан,  
Өлең жыр желге ұшады жатқа оқылған.  
Біреулер бесіктен-ақ билік құмар,  
Бастайды елді мүжи таққа отырған.

Қолында байлық ілер айыр қармақ,  
Сақи жоқ мазар соққан шайырға арнап,  
Еліне шетте қазақ жете алмай жүр.  
Шетте жүр елдегісі жайын қамдап.

Жасайды бірі серуен бірі сауда,  
Бөтенге аса құмар бірі ұсауға,  
Іздейді қылмыскерде шеттен тұрақ.  
Ұрыдан сұрайды-деп ұры сауға.

\*\*\*

Шал әуре алдыра алмай балаға тіл,  
Жанын жеп айқайлайды далада құр.  
Кикілжің отбасында шашылған күл,  
Бұл күнде үй біткенде заманақыр.

Келінге атада құл, анада құл,  
Ұзарған ұлдың қолы жағада тұр.  
Айналған бала зорға, әке қорға,  
Басында кәрілердің заманақыр.



Құндылау теңгемізден қарабақыр,  
Әлсіреп ана тілім бара жатыр.  
Үстінде қыл көпірдің ұлт тағдыры,  
Басында ұлтжандының заманақыр.

Еститін жан айқайын алар ақыл,  
Пенде жоқ тұлдыр жетім дана нақыл.  
Қайыр аз қалталыдан, үкіметтен,  
Жарлының басында тұр заманақыр.

Той сайын арақ ішкен дара батыр,  
Жартыға жаны құрбан, садаға пұл.  
Маскүнем, нашақорлар елдің соры,  
Отбасы, туысында заманақыр.

Байлыққа данада құл, санада құл,  
Арманы соңғы мода бағалы әтір.  
Тіл – мылқау, көзі –басыр, сана – күңгірт,  
Жастарда жұмыссыздық заманақыр.

Көбейген мәңгүрт қазақ шала кәпір,  
Шырқырап шыбын жаның табада тұр.  
Байлықтың бар тізгіні жат қолында,  
Алаштың басында тұр заманақыр

\*\*\*

Байыған сайын байдағы пиғыл қуарған  
Қартайған сайын қартының миы суалған  
Ақша алған сайын кедейде қалта тесілген  
Тоғайған сайын мешкейдің кендірі кесілген

Алған сайын алақан біткен ашылған,  
Жинаған сайын шүленнің мүлкі шашылған,  
Жығылған сайын басыңа төнген жұдырық,  
Сен қуған сайын дүние қашқан жүгіріп,

Сиынған сайын Аллаға, жетпей мінәжат  
Арамдар, шалқып адалдар тартқан мың азап.  
Сүйіскен сайын ғашықтық құмар қанбаған.  
Айырылса жанып, қосылса бағы жанбаған,  
Кездігі бар кеспей, сояр тәніңді ,  
Қорқауы бар теспей сорар қаныңды.

Күйігі бар іштен үңгіп, құлатар.  
Көзі мерген бірі тайса бірі атар,

Ішкіші бар ішіп жатса тоймаған,  
Қазаны бар құйып жатса толмаған

Жауын жаумай су болып,  
Болдым шаппай ақ көбік  
Қайратымның қылышын.  
Қасірет мұң қақ бөліп,  
Шелегінің түбі түскен заманға,  
Қалжырадым тап болып

\*\*\*

Байқатпайтын сорменен, бақты алдағы  
Заман деген уақыттың доп қаңбағы.  
Басы барда соңы жоқ бұл өмірден  
Барлық күткен үмітім ақталмады,

Алтын дәнге толтырдым жат қамбаны,  
Қоғам, құрдым қолға ұстап тат балғаны.  
Коммунизм шыңына жетем деп ем.  
Құлап тынды үмітім ақталмады.

Ағаш ектім жемек боп тәтті алманы,  
Бермеді өнім қараймын бақтарға әлі.  
Өзегіне құрт түсіп құрап тынды  
Жерге төккен адал тер ақталмады.

Бұл пәниден таусылып татқан дәмі,  
Шығып жатыр мезгілсіз, саптан кәрі,  
Жалған болды тарихтан алған дәріс.  
Білімге артқан зор сенім ақталмады.

Арық қаздым ол басқа тапты арнаны,  
Көлге сендім орнында қақ қалмады.  
Шөлден теңіз іздеп ем сағым болды,  
Адастырды сенімім ақталмады.

Жүйрік қостым келмеді бап талғады,  
Тарта алмады жегіп ем атқа арбаны.  
Жаманмен дос болып ем сатып кетті,  
Достыққа артқан сенімім ақталмады.

Сүйгеніме жолдап ем хат бармады,  
Баз біреудің кетті іліп жат қармағы.  
Махаббатқа сеніп ем мәңгілік деп,  
Алдамшы екен үмітім ақталмады,

Сиынып ем болар деп хақтан бәрі  
 Күбірлеуден сарнаудан жақ талмады  
 Шалынбады тілегім құлағына,  
 Дінге де артқан сенімім ақталмады,

Зұлымдықтың кеудеге қатқан қаны,  
 Сұмырайдың жолы ашық батпан бағы,  
 Таза арыма сүйеніп сенген едім  
 Әлсіз екен үмітім, ақталмады.  
 Қара қарға жеңеді, ақ қарғаны.

Бабам жазған, осалдау хаттан мәні  
 Заңға сендім жібі бос бап тармағы,  
 Күнім түссе танытты солқылдақтық,  
 Оғанда артқан үмітім ақталмады.

Тәтті ұйқысын төрт бөлген ақ таңдағы.  
 Бейнетқордың өспейді баққан малы,  
 Маңдай терден бағымды табам деп ем.  
 Еңбектерім еш болды ақталмады.

Жүрегіме қалдырып дақ таңбаны  
 Бүгінімде ертеңгі шақ та алдады.  
 Көз алдымда ұрпағым азғындады,  
 Ертеңге артқан үмітте ақталмады.  
 Өмірзая ақынның тәтті арманы

\*\*\*

Әбзелімен түземей ат- көлігін  
 Өтер-кетер, аз ғұмыр, өтпелі күн.  
 Әділетсіз билікке бас игіздің,  
 Тағдыр саған сондықтан өкпелімін.

Шоқынды боп кәуір боп өтпеді кім,  
 Азандағы, Аллаға жетпеді үнім,  
 Дұғасына дүмшенің қол жайғыздың,  
 Тағдыр саған сондықтан өкпелімін.

Айтамын деп наданның бетке мінін,  
 Асыл сөздің түсірдім текке құнын.  
 Өз тілін, өзі ұқпасқа кез келтірдің,  
 Тағдыр саған , сондықтан өкпелімін.

Салт, дәстүрдің ұшырып көкке күлін,  
Ит шошқаға тапталды текті өлігім,  
Арам лас байлыққа, көзім саттым,  
Тағдыр саған сондықтан өкпелімін.

Ұрпағы едім қабылан көк бөрінің,  
Бірін елде жоғалттым шетте бірін,  
Төрт құбылам жатырмын, түгенделмей,  
Тағдыр саған сондықтан өкпелімін.

Адастырып жолымнан жеткен ілім,  
Ой-санама өзінің екті егінін .  
Адалымды , арамдық тәлкек етті,  
Тағдыр саған сондықтан өкпелімін.

Саған мадақ ғибадат, төкпе жырым,  
Жерге әмірің жетеді көкке, нұрың,  
Өзіңе емес атандым, пендеге , құл,  
Тағдыр саған сондықтан өкпелімін

\*\*\*

Ақындық зар жылайды, ұқпаса маржан сөзін,  
Махаббат зар жылайды, қорласа арзан сезім.  
Домбыра жылайды іштен қойсаңыз шегін қақпай .  
Сұлулық зар жылайды қосылған теңін таппай

Жастық шақ зар жылайды заманы емдеп у мен,  
Ілессе желге бумен, күні өтсе сенделумен.  
Бақталас зар жылайды қалса егер бәсеке ұтпай,  
Саудагер зар жылайды тапқанын місе тұтпай.

Перзентте зар жылайды зар болған мейірімге,  
Құтқар деп зар жылайды құлаған иірімге.  
Кәрілік зар жылайды панасыз жалғыз қалған,  
Ару да зар жылайды ер алмай кәрі қыз болған.

Тұлпар да бұзылады бойына қоң біткеннен,  
Халық та зар жылайды ханынан зорлық көрген.  
Ішкіш те зар жылайды жүз грамм ұрттап алған,  
Иттағы зар жылайды иесіз жұртта қалған.

Көбісі тынады іштен айта алмай жұртқа шағым,  
Сынықта зар қақсайды беймезгіл бұлттаса күн.  
Құтқар деп зар жылайды сел менен шөлде қалған,  
Өледі құсалықтан кеудесі шерге толған.

Жүректер еніресе кешірген азабы үстем,  
Жүректен жылағандар жас төкпей тозады іштен.

### Өткен күндер

Өткен күндер сен маған не істемедің,  
Жетер ,жетер билеуің, төстегенің.  
Сала алмадым өлгенге топырақты ,  
Жолаушыға жол шыққан хош демедім.  
Түсіп өмір, өлімнің көкпарына ,  
Құйрығынан ұстадым қос кемеңің .

Буындарым былқылдап босап қатты ,  
Жазғы таңым ұйқысыз төсекте атты .  
Қол үздіріп өлеңдей қимасымнан,  
Өткен күндер қастығын жасап бақты .

Аңызактай шөл қысып аптаптағы,  
Жауыр аттың болдырды ақ қапталы.  
Аяғыммен қолымды қоса байлап ,  
Қарға адым жер қорлады аттатпады.

Қара аспанмен төбеме тау құлатып,  
Нар түйенің жүгіндей ауды бақыт.  
Бал орнына тіліме у жинатып ,  
Телмірттің екі көзді жаудыратып.

Шексіз төзім тіледің, шексіз қайрат,  
Зығырданым қиналдым кексіз қайнап .  
Тірі бөліп, ошағым от басымнан,  
Емханада жатқыздың жіпсіз байлап .

Күнім аз ба әлсіреп қалжыраған,  
Тұла бойым зар қақсап қан жылаған.  
Әлде көрер қызығым бітпеді ме,  
Қалдым аман қатерлі қанжығадан.

Кешір муза, кешір ел, кешір қалам,  
Тұтқын болды сырқатқа есіл балаң.  
Уақытымда саф алтын бос ұрлаған,  
Енді өткен күндерімнен өшімді алам.

### Қос қызым

Өздерің қос жұлдыз көгімдегі ,  
 Өздерің қос аққу көлімдегі .  
 Батырмай қайғы- мұңға.  
 Бақыттың айдынында .  
 Жүзе бер қос аққу көлімдегі ,

Құс болсам ұшатын қос қанатым  
 Қиналсам сендердей дос пана кім ?  
 Көздегі қарашығым  
 Өздерің жанашырым  
 Қиналсам сендердей дос пана кім ?

Әкенің өздерің қос құлыны ,  
 Анаңның өздерің қос бұрымы.  
 Көктемде гүл қаптаған,  
 Бұла өсіп бұлғақтаған,  
 Анаңның екеуің қос бұрымы.

Өздерің бағымның бал қаймағы,  
 Өздерің қос шырақ маңдайдағы.  
 Күлімдеп жанып тұрған,  
 Түнімді жарық қылған ,  
 Қос қызым қос шырақ маңдайдағы.

Жүректе көктеген қос гүлімсің,  
 Дүркіреп қаулаған өскінімсің.  
 Толқыған теңіз көлім,  
 Ойнаған егіз төлім.  
 Дүркіреп қаулаған өскінімсің .

Қос қызым жалғайтын арманымды,  
 Қос қызым апарар алға әнімді.  
 Ертеңге жол ашарым,  
 Сәулелі болашағым,  
 Қос қызым жалғайтын арманымды.

### Қызыма

Таңдайдан әлі кетпеген, балмұздақ сусын сүт шырын,  
 Көзіңді жасқап көрмеген, арамдық деген құрт-шыбын.  
 Жаңадан жолға шықтың сен, күдірі көп те мойны ұзақ ,  
 Бұғанаң бекіп қанатың, қатпаған балғын сұқсырым.

Туған соң адам атанып ,надан боп қалмау парызың,  
 Жолыңда сенің пәле көп, аңқаудың баққан сары ізін.  
 Табатын адам сананың, қырағы алғыр көзімен .  
 Жіңішке білсең қыз жолы кешуі тайғақ әрі ұзын .

Шығарып салам жүретін, жолыңа тілеп таң нұрлы,  
 Заманда тудың өтпелі, қиында қилы тағдырлы .  
 Жолыңда сенің кездесер, қаныпезер сұмдар қаншама,  
 Адамның өзін көрмейтін, шыбынмен шіркей мал ғұрлы.

Аман жүр аңқау кептерім,көзімнің нұры көркім ең  
 Жүргендер қанша жолыңда, ғасырдың таппай дертіне ем  
 Жолыңда сенің көздерін бұлынғыр басқан мастар жүр,  
 Ит ішпес ,суға қарқ боп, сылқия тойып елтіген.

Ұялған жүзін жасырып, бұлтпенен басқан таңғы аспан,  
 Жалаңаштар да жүр,қаптап қауратын жаппай тәнді ашқан.  
 Толассыз көлік даңғаза ,сен жүрген қала ортада,  
 Нашакорларда өріп жүр ,шөп шегіп ,көзін қан басқан.

Дәулеті тасып атағы, аршындап өскен күн санап,  
 Ақшамен ойнар басына, бұлт төніп туса сын сағат .  
 Адамның өзін саудаға, салатын жылман кулар жүр  
 Байлықтың буы көз алдын, көруден қалған тұмшалап.

Жолыңда сенің қатермен, бейнеті шексіз мол қауіп  
 Талайлар тозған басынан, бақыты тайып бөркі ауып  
 Қиямет қайым заманда, қылдырық ,өткел, көпірден  
 Өте алармысың адаспай ,жүре алармысың жол тауып.

### **Өмір өткелдері**

**Мүйіз ғып алақанды темір кетпен,  
 Айтамын лағынет өмірге өткен.  
 Таптаған төс балғаның арасына,  
 Орақпен бауыздаған кеңірдектен.**

**Жүректі жаралады атпай мерген,  
 Ел аман көк тынышта бақ тайды ерден**

**Безініп қағынғандар өз ұлтынан,  
Айдатқан,өз қандасын жаттай көрген.**

**Келгенде арып-шаршап күркеңе кеш,  
Ұйқы емес кірпігінде үркек елес.  
Мүлт кетсек дайын тұрды сотпен сөгіс,  
Қатері оқпен дардан бір кем емес.**

**Өкілдің бірі келіп бірі кетіп,  
Шыжғырған ішкенінді ірің етіп.  
Жауапты періште емес адам алып,  
Алғамыз қыл көпірден тіріде өтіп.**

**Аспанға құр кеудемен төс тіредік,  
Қызыл тіл жалған сарнап бөсті келіп.  
Ананың бал уызын тасқа сауып,  
Бөтеннің емізігін өстік еміп.**

**Атанып қылдан тайсақ қисық адам,  
Қасымның күйін кештім үй сұраған.  
Мақталсақ тақтық, қарғы темір-терсек,  
Қағаздан болды ат шапан сый-сыбағам.**

**Тойымсыз тапқанымды қылғып өңеш,  
Тыңдадым ақымақтан құнды кеңес.  
Көз қалды бақпен сорды айырудан,  
Мәз болдым тірлігіме күлді-көмеш.**

**Ел болып билік құрған кілең жарлы,  
Ұстандық әпербақан дүлей заңды.  
Жетпіс жыл қорқынышпен өмір сүрген,  
Бір жанмын қоян-жүрек үрей жанды.**

\*\*\*

Жас толқын бұлқынасың жөнге келмей,  
Тартарсың ертең егде сенде мендей  
Өмірге мың өзгеріс енгенменен,  
Көңілге түк өзгеріс енбегендей,

Жақсыны сынғыр қолым көмбегендей.  
Кәдімгі өлгендерім өлмегендей,  
Басымнан өткен ауыр қасіреттің  
Бәрінде шыққыр,көзім көрмегендей.



Өтеме жастық шіркін көпке еленбей,  
Ерніміз хас сұлуды өпегендей.  
Қызығы шыжығымен араласқан,  
Елу жыл басымыздан өтпегендей.

Өмірін өткізгенге текке мендей,  
Бүгінім табашы боп «шоқ» дегендей.  
Белгі жоқ іліп алар, мәнсіз тірлік,  
Шақшадай жұмыр бастан өтпегендей.

Қасық қан маңдай терді төкпегендей,  
Бүгінім кешегімді «жоқ» дегендей.  
Жамылған қой терісін қасқыр қоғам,  
Мәңгүрт ғып басымыздан өтпегендей.

Езулеп асау өмір епке көнбей,  
Жайқалып жауқазыным көктеп өнбей.  
Тоғысы алмағайып қос ғасырдың,  
Жаныштап табанымен өтпегендей.

Жолыма жуа ғана көктегендей,  
Отырмын көзі басыр боп керендей,  
Заманның елді аударған толқындары  
«Көш болып» басымыздан өтпегендей

Жүгіміз жолаушымыз көп бөгелмей,  
Түсіп ек көктен бір күн «топ» дегендей.  
Бір елден сырын білмес бір елге кеп,  
Сенделген күндер бастан өтпегендей.

Кәрім бар осы күнге жеткен өлмей,  
Тәубам жоқ келгеніме шетке көмбей.  
Туған ел жасты көзбен шығарып сап,  
Қол бұлғап «хош»-деген күн өтпегендей.

Өмірді құлай сүйіп жекте көрмей,  
Тартады қайтқан құста көкте керней.  
Бір күнгі қу тірлікке мас боп жүрміз,  
Құрығы бізге ажалдың жетпегендей.

Енесін құлындай боп, тепкен ембей,  
Есік көп қатты серпіп, кеткен енбей.  
Бір күнгі мас боп жүрміз тоқ қарынға,  
Құдайдың құдіреті жетпегендей.

Ішкенің жегеніңмен бойға қонбай,  
Көргенің, естігенің ойда қалмай.  
Дегенде өмір сүрдік болыппыз тек.  
Басқаның бейнесінде ойнағандай

Мыж-мыж боп алма дидар ақша маңдай,  
Сақал шаш қурайды екен ақ сабандай.  
Біреудің зер таспаға жазған сөзін,  
Тілмен жақ жариялап қақсағандай.

Бұл жалған қарыс екен тұтам екен,  
Адамға- ел бұлдырыққа, бұта- мекен,  
Сұм тағдыр көңіліңді балаша алдап,  
Білдірмей өміріңді ұтады екен.

### **Албасты**

Жаным жадау,көңілім кәрі әпенді,  
Сынығыма іздеймін дәнекерді.  
Нарық келіп есіктен сығалады,  
Оған еріп мың түрлі пәле келді.

Қыдырым жоқ халқымның жайын сұрар,  
Момын үшін тек азап дайын шығар.  
Батасымен жалғанды жарылқаған,  
Қаптап кетті диуана,қайыршылар.

Кім тыңдайды ел мұңын өзек шерін  
Өкше ізінді аңдыған кезекші өлім.  
Қонақ үймен қалтарыс,мейрамхана,  
Жәлаптармен тұрағы жезөкшенің.

Қызғандардың аптапта бүйрі құмға.  
Қара құрттай каптаған үйірі мұнда.  
Құдай жолын таңдаған софыңыздың,  
Бір қолы жүр шайтанның құйрығында.

Елдің қартпен азғындық жасын аңдып  
Құлатты,кетті анамның асынан құт.  
Миы шіріп айналды ой соқтыға,  
Арқа сүйер ағаның басы қаңғып.

Шектен шыққан емдейді кім індетті,  
Бос белбеуді сын кезең жырынды етті.

Қырық жамау тұрмыстың арбасына,  
Иек сүйер жегіліп інім кетті

Сұрқиямен сұмдардың жұптасқанын,  
Жұрт қабағын, көз көрді, бұлт басқанын.  
Базарларда нар жігіт дорба асынып,  
Аруданда ақ саусақ құт қашқанын.

О, азап қазақпенен туыспа едің,  
Ашық күнде тарылды тыныс демім,  
Ащы сумен жұбатып аш құрсағын,  
Көрдім ас деп жастардың у ішкенін.

Қой дер қожа бұл елде жоғын біліп,  
Арамзалар үлгерді торын құрып.  
Бұзатындай ұрпақтың тәрбиесін,  
Етек алды сорақы іс содыр қылық.

Жүргіншінің білінбей жымқырғаны,  
Көзді алдайды жыланның жылтыр қабы.  
Жарылқауға жарлыны келіп жатыр,  
Пайдакүнем бұгулі бір тырнағы.

Көк аттыға қойған соң ерік беріп,  
Байлық тозды елдегі кеміктеліп.  
Жақсылықтар кеткенмен бірге кетіп,  
Пәле жатыр келгенмен еріп келіп.

Бар іс қимыл басталып айла-амалдан,  
Таздан тарақ сәнқойдан айна қалған.  
Кезеген мен бірге еріп келген шығар,  
Дерт дербез көп, ел ішін жайлап алған.

Нысанада түздегі аң, торда балық  
Баға кетті тізгінді қолдан алып.  
Бәдік айтып, жылжыды көшіргендей,  
Талай жылғы жатқан салт қордаланып.

Нанмен тұзды жұрт едік сыйлап өткен,  
Қазанымнан аш көз көп сый дәметкен.  
Қалғандықтан үй иен қазан ашық  
Ұрыдан ар иттенде иба кеткен.

Құзғын қасқыр мал аулап қырда тойлап,  
Ұры қары ауылға кірді атойлап.

Балаңдықтан ес жимай жатқан елдің,  
Құлағында шаттанды құрбақа ойнап.

Жер астынан жік шығып жылан басты,  
Құт сарқылып даладан құнар қашты,  
Кірпігіне елімнің қарады да,  
Жайлап алды жерімді жын албасты.

Шыдамайтын арлы көз тік қарауға,  
Телеайнадан бейбастақ «жұт» тарауда.  
Ар жағыда мұхиттың тәлкек қылып,  
Ақпаратын өзінің тықпалауда.

Ауыр кезең көбейтті шаштың ағын,  
Оңды-солды кеңшарлар шашты малын.  
Жігіт таппай қазақтан кәртеіген қыз,  
Некелесіп негрмен ашты бағын.

Дұшпан біткен төбеден қарады асқақ,  
Күн көрістен аспады тана, баспақ.  
Тонағандар байлықты, енді ұлтымның,  
Жатыр мықтап рухын, жалаңаштап.

Талғажауға сатылды сырға, алқамыз,  
Сұмнан сауға сұрадық, құлдан қарыз.  
Ішпен -сыртын көрінген түгел тонап,  
Қала ма деп қорқамын құр қаңқамыз?

Аңқау қазақ жүргенде тауда маңып,  
Ар –ұятта сәбиде саудаланып.  
Қанмен бабам қорғаған қайран жерді,  
Қағазбен-ақ жат жұрт мәз жаулап алып.

Тарихта тереңге жайдық тамыр,  
Байлығымда қалмады шайлық, қадір.  
Бұғауынан зорлықтың құтылғанмен,  
Қара табан боп қалдық байлыққа құл.

### **Отарлық қоғам еккен у**

Ақылсыз азғын топқа еру,  
Өз ұлтыңды өзін жек көру.  
Жағымсу жатқа жалтақтау,  
Отарлық қоғам еккен у.

Ақшамен арбап кексе қу,  
Жалаңаш дене бетті өбу.  
Ұяттан ардан айрылу,  
Отарлық қоғам еккен у.

Жерінде тұман көкте бу,  
Оранса жойқын өртке ну,  
Жер тозып теңіз тартылу,  
Отарлық қоғам еккен у.

Жәй жатқан жұртқа оқ себу,  
Араққа тойып шөп шегу.  
Өмірді қорлап өткізу.  
Отарлық қоғам еккен у

Бөлініп тапқа екшелу,  
Бітіспес жанжал көп шеру.  
Жайлаған аштық жарлылық.  
Отарлық қоғам еккен у.

Көзіңнің жасын көп төгу,  
Еліңде туып шетте өлу.  
Отаннан тірі айрылу,  
Отарлық қоғам еккен у.

Қоздырып жермен көкте ду,  
Май құйып қозға от беру.  
Момынға зорлық көрсету.  
Отарлық қоғам еккен у.

Несібеңді ұрлап жеп ,төгу,  
Еңбегіңді адал текке ему  
Сыбайлас қорқау жемқорлық,  
Отарлық қоғам еккен у.

Ұйқыңды түнгі төрт бөлу,  
Дауасыз дертпен дерттену,  
Рухпен сана бұзылу,  
Отарлық қоғам еккен у.

\* \* \*

Келген ауып Кеңестік жарғы ,үкіммен.  
Көзі бітіп қоңданды жарлы кірмең.  
Майы шыққан түгінен қайран дала,  
Көтеремге көткеншек жал бітірген

Мысық табан зұлымдық қойша туды,  
 Жылжып кірді сараңдық шай сатулы.  
 Асатаяқ ақ сәлде Қызырымды,  
 Жалаң қылыш жалбыр шаш Айса қуды.

Мақпал түсі сарғайды көк аршаның,  
 Жыныс тоғай көбейтті томар санын.  
 Жұпар шашқан далама жусан иісі,  
 Иісіне айналды қолаңсаның.

Керей ауып жерінен Үйсін үркіп,  
 Жасар істің таппады қисынын түк.  
 Бейбіт өлке құрсанды мұздай темір,  
 Көк түтінмен дәрінің иісі мұңкіп.

Ана туып қатыгез беріш төсі,  
 Ұрпағының айналды кеміске есі.  
 Ұлтымыздың бойынан қашты безіп,  
 Алламыздың ақ қанат періштесі.

\* \* \*

Үміттің қыл жібіне жанды байлап,  
 Келгенге жерімізге тағдыр айдап.  
 Кірі жоқ жүрегінде жомарт қазақ,  
 Төсеген ауызына балды қаймақ.

Сор болды тілді бұзып қанды лайлап,  
 Кейбірі жау боп шықты шалғы қайрап.  
 Алаштың көсемдерін атқан жаудың,  
 Атында әлі күнге даңғыл айлақ.

\*\*\*

Қазан ұрып қор болды, қайран жүрек оты бар,  
 Қорғасындай сөзім бар, ойсызға ауыр оқылар.  
 Қиналмай-ақ өрлеп жүр, баспалдақсыз биікке,  
 Айтқан сөзін күштінің, жаттап айтқан тотылар.

Уайымсыз күбі боп, ойсоқтыға шыр жұқпай,  
 Бастан асса ақылың олда нәубет бір жұттай.  
 Тақыр кедей ақылды, қиыннан жүр жол тауып,  
 Қожасының бұйрығын, орындаған бұлжытпай.

Істіктерге шаншылғам, У-ға малған әр ұшы,  
 Мененгөрі бақытты, қызғаншақтар тар іші,  
 Жал, жая жеп аузынан ағызады ақ майды,  
 Соған тауық болғандар, кімнің піссе тарысы,

Кәлима айтар тілі жоқ болғанменен ақ басы,  
Аударылған соларға, таразының тат тасы,  
Түк таппай жүр намазды оқитындар бес уақ,  
Құдайыңның өзі де имансыздың жақтасы.

Заманғада адамға, ойды айтам деп ұнамас,  
Таумен тасқа соғылды сорға біткен мына бас.  
Аман сау жүр жел соқпай, құлдық ұрған иілген,  
Үлесімнен құр қалдым, боламын деп тік ағаш.

Өмірден түк таппадым, ауырам деп сөз дертпен,  
Ағайында ауызымнан шыққан жалын, безді өрттен.  
Менен гөрі пайданы шаш етекпен тауып жүр,  
Мезгіл сайын құбылып, сыртқы түгін өзгерткен.

Тасқа тары өсіріп, жасамадым жоқтан бар,  
Түлкі құйрық менде жоқ, бұлғаңдатып көпті алдар.  
Жансақтап жүр бай болып, менен гөрі жақсырақ.  
Заманының сойылын өзіне сай соққандар.

\*\*\*

Бүлкілдеген жыр десе қан тамыры,  
Алаштың едім менде арқалы ұлы.  
Аламанға атой сап қосылуға  
Көтермейтін жарлымын қалта пұлы.

Талпынғанмен болса-деп жалым қарыс,  
Ештеңеге жетпейді шағын табыс.  
Бұл күндері шешеді тағдырыңды,  
Мықты тірек, мол қаржы, тамыр-таныс.

Пайдам үшін көсеу боп күйеге енсем,  
Көрінгенге басымды ие берсем.  
Бұдан гөрі болар ем ауқаттырақ,  
Бір кеңшардың мал-мүлкін иеленсем.

Бір басымда бейнеттің тоқсан түрі,  
Сор әкелген пайда емес шапшаң тілім.  
Бір шетінде кілемнің жүрер едім,  
Сатып алсам диплом ақша арқылы.

Итпен құсқа таратар бөрі шүлен,  
Жан емеспін қолы ұзын, өрісі кең.  
Сауатсыз-ақ алар ем тақтан орын,  
Күштілермен жалғассам, жең ұшымен.

Қарыным тоқ, болғанмен бүйір көбең ,  
Іші майлы семізден күйім төмен.  
Жемқор жұтқан байлықтың жұғынынан,  
Кем болмас ем бұйырса тиын-тебен.

Елді үркітер жоқ айбын, бойда шенім,  
Бұғып жатқан жоқ қулық ойда есебім.  
Тарыдай бақ , тақта егер көкем болса,  
Қатарымнан соң қалып қоймас едім.

\*\*\*

Келмейді сілкінуге жай шамамыз,  
Ит ішіп орталаған ай шарамыз.  
Тигенмен басымызға егемендік  
Отарлық бұғауында ой санамыз.

Қыпшақпыз тарихта қырық баулы,  
Сан ұлтпен ұлтымыздың бірікті ауылы.  
Қырсығы жолымыздың ашылғанмен  
Қақпасы тіліміздің құлыптаулы.

Көрмейді қордаланған сұмдықты көз  
Орнаған желкемізге бір мықты без.  
Тиседе өз еншіміз өзімізге,  
Қалған жоқ бойымыздан құлдық мінез.

Апаты қара күштің қанды лаңы,  
Ұлтыма жойған дәстүр, тән мұраны.  
Тілі - орыс, түрі – шүршіт, аты –қазақ,  
Ел еткен арақ пен у, қан құрамы.

\*\*\*

Қанша торғай ілгенмен,  
Күйкентей құс қаз алмас.  
Қанша дінге кіргенмен,  
Кәпір кеуде тазармас.

Тәжі томаға кесе де,  
Қыран болып қарға оңбас.  
Қанша құлай сүйсе де,  
Қаны басқа жар болмас.

Қанша аластап қусада,  
Мәңгүрттікке ем қонбас.



Өз жерінде тусада,  
Тегі бөтен ел болмас.

\*\*\*

Құдайдан ар ұяттан жасқанбай көп,  
Ұшамыз сөзімізбен аспандай кеп.  
Бас қоссақ исі қазақ дүрілдейміз,  
Әрі кең, қазақ жері , асқан бай деп.

Түселге адал қолдан асын беріп,  
Аруың шаттанбаса қасын керін.  
Кең жердің иесі боп неге керек,  
Болмаса қазан-ошақ, басыңда ерік.

Бабаңның өткізе алмай дүбірлі асын,  
Қайғы сол, жат жерде өтсе ғұмыр жасың.  
Жеріңнің кеңдігінен қанша пайда,  
Симаса Отаныңа жұмыр басың.

\*\*\*

Төбеден тұрған шақта сырық төніп,  
Бұл халді сезіп пе едік, біліп пе едік?  
Байлыққа көзін ғана сатқан ашпыз,  
Басқаға несібесін жырып беріп.

Жұмсады қол балаша таз қонағым,  
Қымызға шомылдырып, қазыға орадым.  
Төрдегі орнымды жатқа ұсынып,  
Есіктен орын тисе мәз боламын.

Соларға арнап соғып жыр күмбезін,  
Майладым келімсектің мұртын, көзін.  
Қаңғырған қайыршыға қоң бітіріп,  
Отырмын кедейліктің жұртында өзім.

\*\*\*

Ар-намысты ел едік байрақ еткен  
Қасиеті деменіз қайда кеткен .  
Қалар дейсің қасиет елде қандай ,  
Отарлықтың апаты ойран еткен.

Жер қыртысын темір тіс шайнап өткен,  
Түтін, тұман көшеді айна көктен.  
Қалай ғана қалады жерінде құт,  
Орарлықтың зұлматы ойран еткен.

\*\*\*

Ғаламды жұтып бір қауыз,  
Асқынған төбет айға үрді.  
Орыс деп айтқан орма ауыз,  
Отыз тістен айырылды.

Зауал шақ туып ел жүдеп,  
Алланың басы айналды.  
Ел жұртын сүйген ер жүрек,  
Жазықсыз оққа байланды.

Ажалдан бұрын кісі өлді,  
Қанды көз толып ақ шелге.  
Жақсы атқа салмас кісенді,  
Жауыздар салды жақсы ерге.

Зұлымдық билеп жер төсін,  
Алқызыл беттің тайды әрі.  
Елімнің атан серкесін,  
Тамұққа тізіп айдады.

Қарға мен құзғын тойды рас,  
От қару біткен төгіп оқ.  
Ел қамын жеген ойлы бас,  
Күштінің ұшты добы боп.

Қан менен жасқа жуылған,  
Көзімнің оты жақұт шоқ.  
Сормаңдай елде туылған,  
Аймаңдай ерде бақыт жоқ.

\*\*\*

Қойнында жатқан боз далам, Еңілік қызбенен Ер Кебек,  
Іріктім аттың тізгінін бабалар жатқан жерге кеп.

Қуаныш күтіп келіп ем өкініш ғана сыйға алдым,  
Денесі бүтін дерттен сау жер таппай қатты қиналдым.

Шүпілдеп тұрған қайнар жоқ шөліккеп келіп жұтатын,  
Нажағай атқыш жас төккіш бұлттағы жүйке жұқа тым.

Табиғат екен тым сирек мысық мұрт селеу мысқал дән ,  
Ауада ширақ қимыл жоқ көк түтінменен ысталған.

Айдаһар толқын Балқаштың көзінде мұнды сыр тұнып,  
Азапқа төзбей Алматым жатады жиі сілкініп.

Жүгіріп өткен жолына сормен тұз шашқан жел үркек,  
Жан тәсілім берер адамдай Аралым жатыр шөліккеп.

Денесі шешек дағындай, Семейде қазір ауыр хал,  
Жиырманшы ғасырдың алапесімен ауырған.

Кешегі тыңның жұртында айна тазбенен ай тақыр,  
Мүгедек дала тәңірімен, табысар ма екен қайта тіл.

Қарлығаш қанат менде жоқ, жалаңаш қолдан не келсін,  
Лұхпан Хакім саусақпен, сипар ма ем сырқат денесін.

Күңіренем Қорқыт кеудемен қыл қобыз жасап қаламнан,  
Түсінерме екен жамағат рухы азып қаны оңған.

\*\*\*

Біреуден біреу әлек озамыз деп,  
Біреу жүр дүниеге кожамыз деп.  
Бүгінгі қазақтардың келбетінен,  
Кешегі қазақтарды тозам іздеп.

Алдияр айтам бүгін халқыма дат,  
Құламай қалған жұрттан сан тұралап.  
Тулаған қайда сенің асау қаның,  
Баспанаң ордаң қайда алты қанат.

Қалмаған жандай ғұрпы, не тұяғы,  
Жүргендей мекен етіп жат ұяны.  
Қазақтың қартын көрдім, көре алмадым,  
Басынан Абай киген тақияны.

Сыбызғы мұңлық емес құр сарнаған,  
Аққу ол қанатында жыр самғаған.  
Әжені кезіктірдім күміс самай,  
Ақ жаулық көре алмадым кір шалмаған.

Тәкаббар пырақ-талғам осқырынды,  
Амал не осқырынды бос бүлінді.  
Мойыл көз, көре алмадым қарындастан,  
Қара зер қамшы өрімді қос бұрымды.

Ұл көрдім арақ сасып ант атқанын,  
Тулады жиіркеніп тентек қаным.  
Көзеден көздей ғана сусын іштім,  
Даладай дастарханнан дәм татпадым.

Айырылған қияметте тел-сыңардан,  
Қайғы мен қасіретті еншіге алған.  
Барынан бойындағы жұрдай болып,  
Басында жалғыз қабат терсі қалған.

Бейбақтай құдай ұрып, құран атқан,  
Айырылған ата кенттен нұр абаттан.  
Ойрандап отарлаудың жеті жұты,  
Тұрмысын сіңірге іліп тұралатқан.

Біреуден біреу әлек озамыз деп,  
Біреу жүр дүниеге қожамыз деп.  
Бүгінгі кедей елдің келбетінен,  
Кешегі бай қазақты тозам іздеп.

\*\*\*

Тапталды сая бағым салулы үйім,  
Бейнеттің тоқпағында қануда иім.  
Біреуге қолдан берген тізгініңді,  
Қайтарып өз қолыңа алу қиын.

Тусамда ит көйлексіз іштен жарлы  
Енші алдым бұзып жарып, күшпен заңды.  
Айырып тірісінде, алу қиын,  
Дүлейдің астына өзі түскен жанды.

Аққу төс Ақжүніс қыз еті қардай,  
Қор бопты-ау елге қарар беті қалмай.  
Төріңнен төре сиын көрсе мешкей,  
Қусаңда қор боласың, кетіре алмай.

Сылдыр сөз сырты жылтыр, сайқал оңбас,  
Алыс жүр қырық қадам байқа жолдас.

Үркіткен өзің қуып бақыт құсы,  
Оралып тұғырына қайта қонбас.

### Осалдық

Мен қазақпын бері қарай Әлімсақтан,  
Айтаққа еріп аулының малын шапқан.  
Жаттан алар арзан қол шен-шекпенге,  
Елін сатқан, аруын, арын сатқан.

Бір мінезі өзгенің сөзін ұққыш,  
Балы жүрмей басқаға өзін ұтқыш.  
Қарны бір күн тойғанға көбең тартып,  
Басындағы азабын тез ұмытқыш.

Баспа дейміз көрінсе нан қалдығы,  
Софылығы дүмшенің жалған діні.  
Жылмындаған қулығы қыр аспаған,  
Жауға алдырған ақ көңіл аңғалдығы.

Дымымызды желкенің безі құртып,  
Жақсылықтан қашамыз безіп үркіп.  
Мықтылығы сүймен боп сүрінгенге,  
Шығаратын өз көзін өзі түртіп.

Жанары өткір көретін жылан ізін,  
Жады күшті сақтаған жыр-аңызын.  
Қарғанғанда тілі бар у данда ащы,  
Сөз қуғанда құдайдан құлағы ұзын.

Қас-қағымда бола қап күнәлі адам,  
Ақталуға нан ұстап құран алам.  
Жайшылықта хат жазар сауаты жоқ,  
Арыз жазса асады ғұламадан.

Байлық емес семірген жаны буға,  
Бүлінгенде бөлінген сан руға.  
Шоқтық бітсе әлсізге әкіреңдеп,  
Асқан шебер күштіге жағынуға.

Мақтау сөзі балқытып еріткен іш,  
Даттау сөзге кететін желіп тегіс,  
Өз қолынан жасайтын іске шорқақ,  
Маймыл сынды өзгеге еліктегіш.

Елдегіге телмірген көзі лағып,  
 Гауһарына өзгенің жезін алып.  
 Өз ойынан шығарған өтірікке,  
 Өмір кешкен алданып өзі нанып.

Арзан көріп қытайдың бөзіндей-ақ,  
 Асылдарын жоғалтқан көзін бояп.  
 Сойыл соғар айналса қол шоқпарға,  
 Өзге түгіл көрмеген өзінде аяп.

Шыға келер басына оралса бақ,  
 Барша жұрттан бір өзін жоғары санап.  
 Ақыл айтса алдына жан салмаған,  
 Бірақта өзі алмаған содан сабақ,

### Шабытты шақ

Шуы көп жиын топтан қаштым жеріп,  
 Құйғандай у қорғасын бас тұр зеңіп.  
 Кеудеме өлең келді бір ән келді.  
 Тұтқиыл қайдан келді жастық желік.

Көз арбап бұлдыр сағым жолақ ирек,  
 Ну сыңсып өзен тулап, қоға билеп,  
 Алдыма алмағайып, келдің бе есен?  
 Баз кешкен Кемпірбайдан көк ала үйрек.

Бойда ыстық сақараның аптабындай,  
 Барады уақыт зырлап ақпа құмдай,  
 Қағазым қаламыммен кеттің қайда,  
 Бақытты пірім қонған шақта мұндай.

Кеудемнен ұшып шығып бейкүнә өлең,  
 Жетіқат аспан- көкке бой тіреген.  
 Шабытты шақтарымда, періштемін.  
 Ол жоқта жай пенденің кейпіне енем.

\*\*\*

Ақынның шалқар шабыт шын қонағы,  
 Ол келсе пәле-қала жым болады.  
 Ол жоқта қыр соңынан шайтан еріп,  
 Бойына елес сағым жын қонады.

Бас-көзсіз айғай шуға керіске еніп,  
Жүреді өнімсізден жеміс теріп.  
Қонады шабыт келсе басына оның,  
Әулие, пайғамбарлық періштелік.

Жұлдызы шабыт келсе туады оңнан,  
Абыздай жүз ғасырға куә болған.  
Шабытсыз айтқан сөзі босқа лағып,  
Аузына шабыт келсе дуа қонған.

Туындап сиқырлы саз, күй демінен,  
Далаға тарап кеткен жиделі кең.  
Адасып жолын таппай жүрген нақыл,  
Ауызына кірген оның түйдегімен.

\*\*\*

Маңайын жүремін-деп даңғаза ғып,  
Көрмеген ақын байғұс ханға жағып.  
Түсінде көген алмай өлең алып,  
Көрмеген өмірінде малға жарып.

Өмірде күйді кешкен сан шытырман,  
Кезі жоқ асығы бір алшы тұрған.  
Келмеген тірісінде ымыраға,  
Жұлдызы арамдықпен қарсы туған.

Басынан жанашыр жоқ ауса тымақ,  
Жаншыған қабырғасын қаусатып-ақ.  
Елі үшін шетке айдалып отқа түскен,  
Сөзіне ажалменен дау сатып ап.

Тараса ара түсіп маңайға індет,  
Мойнына жүктеп алған талай міндет.  
Жұтылып жаһаннамға өзі кеткен,  
Жыртығын дүниенің жамаймын-деп.

\*\*\*

Жыр жазсам жазам оны халықты ойлай,  
Жыр шіркін келем саған қанып тоймай.  
Жүріп-ақ мал соңында ақын болдым,  
Мал болып малмен бірге қалып қоймай.

Жұрт салды өлеміз-деп нарықта ойбай,  
Ұмтылдым келешекке жарық бойлай.

Еліммен менде бірге алға аттадым,  
Жұртында кедейліктің қалып қоймай.

\*\*\*

Ақынмын үлкенге іні жасқа бапкер,  
Кез емес қарайтығұн қас-қабакқа ел.  
Алыстан ата жұртқа оралам-деп,  
Атандым алпысымда жас талапкер

Әуремін қозғаймын-деп көмескіні  
Кім сүйер заман жаңа, тоны ескіні.  
Қираған күл-талқан боп ауылданмын,  
Бір баймын, тоқтылы қой топ ешкілі.

Үгіліп тас қайрақтай төзім қайрат,  
«Көк сандық» талантының көзін байлап.  
Беймәлім бір түкпірде жатқан жанмын,  
Өзімнің қазаныма өзім қайнап.

\*\*\*

Жанына жүргендерге азық тілеп,  
Жырларым болсын демеу қазық тірек.  
Ұқпасаң сөз астарын сөкпе, ағайын,  
Ойына келгендерін жазыпты-деп.

Бөлінген сыбағам бар тәңіріден,  
Тілі азған, жан емеспін қаны іріген.  
Сыбырлап құлағыма періштелер,  
Алланың ақын болдым әмірімен.

Жүргізем өткен кеткен шаққа қазба,  
Мәз болам қанағат ғып тапқан азға.  
Ғайыптан жүрекке алла салған сөзді,  
Тек ғана түсіремін ақ қағазға.

Тартамын өле-өлгенше сөз күйігін,  
(Жолында арбам сынып тозды ііінім)  
Сан рет жаман сыншы мін тақсада,  
Өлеңім алдырмайды өз биігін.

\*\*\*

Өлең өтпей қойды деп өлең өтпей,  
Қынжыласың бауырым кереметтей.  
Тамырында қазақтың қаны болса,  
Қалмас сірә өлеңге елең етпей.



Еншісінен құр қалған сыисыз қасқа,  
Қайран сөзім қор болды мисыз насқа.  
Өлең деген бауырым бақыт құсы  
Қонбайтыны содан ғой ойсыз басқа.

\*\*\*

Сөздері саф алтынды, ақ жамбылы,  
Пір тұтам Шәкәрімді Мағжанды ұлы.  
Әлемдік классика дегендерің,  
Жылтырақ жез сияқты арзан құны.

Ақындық елес сағым ұстатпайтын,  
Аштырмас тар адымды қысқа аттайтын.  
Абай МұратМахамбет,Бұқар жырау,  
Шар болат, ой жеттпейтін тіс батпайтын.

Тоя ішкен тарихтай сүтті арнаны,  
Қазақтың Мұхтарлары құттар бәрі.  
Алаштың арқасына салмақ түссе,  
Сүйреген өрге қарай жүкті арбаны.

\*\*\*

Шабытым сирек келер сенде жынсың,  
Ғайыптан сәуе көрер оң көзімсің.  
Өзіммен аз уақыт тіл табысып,  
Әзірге қолдап қоршап жерде жүрсің.

Төбемде шатыр аспан мөлдір әлем,  
Қолыма ұзақ ұшып қондың әрең.  
Тазасың кірпиязсың,бір үркітсем,  
Қонбайсың шақырсамда домбырамен.

Бетке алып туған жердің қыр беткейін,  
(Бұл жайлы былайғы жұрт білмек кейін)  
Көсілген қағаз-дала үстіне енді,  
Көктемгі жаңбыр болып дірдектейін.

\*\*\*

Шыбын жан ауызға алып алла аятын,  
Сырқатпын сағыныштан сарғаятын  
«Боз іңген»Сүгір күйін тыңдап алып,  
Бүлкілде жолға түсіп жел мая ақын.

Қолдасын Ақтан пірім мұрты ербиіп,  
Тұрғанда жұлдыз алыс үркер биік.  
Қарайын дүниеге ғашық көзбен,  
Көзіме алтын жиек шілтер киіп.

Соғылған күйден сарай, жырдан тағым,  
Жаралған сәуледен -күн нұрдан- таңым  
Айналған әлдеқашан, періштеге,  
Жебесін Имашханым Құрманханым.

Кәкейім елес берсін асқар белден,  
Ажалдың оғы тиген асқан мерген.  
Аққуым алмағайып ұшқан көлден,  
Қыраным жерде туып, аспанда өлген.

Көшкендей керуенім орны қалмай  
Соғылды-ау таумен тасқа сорлы маңдай,  
Солардың ажалынан секем алған,  
Шыбыным кеудеме жүр орныға алмай.

\*\*\*

Қол едім тауды бұзып тасты қалар,  
Бөгеді шолақ билер бас құдалар.  
Қайдасың түндік қанат қырандарым,  
Жайылған қанатының астына алар.

Жазирам ақ жаңбырмен жуса бетін,  
Бота боп мамық жүнді бу шөгетін.  
Өртендім қайдасыңдар қарлығаштар,  
Сол отқа қанатымен су себетін.

Сұмдықтың жылан шаян бақасы, өріп.  
Қор болды қайран сөзім атасы өліп.  
Мендегі Мұқағали Қасым ғұмыр,  
Олдағы өтер болды-ау жапа шегіп.

\*\*\*

Қабыл болмай аллаға бата дұғаң,  
Тұрмыс кешіп тон тозып ат арыған,  
Жеті жұтқа тап болып елден ала,  
Кімнің келер қалғысы қатарынан.

Запыранды ұрттап ап зар ғып төктім,  
Бойымдағы нар қуат, шалдықты екпін.  
Өкше ізіңнен сор азап қалмай қойса,  
Бәрін тастап келеді қаңғып кеткің.

Кім бар саған жұп –жұмсақ орнын берер,  
Кім кигізер қамқасын торғын бедер.  
Ашпай қойса бағынды қырсық байлап,  
Құсалықтан күйіктен өлгің келер.

Көп тобырлар, содырлар көп түрмелер,  
Қорғануға қажет күш, өткір бедел.  
Құдайы жоқ өмірден түңілген соң,  
Құдайы бар әлемге кеткің келер.

\*\*\*\*

Сөнгенде өлеусіреп шоқтай көзім,  
Зар жылап көз жасыңды төкпе ей,қозым.  
Ақынға жоқтау айтып керегі жоқ,  
Ақынның өз өлеңі жоқтайды өзін

Кей ақын ерте туып кеш танылар,  
Санамда қарлы Алтайдың бес тауы бар.  
Алтыннан құнды ескерткіш соқпасада,  
Атымыз анда-санда еске алынар.

\*\*\*

Қампайтқан жүнін көк жалмын,  
Көзімде терең Тоғжан мұң.  
Тумаған іштен дайын боп,  
Ұрысқа мүлде жоқ жанмын.

Нақақтан отқа көп жандым,  
Өлеңмен біраз топ жардым.  
Қулыққа жарлы ойға бай,  
Баюға ебі жоқ жанмын.

\*\*\*

Алладан ауырғанның қуаты бар,  
Үшкіру қажет емес дуа тұмар.  
Шипа ғой топырағы туған жердің,  
Ем шөбі, тас қайнары суаты бал.

Бір көзбін сан сұмдыққа куә болған,  
Жұлдызым қашан менің туады оңнан.  
Есерсоқ,жеңілаяқ,әулие боп,  
Аузына көк мылжыңның дуа қонған.

Сырқаттан қашып қуат қару қайрат,  
 Сұм ажал денесінде салуда ойнақ.  
 Көзімен, сөзіменен қатар арбап,  
 Ол отыр тиыныңды қағуды ойлап.

Денсаулық өмірдегі, бас құндылық,  
 Ол кетсе кетер, көзге жас тұндырып.  
 Аярдың арбауына түскен аңқау,  
 Сырқатын жатыр қосып асқындырып.

Жатады шиі шығып сыр тартқанда,  
 Шақырған сөзден жем сап құр қақпанға.  
 Арылмай аярлардан жер дүние,  
 Адамзат арылмайды сырқаттанда.

\* \* \*

Тіл тайғанақ сөзде жоқ шыншыл байлам,  
 Қобыз мұңы ұғылмас сым сырнайdan.  
 Көкте самғап жүрген құс төмендегі,  
 Құмырсқаның бейнетін білсін қайдан.

Жүріп жатыр өмірде тылсым майдан,  
 Мың тіленші сұрайды ас бір сұм байдан.  
 Төрге шығып алғандар төмендегі,  
 Қасіретін қараның білсін қайдан.

Құр дәрімен атқанға қымсынбайды аң,  
 Бүлдіреді ұйыған ырысымды айран.  
 Дүрілдеген дәурені ақылсыз жас,  
 Жан азабын кәрінің білсін қайдан.

### **Кәрілік мінез**

Салатын ата-ананың арасына от,  
 Қазақтың өстім ерке баласы боп.  
 Дариға кәрілік келді кәрілік келді,  
 Айтатын ақылы көп шамасы жоқ.

Қазір жоқ шаруаны тез реттеу,  
 Осы екен болат болсаң тозып өтпеу.  
 Дариға кәрілік жетті кәрілік жетті  
 Ұйқысы аз мазасы жоқ сөзі көптеу.

Күндерің бір – бір ұшар той-тойлаған,  
 Беймезгіл есейгенін байқай ма адам?

Тым шабан қол-аяғы кәрілік келді,  
Дауысы зор боқтығы көп айқайлаған.

Бұл кәрілік сәл есі бар сәл есі жоқ  
Бәйге алар өлім қалған, мәресі боп.  
Дариға кәрілік келді жаласымен,  
Тиетін пайдасы азда пәлесі көп.

Тізе жоқ қия беттен төте өрлейтін  
Қан-сөлсіз алжа-алжа боп кетер кейпің.  
Жүйкесі жұқа, қағаз жел қабықтан,  
Тым шамкөс сіркесі су көтермейтін.

Жасайды қадам сайын бір есерлік,  
Төсектен талып тұрып жүре сергіп.  
Кеудесі қайнап тұрған қара қазан,  
Бірақта дәрмені жоқ күресерлік.

Кең тұсау ақылында ұзын арқан,  
Дерт жайлап тұла бойын бұзылар қан.  
Ондағы баладанда көңілі жас,  
Сақалда-ақ, баста-қырау жүзі-қартаң.

Кезінде жолдас болған қу сұмменде,  
Кәрілік данышпан бас сыршыл кеуде.  
Кәрілік жастық шақтың өкініші,  
Айрылар көкірегі күрсінгенде.

Тұрсада екі қолын жерге тіреп.  
Кіруге құмар емес көрге түнек.  
Кәрілік Абыз екен дуалы ауыз,  
Кәрілік надан екен өр көкірек.

Деместен қымбат мынау арзан мынау  
Ойда бар дәулет жинау мал жан құрау.  
Кәрілік еркек екен кемпір жанды,  
Кәрілік кемпір екен шал жандылау.

Бейуақта бұлдыраса көз жанары,  
Олда бір келе жатқан күз хабары.  
Ізденіп өз бетімен табары жоқ,  
Басқадан тым көбірек қызғанары.

Бас сұқпас айғай сүрен топырға өзі,  
Кәріліктің оңашада тоқыр бөзі,

Бәрінің өткен- кеткен мінін тергіш,  
Көруге жақсылықты соқыр көзі.

Кеудесі күншілдіктің бос қорабы,  
Мол асқа жүзе отырып аш қонады.  
Адаммен арақ ішкен ала көз боп,  
Өзі ішпей иісіне-ақ мас болады.

Өткеннің мида қалған үлгі мөрі,  
Заманның саясатшыл бұл бір ері,  
Талпынып өз қолынан жасары жоқ,  
Көбірек қалт-құлт етіп бүлдірері.

Бүлінсе оңай келмес келісімге,  
Мінезін адам ұқпас сол үшінде.  
Ұл келін кемпіріне сиымсыздау,  
Тәп- тәуір қадірі бар ел ішінде.

Көкжалдай кеудесіне оқ таяған,  
Секемшіл көңілінде көп қой алаң.  
Ілінген ел шетіне тұмау сырқат,  
Жөніне кеткен емес соқпай оған.

Айтса ерлік мың адамға, татыр бірі,  
Ішінде өзін құртар жатыр мұңы.  
Сөзінде көбіректеу мұсылмандық,  
Ісінде көбіректеу кәпірлігі.

Бұл қазақ діндар емес құран алған,  
Бабамнан сөзден ғана мұра қалған.  
Шайнардай қара тасты тістенгенмен,  
Көрсеңіз аузында жоқ бір ағарған.

Кездерде жан берісіп жан алысқан,  
Жауларын жалғыз соққан қара құстан.  
Бұл күнде немересі ойнақ қылған,  
Мыңқ етпес басын бассаң кәрі арыстан.

Не керек бүйтіп жүріп құрған тірлік,  
Тек ғана құдай берген тілге еркіндік,  
Жас қыздан ойын айтса дәмесі бар,  
Шындаса шамасы жоқ бір кемпірлік

Тұрғандай қолда- тізгін күш табанда,  
Салардай тұз тағысын ұстап,аңға,

Қимайды дүниесін өзіне өзі,  
Шығайбай сараңдығы ұстағанда.

Көлденең көк атты кеп алатын тай,  
Кей- кезде жомарттығы дәл Атымтай.  
Тіріде көкті тіреп тұрған сынды,  
Өлсе егер әлем қараң қалатындай .

Қалсын-деп жер бетінде адам аты,  
Тілейміз маңдай терден адал ақы.  
Түбіне дүниенің жететіндей,  
Тойымсыз, түпсіз екен қанағаты.

\*\* \* \* \*

Қызықпаған шен менен шекпенге асыл,  
Көңілімнің бояуы көкпен жасыл.  
Көздерім көл, тұңғиық тереңіне  
Батып кеткен жүгімен өткен ғасыр.

Жүзді ескіртіп, шашты алып,ойды алжытып,  
Қайрат түгіл, қан қашты бойдан зытып.  
Жастық шағын жарымның жан сезімін,  
Көзім қорқау қалдырмай қойған жұтып.

Жатыр орман, сиреген дарақ талы,  
Жатыр көзе, аралас шарап-балы  
Көздерімнің түбінде жатыр тозған,  
Қат – қат болған жылнама парақтары.

Құрбым өлді көзімнен жанды ұққандай,  
Даладаймын қырылған жәндік қалмай.  
Жатыр онда өмірден татқан уым,  
Батырылған мұхитқа қалдықтардай.

Елу астым ит өмір қысқа қандай?  
Ұзартатын қиналам күш таба алмай.  
Өзге түгіл, өзімді жұтар бір күн,  
Бермудтегі аждаһа үш тағандай.

\*\*\*

Асыққан омырауын төлі емгенше,  
Армансыз ұл мен қызы терең көмсе.

Жатпайтын табан термен сүтін бұлдап,  
Ата – анаң асыраушың өле – өлгенше.

Ашыққан келімсекті нан, тұзға орап,  
Жіберер салтымыз бар әлсізді оңап.  
Ішіп жеп, ер жеткен соң тайып тұрар,  
Ұл – қызың арам тамақ, арсыз қонақ.

Ұрпағың жетер көшің жер түбіне,  
Елтисің қылығына ерке үніне.  
Келінің екі жүзді, өткір кездік,  
Бірде саған, бірде ауған төркініне.

\*\*\*

Тастаған арқасына бұрымды өріп,  
Қызында ауылымның құлын көрік.  
Қалаға жолаушылап екі қонсам,  
Қайтамын қазанының түбін көріп.

Шашылған сорлы кедей дүбірге еріп,  
Арзанға атасының құнын беріп.  
Айналып базарына екі соқсам,  
Қайтамын өз қалтамның түбін көріп.

Жоқ онда әзіл – қалжың, тілінде ерік,  
Аузына тастағандай жібін керіп.  
Жандардың түрі сұсты реңінен,  
Заманның шошынамын түрін көріп.

Ер демей, әйел демей шылымды еміп,  
Бір іннен жоғалады, бір інге еніп.  
Жалаңаш, жалбыр шашты жасты көріп,  
Шошимын келешектің түрін көріп.

\*\*\*

Күз жолдап, қоштасуын мың тырнадан,  
Жанымды мысық тырнақ, мұң тырнаған.  
Қалады артымызда кең дүние,  
Көлінде сырнайлы аққу сұңқылдаған.

Жастық шақ, бала дәурен баста тұрмай,  
Қамбардың зулап өтті қасқа атындай.  
Орнында құлазиды жетім көңіл,  
Беймезгіл қосағы өлген жас қатындай.



Қойыныннан алтын, күміс, мыс ақтарған,  
 Қара жер талайларды құшаққа алған.  
 Қалады артымызда азғын ұрпақ,  
 Замана өткен сайын ұсақталған.

Қурайды көк өрім гүл басын жарған,  
 Айырап аяулы ұлдан, ғашық жардан.  
 Қонақпыз бәрімізді жолға салып,  
 Қалады өзгеріссіз тасыр жалған.

### **Албырт жастық**

О, жастық шақ асыққыш, ойы аумалы,  
 Болатынын білмейді – ау баяу бәрі.  
 Сұлуымын деп ойлайтын кеткенше оңып,  
 Табиғаттың әсіре бояулары.

Ақыл, қайрат түспеген безбенге ісі,  
 Сағат сайын келетін өзгергісі.  
 Алдағының бәріне алып ұшып,  
 Бар қызықты келетін тез көргісі.

Тиегенмен сыймастай жүгі нарға,  
 Іздейді тек көлемді тұғыр арба.  
 Жүкті сиыр секілді киіп – жарып,  
 Қара таппай жүреді ұрынарға.

Жастық бұлақ арнасы асып толған,  
 Ол көбелек тағатсыз ұшып қонған.  
 Махаббаты өткінші көрсеқызар,  
 Көре сала бір – бірін ғашық болған.

Арзан күлкі, би, дуға қиған кешін,  
 Сылқитатын сыра мен сый– дәмдесін.  
 Масайғанда жау жүрек көзсіз батыр,  
 Мүләйім көз мүсәпір жиғанда есін.

Тектемейді дұрыстық - бұрыстықты,  
 Өз мақсаты іске асса жұмыс біті.  
 Олар үшін ұстаздан аяулы жоқ,  
 Қоя салған үн – түнсіз бір «үштікті».

Бітірсе оқу тау – тасты қопарардай,  
Мұхиттағы бір өзі жеке аралдай,  
Қол көтермес шоқпарды белге байлап,  
Басын жарып жатады көтере алмай.

Кәрілердің жастық шақ тозған жыры,  
Жүйкесіне тиетін сөз қалжыңы.  
Жас буыршын екен ол қаңтардағы,  
Сәурік екен көктемде қозған «жыны».

Шаруаға емес олар іскер, бейім,  
Тәтті ұйқының тартады мыс кернейін.  
Түске дейін шала есті шалық шалған,  
Ақыл кірген азырақ түстен кейін.

Жіп – жіңішке шаштары құндыз мамық,  
Алатындай саусақпен жұлдыз қағып.  
Кеудесінде ойнаған тарпаң бесті,  
Тамырында жүгірген құр қызбалық.

Жын секілді шыққан ол құмырадан,  
Шайнам мисыз есерге «жыры» ұнаған.  
Жел үрлеген жастық шақ шар секілді,  
Желі шығып кеткен соң күні қараң.

\*\*\*

Қалмады боз ордамнан бір жаңа ағаш,  
Салтым жоқ ұсынатын мырзаға бас.  
Тұтынған ұлт киімін сыпырдымда,  
Біреу боп шыға келдім тыр – жалаңаш.

Сұлуым толқын шашын қиып өңдеп,  
Шалының жазып алды миын емдеп.  
Шоқынған шолақ қазақ болып шықтым,  
Ортаға, заманға сай киінем деп.

Басқаның әдет – ғұрпын пір тұтысып,  
Таз болдық елдің атын үркітісіп.  
Кіршіксіз таза тілім шұбарланды,  
Дерт шалып азғындықтың құрты түсіп.

Дәрмен жоқ күресерге жаста ұлғайды,  
Уақыт бастан қара шашты ұрлайды.

Бөтен тіл тозған мүлік азған қылық,  
Атаған адымымды аштырмайды.

Болған соң Қожа өктемнен, жарлық таздан,  
Түсесің күнде көрге тар ғып қазған.  
Бұрылып шектеуі жоқ теріс жолға,  
Заман – ай жастар түгіл кәрілікте азған.

### **Бір кем дүние**

Жер бетіне қаптады да жын-пері  
Екеу болды дүниенің бір кемі.  
Жүзбір атты қатер өсті еселеп,  
Өтірігім сексен болды, қырық еді.

Әйел жұрты шашты қиып, етті ашып,  
Өтер болдық қастарынан бет басып.  
Азғындаса ібіліске теңеуші ек,  
Қылықтары жын-шайтаннан кетті асып.

### **Қасиет туралы жоқтау**

*(1988-жылғы Бай-Өлке жазушылар  
бірлестігі жариялаған мүшәйрада  
1-орын иеленген).*

Арамдықтар алмастың жүзін мұқап,  
Ағашта тек қалыпты ұзын бұтақ.  
Құрып кеткен, сиреген аң-құстардың,  
Жоқтаушысы –жазылды «Қызыл кітап».

«Қызыл кітап» көп жайды ұқтырады,  
Бізге жетпей жойылған құт мұраны.  
Оқығанда жүрегің мұздап шаншып,  
Төбе шашың қалайда тік тұрады.

Сандуғаштар салмайды сазды бір ән,  
Сиреген соң қорғайтын жаздық ұран.  
Не бір асыл жойылды жер бетінен,  
Аяушылық адамда аздығынан.

Талай дәуір ,талай жыл түсті араға,  
Жойылған тек аң менен құс ғана ма?

Құрбандыққа аз емес шалғанымыз,  
Құмға сінді қыш қала мыс қалада.

Алсақ дейтін зұлымдар билеп көкті,  
Бар байлықты отады күйретті, өтті.  
Ол-аздай-ақ ең асыл қасиеттер,  
Өз бойынан адамның сиреп кетті.

Жақсылығын ертеңге несие еткен,  
Сөйлейтіндер көбейді қас, иекпен.  
Айрылса-жер қаншама байлығынан,  
Айрылды адам соншама қасиеттен.

Көңілі шат, халықтың тұрмысы өнді,  
Дәстүріне жаманның үрдісі енді.  
Айрылса адам бір жақсы қасиеттен,  
Кескенмен ол пара-пар бір мүшеңді.

Дөнен бесті сапырған бал қымызды.  
Дәстүрлерге бай еді халқым ізгі,  
Арақ-шарап дегендер дәмге кіріп,  
Бұзып кетті жап-жақсы салтымызды.

Жіберсекте өмірді гүлдендіріп,  
Қалып қойған былық көп күлмен кіріп.  
«Өлдім»десе, бұрылмас жандар аз ба?  
Жақсылығы жоғалған мүлдем құрып.

Адалдармен ел көркем, өмір мәнді,  
Жылмаңдаған жылпостан көңіл қалды,  
Аз табасың іздесең ел ішінен,  
Қой аузынан шөп алмас момындарды.

Нақыл сөздер азайып кісі ұғатын,  
Болып жүрміз сөйлеуге қысылатын.  
Азайыпты аңқылдақ ақ көңілдер,  
Астындағы беретін түсіп атын.

Көп іздедім соларды жанымды сап,  
Қызуынан айрылған жалын құшақ.  
Мінез дейтін көп жанда мінезде жоқ,  
Мың құбылған бірдеңе сабын ғұсап.

Жомарттық жоқ, жасадық тиынға есеп,  
Аулақ қаштық, сынайтын жиын десек  
Мінез түгіл, түгелдей өзгеріске,  
Ұшырады сақал, шаш киім-кешек.

Шаттанудан көремін масаң қылық,  
Кейбіреудің қылығын қашам біліп.  
Сұлулық жоқ, сұлулық дегендерің,  
Опа-далап көбісі жасандылық.

Жана алмады алаулап қызған шоқтар,  
Тежелмеді мұрнымды бұзған шоқпар.  
Бақыт тұр ғой бойдағы талантыңды,  
Көре алмайтын көбейді қызғаншақтар.

Қастарыма кектеніп, досқа ашынар,  
Кездерім көп мүмкін ел басқаша ұғар,  
«Шындық» деген сөздердің өзінде де.  
Өтіріктің көптеген қоспасы бар.

Жәдігөйлер жатып-ақ жүріс ұтты,  
Солар киді қамқа тон, жылы ішікті.  
«Домалатып» айдайтын арызыңды,  
Жансыздардың жаңа бір түрі шықты.

Ағайынның шарлайтын кезіп үйін,  
Кей адамның сөзі-жел, өзі құйын.  
Қосыла сап айрылған жасты көріп,  
Махаббатты бар деудің өзі қиын.

Жүрілмеді жаңаның күресі нақ,  
Кемістікті жоймадық жүре сынап.  
Сәніміз де бұзылды, әніміз де,  
Қайдағы бір даңғырға ілесіп ап.

Кейін қалдық дамыстан алға аттаған,  
Әділ жандар кез келді жан бақпаған.  
Кекірейген көбейтті текаппарды,  
Жағымпаздың қылығы жалбақтаған.

Көңілдегі мұзды ертіп, тоңды оятын,  
Ел қараған қазіргі сол ғой «әкім».  
Алып барған қажетті қағазыңа,  
Басшы сирек бұлданбай қол қоятын.

Пайдаланып лауазым тұрмыс күшін,  
Ақситты ғой талайлар қырғыш тісін.  
Көре тұрып көрмейтін «соқыр» шықты,  
Ағайынмен басшының қылмысты ісін.

Тұрғандар да таланты тасып бойда,  
Дүниеқор боп кетті «сасық» қойма.  
Өнер тамған қолынан хас шеберде,  
Алыпсатар айналды кәсіпқойға.

«Тиын соғып» баламыз асық атпай,  
Ас табуды ойлайды басы қатпай.  
Ұл азайды ержеткен ата- анаға,  
Жиырма беске келгенше асыратпай.

Ата-бабам күн көрген асын сатпай,  
Тауанының азғындық тасын шақпай.  
Тұрмысқада шықпайды енді қыздар,  
Жеті-сегіз жігіттің басын шатпай.

Сабасына шүпілдеп толғанда ырыс,  
Асып кетпе арнадан, жолдан бұрыс.  
Өркенге сай заманның өз адамы,  
Еліне сай дәстүрі болған дұрыс.

Көңілі шат халықтың, тұрмысы өнді,  
Дәстүріне жаңаның үрдісі енді.  
Айрылса адам бір жақсы қасиеттен,  
Кескенмен ол пара-пар бір мүшеңді.

Сақтау үшін ұлды адал, қызыңды пәк,  
Бауырларым айрылған ізінді тап.  
Сен жоғалтқан қасиет үшінде бір,  
Жазылуы керек пе»Қызыл кітап»?!

### **Қойшы деген атым бар**

*(Бұл өлең 1990-жылғы мұшәйрада 2-орын иеленген)*

«Қойшы» деген атым бар қорлағандай,  
Қапаланам елдегі ең сорлы адамдай.  
Мимырттаған жүріспен жүріп келем,  
Алға шықпай, не артта жолда қалмай.

Тапшылыққа байланып көп уақыт,  
Дүниенің жаныма жоғы батып.

Жерге кіре жаздадым «төрелер» кеп,  
Ақырғанда аузынан көбік атып.

Лайлаған ісімен сан тұнықты,  
Тайраңдатып төрімде ерке ұлықты.  
Бір келетін ғайыптан өкіл үшін,  
Әбдіреме сақтадым жартылықты.

Өлең ғана, ой ғана сырлас мықтым,  
Өлім менен бейнетке мың бас тіктім.  
Еркек болып туғанша, әйелі боп,  
Тумадым деп қайғырдым бір бастықтың.

Шаға алмадым мұңымды елге еңіреп,  
Жүйкем тозды көрінген сөзбен іреп.  
Қайдағы бір бастықтың атағы үшін,  
Өлген малды төледім «өлмеді», -деп.

Ойым есек дәмеге құр телініп,  
Алыстады жанымнан үркек үміт.  
«Уазик» мініп қасымнан өтсе біреу,  
Көк шолақты сабадым бір тебініп.

Кездігімдей мұқалып нар талабым,  
Сүздім келіп азаптың жар қабағын.  
Бүйірі тоқ желбуаз папка орынына,  
Күні бойы кереқап арқаладым.

Лағнет қыста айтып сұм тағдырға,  
Жаз кезінде қақталдым күн-тандырға.  
Қаладағы көргенде сұлуларды,  
Өзімді өзім теңедім ұлтан құлға.

Қой бағудың жауыр қып сор-азабы,  
Қайыс болған бейбақпын өң ажары.  
Ұзақ күнде табынның соңына еріп,  
Ауыз ашпай ұстадым оразаны.

Талай түндер қабағын түйіп қонып,  
Күлге айналдым ішімнен күйіктеніп.  
Жарылқаушым тақтағы жақсылықты,  
Жаза берді қағазға үйіп-төгіп.

Тұңғиыққа тартады арман-ағын,  
Қиялдаудан басқадай бар ма амалым.

Сөзден-жұмақ басыма орнаған соң,  
Тал таянып ауаны қарманамын.

\*\*\*

Әжімменен торланды терлі маңдай,  
Қылығым жоқ, сөзім жоқ елге ұнардай.  
Шама азайып барады, тіл ұзарып,  
Тағдыр сыйы қалды екен енді қандай?

Қаза кештім шулатқан елді ұлардай,  
Көпке дейін қашты ұйқым көндіге алмай.  
Өлімімен жақынның жазалады  
Тағдыр сыйы қалды екен енді қандай?

Қатарларым сиреді жөнді ұғардай.  
Өткен күннен барады белгі қалмай.  
Пайда болды есалаң, ұмытшақтық,  
Тағдыр сыйы қалды екен енді қандай?

Жарым кемпір атанды ерні балдай,  
Азамат ем өзімде белді нардай.  
Тасбауырлау жандарға күнім түсті,  
Тағдыр сыйы қалды екен енді қандай.?

\*\*\*

Құдайым жастықты алды, бағымды алды,  
Өткен күн түс елес боп сағымданды.  
Кемітіп бойымдағы күш, ақылды,  
Сайраған қызыл тіл мен жағым қалды.

Тауысып әдіс, айла, бар амалды,  
Кір шалды атақ-даңқты, адал арды.  
Шалқыған шалқар шабыт күндерімнің  
Орнында өкініш пен нала қалды.

Қыртысым сүймейтіндей жуығанды,  
«Мың пәле» тамырымды буып алды.  
Басымнан жолы қилы заман өтіп,  
Бойымда егіп кеткен уы қалды.

Жау санап жаттан бетер туысқанды,  
Талаттым құл мен итке ту ұстарды.



Салдақы саясаттың күні өткенде,  
Орыны кеудемдегі қуыс қалды.

\*\*\*

Қаламым қастауышты\*, май сиялы,  
Көргем жоқ мүшелімнен той-сый әлі.  
Қазақтың әрбір ауыз сөздеріне  
Дана-нақыл, данышпан ой сияды.

Қыздарым ар ұяттан перде тұтқан,  
Ұлымның айбарынан жендет ыққан.  
Жеріне жете айтылған бір ауыз сөз,  
Қазық қып ұрып-соқпай жерге тыққан.

Ғасырлық ұлы сөзім өтті сыннан,  
Сырғытып надандықты шетке ысырған.  
Қазақтың сұрапыл күш сөзі дауыл,  
Мақтаса қанат байлап көкке ұшырған.

\*\*\*

Өлеңім артық дүние-мүлік, мал-жаннан,  
Қалауын тапса қара тас жібіп, қар жанған.  
Сөзімді тыңдап бойыңнан құтың қашпасын,  
Бойымды көріп түңіліп жүрме қалжамнан.

Шырмалған жанмын басыма түсіп тар жалған,  
Талғамым безген жілігі жасық, арзаннан.  
Емеспін ақын атағы таудай жер жарған  
Халқымның сөзін жаңғыртып бояп, төгем жыр.  
Анамның сүті аузыма құйған маржаннан.

\*\*\*

Ұмытып бесін намаз, құтпа кезін,  
Көбейді қадайтындар пұтқа көзін.  
Көбейді қанағатсыз қызыл өңеш,  
Мүлкімен иесінің жұтқан өзін.

Тілінен діндарлар көп балды ағызған,  
Иманды қуалайтын кәллаңыздан.  
Сарнап кеп садақаны сұрап алып,  
Ділдегі жаңылтады аллаңыздан.

Бұл күнде жаға жайлау, етекте кең  
Қысатын қиындық жоқ екі өкпеден.  
Бір дүмше бір дүмшеге дін үйретіп,  
Бір соқыр бір соқырды жетектеген.

Барыңды қалтандағы қақшып алып,  
Жатады жиын тойда мәрт сыналып.  
Жерлейсің басқашалау өліктіде  
Қазақтың салтында жоқ салт шығарып.

Құда да, құдайда жоқ шығындалмай,  
Өйтпесең сыйластық жоқ шырын балдай.  
Балаңа бір той жасау басты парыз,  
Денеңді ит жесе де сіңір қалмай.

\*\*\*

Туудың адам болып өзі борыш,  
Іздеп ем ұлға қоныс, қызыма өріс.  
Еліме қазақ болам деп келіп ем,  
Алдымен тілім болды қызыл орыс.

Шегірткем көгал қуып ыршып қонды,  
Көзіме ноғала мен былшық толды.  
Кетуден монғол болып қашып едім,  
Немерем неміс пенен шүршіт болды.

\*\*\*

Мал бітсе шіренеміз бай адамша-ақ,  
Бөсеміз қыранбыз деп қоян алсақ.  
Боламыз іш ортайса, құлқынға құл,  
Тебеміз дастарханды тоя қалсақ.

Боламыз қыс түспестей ерісе мұз,  
Жабағы соғымымыз телі, семіз.  
Аңсаймыз алыс жүрсек, кісінейміз,  
Тістесіп жақындассақ, тебісеміз.

Мазалы жігіт қайда шекелі кең,  
Атадан жетесі бар жеті елі кем.  
Өзінен біреуі асып бара жатса,  
Тартпаса асы сіңбес етегінен.

Кәпірдей жайшылықта шал-кемпірі,  
Қазада кәлимаға келген тілі.  
Тіріде бір туғаның ата жаудай  
Жоқтаймыз бауырмал боп өлген күні.

\*\*\*

Көнені қолдан жасап, қорғанды үйіп,  
 Ұрпақ бар атадан да болған биік.  
 Тілдесіп тірі жүріп аруақпен,  
 Құдайдың өзінде алған қолдан құйып.

Құлақсыз, құнды сөзден кеңес ұғар,  
 Ашуы аузын ашса ере шығар.  
 Тіріде болмаса да құлшылығы  
 Өлгенде ұжымақтан дәмесі бар.

\*\*\*

Білдірмей өмірімді ақшамды ұтқан,  
 Жалықтым көз ілеспес шапшаңдықтан.  
 Өлемнің жан төзгісіз сұмдықтарын,  
 Көремін үйде отырып «көк сандықтан».

Бұлда бір құмырадай «жынды» баққан,  
 Бетінде сиқыр сағым сырғып аққан.  
 Алдында бір құлаққа құйылған сөз,  
 Ағады қас –қағымда бір құлақтан.

Ажырап ұлттық ойдан қарымы кең,  
 Айландық азғындыққа қаны іріген.  
 Ата-ана ұстазға ұрпақ құлақ аспай,  
 Өсуде көк сандықтың тәлімімен.

Басылып жүректерге қарғыс таңба,  
 Білінбей селкеу түсті арға, ұстамға.  
 Қорқамын айырап-деп адамзатты,  
 Болашақ адамауи болмыстанда.

### **Көне қазақ -жаңа қазақ**

Қарамай әл-ауқатқа, қаражатқа,  
 Өкені бала салған тар азапқа.  
 Тартады көне қазақ дала жаққа,  
 Тартады жаңа қазақ қала жаққа.

Өкеден жаңа қазақ туып үстем,  
 Ауру көне қазақ буыны іскен.  
 Жігіт мас сол қаланың суын ішкен,  
 Өке мас уайымның уын ішкен.

Шығады көне көзін ілмей түнде,  
Күндіз ол арба тартқан құл кейпінде.  
Жаңаның езуінде ыржаң күлкі,  
Мәз болған ойсыз күліп күлмейтінге.

Құлық жоқ шаруаға мойын бұрар,  
Әкені ұйқымен-ақ тойындырар.  
Көне қазақ қымыз бен етке құмар,  
Жаңа қазақ сыра мен ойын құмар.

Көзі ашқан жан түршігер кереметпен,  
Ғасырдың жаңа қазақ терегі екен.  
Ұғымсыз оның қойған күй табағы,  
Көненің қос құлағын керең еткен.

Күндіз күн, түнде аймалап сүйетін ай  
Көнеге дала – мекен, ие - құдай.  
Кететін сараң байды бірнеше орап,  
Болғанмен малға жарлы, ниеті бай.

Көне аңқау, жаңа қазақ алдауға епті,  
Кететін жер соқтырып марғау көпті.  
Мыс тиын өз терімен таппай жүріп,  
Шашса мәз әке жиған мал дәулетті.

Көп көктеп арам шөппен жолына қау,  
Көненің түскен дертпен діліне ақау.  
Көненің ақылы мол, тілі шешен  
Жаңаның ойы шолақ, тілі мақау.

Қалалық кербез мырза, қыршын берен,  
Киінген жаңа мода кір сіңбеген.  
Қалтадан сіреңкедей қорапты алып,  
Тілдескен ғашығына тылсымменен.

Көнеде жеткілікті орден, қағаз,  
Кезінде жетпей қалған армандары аз.  
Жан-жақтың отырытын жайын біліп,  
Үйінде сым - телефон болғанға мәз.

Көненің ыстық ұрттап күйген тілі,  
Ақ адал - ол тәңірдің сүйген құлы.  
Барын сап сорлы ата-ана оқытқанмен,  
Жаңаның білімнен жоқ түйген түгі.

Туа сап май табаны мамық басқан,  
Астында ұшқыр көлік алып қашқан.  
Казино, бардың буы, жардың буы,  
Тастаған әкесінде танытпастан.

.Шығады бесігінде балаға тіс,  
Еліктеу көксейтіні жаңа нақыш.  
Қан төгіп ,қару кезеп жылатпай-ақ,  
Барады деммен сорып «дана Батыс»

Жел етек жеңіл жүріс,күлкі құмар,  
Қаруда қалам емес мылтық ұнар.  
Көбінің тілі ділі Отаны жоқ,  
Көкейін байлық тескен құлқыны бар

Жол ашып, ұрпақ үшін желкен кердім,  
Өзгерттім ой-санамды, өркенге ердім.  
Өмірге ұлттық қансыз буын келді,  
Тағдыры не болады ертеңгі елдің?!

\*\* \* \* \*

Шын сүйгені үшін,Қозы жоқ бүгін тігер бас,  
Сөзінен таймай сертінде тұрар жігерлі аз.  
Жаһандық бойын махаббат дерті билеген,  
Қазіргі жастар шет елге ғашық түгел мас.

Аңсайды кілең елде жоқ ару сый-құшақ,  
Басынан жастай ,киномен кешкен қилы шақ.  
Жетпейді қолы,амал не біздің салтта жоқ,  
Мексикандарша ,Ағылшындарша сүйгісі-ақ.

Жай тапқан жаны өзгертсе бояп түр-түсін,  
Бәріде оғаш ожданы таза жұрт үшін.  
Киімге құмар етегі жырық ауы ашық,  
Кіндігін ашқан келтірер адам күлкісін.

Алыстап кеткен бірге өскен құрбы сый дәмдес,  
Жүректерінде қалмаған орын иманға еш.  
Көңілі көкте арманы шетте боп жүріп,  
Қу тізелерін құшақтап қалған жиғанда ес.

\*\*\*

Тіл келіп кәлимаға өлер шақта,  
Кіргізсін кілең мүмин енер сапқа.

Иманнан үміті бар ,жетер бізге,  
Раббының адал құлы бола алсақта.

Жермен көк арасының жалғауға ісін,  
Пырақтың берген алла самғау күшін.  
Дінніңде берген бізге ең ізгісін,  
Түсірген кітаптыңда таңдаулысын.

Жерде жоқ Мұхамбетке тең ғұлама,  
Бар әлем мойындауда енді ғана.  
Аспанның біздің алла қақ төрінде,  
Құдайы өзгелердің эмблема.

### Алла алдында ақталу

Сезбедім жауап алар тәңір барын,  
Қинайды сол үшін де жанымды арым.  
Қорқамын күнәм ауыр өлген күні  
Кім білсін алла қалай қабылдарын?!

Өткіздім мінәжатсыз әр бір күнді,  
Арнадым кекесін сөз, зар күлкімді.  
Шалмадым аллаға арнап құрбандықты,  
Жұмсадым һарам жолға мал-мүлкімді.

Кезім көп несібемнен босқа айрылған,  
Құлығым тұзақталған аспай қырдан.  
Еліктің лағына мылтық кезеп,  
Бір сұммын көк шыбықты жастай қырған.

Сөйледім жын-шайтанның тілінде тек,  
Дәретсіз зәр сындырдым, бүлінді етек.  
Сәждеге басым қойып, мұсылман боп,  
Көрмедім бес парыздың бірінде өтеп.

Адамды қастай көрдім жаны ашыған,  
Сол үшін жан қиналып алас ұрам.  
Жүгіріп ақымақтардың айтағына  
Жақсының алдым талай жағасынан.

Сан қайттым ажал атты қақпа алдынан,  
Әйтеуір бір күн тиер оқ қаңғыған.  
Пайда үшін жағымпазсып жалған сөйлеп,  
Көп шығар арам ойдан тапқан күнәм.

Жапырдым көктеменің көк жасаңын,  
Он саусақ қолымдағы топ жасағым.  
Өзгенің аттап талай ала жібін  
Аманатқа қиянат көп жасадым.

Нөкердің жаныма ерген ары азынан,  
Жолымды кесті қырсық, қара жылан.  
Саудада көп жасадым қара құрық,  
Жымқырдым тиын тебен таразыдан.

Дәмені серік еттім, қысыр көбең,  
Деңгейден азаматтық ісім төмен.  
Жетімді сыйпамадым маңдайынан,  
Жарлыны кездерім жоқ мүсіркеген.

Кірістім пәле қайда, жала қайда?  
Ер салып ел бүлдірдім ала тайға.  
Жүгірдім қос өкпемді қолыма ала,  
Т үскенде қоғам мүлкі талапайға.

Байлыққа тегін жатқан көзім тұнды,  
Бүлк етпей ар-ұяттан жүзім тұрды.  
Тартармын тым көбірек тіл жазасын,  
Жан едім келте ақылды, ұзын тілді.

Төндіріп жоқшылықтың қара аспанын,  
Құлқынның кезеңінен әрі аспадым.  
Бермедім қайыршыға аз садақа,  
Бұрылып жоқ жітікке қараспадым.

Құтылып пенделіктен, бос керістен  
Өмірден баз кешермін қош деп іштен.  
Хамалдың түгін қоймай кітабына,  
Жазды ғой иықтағы қос періштем.

Мастықтан жиылмады есім кей күн,  
Жанжалға көрік болдым пеш үрлейтін.  
Қияпар, қыңырайған қылығым көп,  
Өзімде, өзге түгіл кешірмейтін.

Тәңірден аз бұйырды несібе адал,  
Қалмады сары ізімнен кесір, амал.  
Күнәм бар таудан үлкен, тастан қатты,  
Кешсе Алла ұлылықтан кешіре алар!

\*\*\*

Салар деп адасқанмен жөнге, ғұрпын  
Оздырған жарамсақпен төрге қыртын,  
Қауқиған қазақпын - деп қайран дене,  
Сінерсің кара жерге сенде бір күн.

Туысын бірге туған бөлген үркін,  
Ұрпақы өз ұлтының емген үрпін.  
Ұлтыма ұрандап кеп табыстырған,  
Қызыл тіл байланарсың сенде бір күн.

Ашқызған білімменен зерде кілтін,  
Қаптатқан сұғын қадап, елге құртын.  
Талайға жақсы-жаман куә болған,  
Екі көз суаларсың сенде бір күн.

Азғындап алла ісімен сенген ұрқым,  
Шашылар жиып терген желге мүлкім.  
Көз майын таусып жазған қайран жырым,  
Қаларсың күл қоқыста сен де бір күн.

\*\*\*

Жазмышының жазуынан озар кім?  
Мегзілінен ерте келді-ау ажал тым.  
Қайран әкем асқар тауым, қорғаным,  
Аузынан шыққан әрбір сөзі алтын.

Күйзелемін болған жандай еңбегі еш,  
Алыстатты-ау қалың тау мен бел-белес.  
Мен өзіңді сағынбаймын қалайша,  
Зиратыңда көріп жүрер жерде емес.

Менің кіндік топырағым қалды алыс,  
Көндіреді тағдыр басқа салған іс.  
Тал бойымда қасиетің, қаның жүр,  
Дәтке қуат етем соны алданыш.

\*\*\*

Алатын кара сөзден өлең қалқып,  
Кететін дауысына әлем балқып.  
Өзінің ақындығын сезбей кеткен,  
Әкеміз ақын еді менен де артық.



Сусыны қымыз еді дөнен бесті,  
Үніне тау да, тас та елендесті.  
Өлеңін өзін тыңдар далаға айтқан,  
Әкеміз ақын еді менен де есті.

Құлпырған басқан жері гүл масаты,  
Қой бағып күнінде сан қырды асатын.  
Өлеңін тау жаңғырта далаға айтып,  
Күбірлеп табиғатпен сырласатын.

Балайтын зор бақытқа бұл бір шағын,  
Тыңдайтын перде керіп дүлдүл сағым.  
Әкемнің зор даусына ілесетін  
Көл де құс, ормандағы бұлбұл сарын.

Ат сыйлап достарына зерлі кежім,  
Танытқан дархандығын, кең мінезін.  
Әу десе бұлттар көшін тоқтататын  
Әнімен бағындырған желдің өзін.

Шымырлап шығатұғын қайнап бойдан,  
Өлеңі түзілетін қаймақты ойдан.  
Өлеңмен құс жолына арқан керіп,  
Құстардың керуенін байлап қойған.

Шаттығы араласқан сор бейнетпен,  
Өтті өмір, аз ғана күн кернейлеткен.  
Ол менен бақытты екен сөзден қадір,  
Ақыннан бақ тайғанын көрмей кеткен.

Келтірген дала сәнін нарттай өңмен,  
Бар еді қалың қойы қаптай өрген.  
Ол менен бақытты екен күйіп-жанып,  
Өмірде жыр азабын тартпай өлген.

\*\*\*

Өткеннен ақымақпын белгі іздеген,  
Қайдағы-жайдағыны тергізді өлең.  
Бұл күнде ана уызын ембей сәби,  
Алданған емізікке жел-құзбенен.

Өтетін күймей оттан, малтап судан,  
Қажыдым екі жүзді, жалтақ сұмнан.  
Кезіктім қанағаты жоқ заманға,  
Алла демей, ақша деп жан тапсырған.

\*\*\*

Болса егер де қоғам лас,  
Адамдары болар нас.  
Кім емдесе мәңгүртті?  
Мәңгүрт байғұс соған қас.

Жарлыға үйі – мола қос,  
Дәні өнімсіз қора бос.  
Кім емдесе жындыны?  
Жынды бейбақ соған өш.

Өз бойында жүрдай күш,  
Өзі біліп қылмайды іс.  
Кім құтқарса құлдықтан?  
Соған қарсы құл байғұс.

\*\*\*

Бұл өмірде у бар ма мен ішпеген?  
Шағылатын алайда шемішке емен.  
Ақылдының тірнектеп жиғандарын,  
Ақымақтар шашады шөмішпенен.

Қайда әділдік, абырой адам аты,  
Қайда кеткен жандардың қанағаты?  
Жаттап айтқан асаба ат мінеді,  
Ал ақынға жоқ тиын, қаламақы.

Жер шарының жиылып құл құтаны,  
Алдап, арбап байлықты қылғытады.  
Таратады басқалар дінін текке  
Мұсылманның сатулы дін кітабы.

\*\*\*

Уақыт зулап қашқан қызыл киік,  
Жаныма зәрін шашқан тұзын құйып.  
Заманның тыр жалаңаш сиқын көріп,  
Ұяттан күнде өлемін жүзім күйіп.

Жандар бар өз буына өзі піскен,  
Май басқан кеудесі ме, көзі ме іскен?!  
Қарттар бар, өз ойымен өзі алысып,  
Таусылған есеңгіреп тозып іштен.

Шықты алғыр жемін шалар көзі алыстан,  
Көбейді бүлк етпес бет, тозаңы ұшқан.

145

Көбейді көргенсіз қыз, жүгенсіз ұл  
Өзінің мүшесімен өзі алысқан.

Елірген үлгі алам деп озық ұлттан,  
Елге сор, ашылмаған көзі бұлттан.  
Өз тілін, өз анасын өзі ұмытып  
Ұрпақ бар жөргекте өзін-өзі құртқан.

Жүрек аз еңіреген, елім дескен  
Баланың ата-ана бар сорын кешкен.  
Тіріде түзелмейтін жолға түсіп,  
Жастар бар өзіне-өзі өлім кескен.

\*\*\*

Жарымаған тегі ұлттық емшекті еміп,  
Заман дерті ауыртқан «жел шетпе»ғып.  
Қалалық боп қазекең далалық боп,  
Іштей іріп барады бөлшектеніп.

Өзі жүрер сызылған жол шектеліп,  
Несібесін бөгде қол өлшеп беріп.  
Ауызындағы тіліде екі айырылып.  
Бастан шіріп барады бөлшектеніп.

Жарымайды малыда мол шөпке еніп,  
Даласынан жат саусақ ем шөп теріп.  
Оралманнан байырғы қазақ үркіп,  
Қайран елім тозғаны-ай бөлшектеліп.

146

## 5-бөлім

### Ауыл дастан

#### I

Желкілдеген үкілі нар ботасы,  
Қолдау тапса жылжыған өрге тасы.  
Арғы атасы қазақтың Алаш емес,  
Қараша ауыл қазақтың арғы атасы.

Барушы еді іздеген ертегі елін,  
Боз баласы сал-сері, ерке керім.  
Ауыл еді тудырған ел бастаған,  
Ай мүйізді Алаштың серкелерін.

Ауыл десе еске алам бәйге аттарын,  
Тегістеген даланың сай қатпарын .  
Ауыл еді тудырған ұлтымыздың,  
Тұнығында кілкіген қаймақтарын.

Тұралатып нарықтың шарты, заңы,  
Аштырмаған адымын тар тұзағы.  
Өмірінің өзегі қан тамыры,  
Ауыл, ауыл қазақтың жарты жаны.

Қайран ауыл- ақ боз үй-алашалы,  
Сан сәуегей сен жайлы бал ашады.  
Ауыл десе түнгі оттай елестейді,  
Қатпа бала қазақтың қара шалы.

Ата салтым, тарихым, ана тілім,  
Дінім, ділім, ожданым, ар, ақығым,  
Түп - тамырым, рухым, сана ақылым,  
Қасиетті әулием дана пірім,  
Боз жусаным, жұпарым, бал әтірім.

Жиылмаған мәрттігім дастарханым,  
Симай қалған уыстап шашқан тарым.

Хан, патшаның тәбетін оята алған,  
Саумал қымыз, бал еті жас марқаның.

Қызға тиым, ұлға ұлттық салты қатаң,  
Білегі - емен, ерінің балтыры-атан.  
Қозы көшке әнінің сазы жеткен,  
Қайран ауыл ақсүйек, алтыбақан.

Көз алдымда жорға тай қысыр емген,  
Кең далада ұл едім өсіп өнген.  
Ауыл десе жал - жая, қазы қарта,  
Қаладағы қазақтың түсіне енген.

Қан тамыры даламның Сыр, Есілі,  
Арнасында тынбаған күрес үні.  
Тұтқиылдан оған да төнді қатер,  
Ауыл еді қазақтың бір есімі.

Өкініш боп өртеген өзектерді,  
Шайтан ойлар үмітсіз, мезі етті елді.  
Аралдай боп тартылған, Балқаштай боп,  
Ауылға да, мінеки, кезек келді.

Кескек жібі ит үріп ағытулы,  
Басты уайым ауылды сары тулы.  
Әлсіреген рухы момын елге,  
Бір зобалаң, беймезгіл тағы туды.

Жоқтық байлап жомарт қол, жорға тілін,  
Жүзіп ішер азайды мол қатығым.  
Мақтау айтар марқайып кезінде бұл,  
Жоқтау айтар жұртта ұлып, болды ақының.

## II

Әнге құмар адамы жырға құмар,  
Жез киігі қорық ең қырда ағылар.  
Қас мініскер орнатқан мұражай ең,  
Неше алуан өнердің жұрнағы бар.

Менің ұлттық сен едің ұстын тағым,  
Көк жүзіне секірген құс-тұлпарың.  
Қалтыратты жанымды қатқан мұздай,  
Басыңдағы бүгінгі мүшкіл халің.

Қазы-қарта қазақтың құштар асы,  
Таршылықтың шыжғырды мыс табасы.  
Түз көркінен, айрылды жұрт малынан,  
Баудай қырып «делдалдың»ұстарасы.

Неше алуан айла мен талап епті,  
Ел қолында қалмады адал етті.  
Шұбырынды ақ табан күн тумай-ақ,  
Әкесінен айрылып бала кетті.

Күнде думан жайлауы, күнде сауық,  
Қонысынан жатқанда ел іргесі ауып.  
Жау шапқанда қазақтың әдеті бар,  
Жататұғын әкесін бірге шауып.

Жатса піспей жарлының нан,тарысы,  
Шапқан қатар малына тау тағысы.  
Тыныш жатқан ауылға шүйілді кеп,  
Қарымдысы қаланың қалталысы.

Жоғарыда сүйеуі, әлді мықты,  
Көкте құдай, жердегі заңды ұмытты.  
Кесірінен солардың момын халық,  
Өз қолымен жасады жарлылықты.

Жағалауын күл, шөлмек көміп түгел,  
Жетім қалды жәудіреп көрікті көл.  
Сынық кірпіш қалдырмай тасып кетті,  
Қорабы кең қомағай көліктілер.

Ашық күнде соқтырған жіті дауыл,  
Жүгіде ауыр нарықтың жұтыда ауыр.  
Шіріп түскен бей мезгіл тістей болып,  
Қала берді кетіп бүтін ауыл.

Құлазыды көк жайлау қыр оты бар,  
Қопарылды кең залдар жыр оқылар.  
Тұрған үйін өзінің құмға көміп,  
Әр бір тұрғын жасады бір Отырар.

Болып кетті талайдың жолдасы жат,  
Қараусыздан молайды жолда сызат.  
Қызыл қолмен күні үшін жұмыссыз жұрт,  
Ойрандады ауылды бомбасыз-ақ.

Аттыға еріп жаяулар босдүрлікті  
Кәсібіне біреулер қосты ұрлықты.  
Қала жаққа үдеріп ауыл халқы,  
Қалап алды еркімен босқындықты.

Қайран ауыл себілген шындық дәні,  
Аянышты көрінген мұңлық халі.  
Әлдеқашан кенттік боп кеткендердің,  
Шаранасы ауылда, кіндік қаны.

Жылтыраққа адамы көзін сатқан,  
Күні қараң аптаға созылса ақпан.  
Қол-аяғы ақшамен ұзарғандар,  
Қайта айналып «жау болып» өзін шапқан.

Құлады ауыл ажамен, жаза жоқтан,  
Құтылмады түлігі ажал-оқтан.  
Құдайынан отырар қонақ тілеп,  
Қайран ауыл түспеген қазаны оттан.

Қайран ауыл ежелден ұлтқа қорған ,  
Елдігіме ұйтқы мен тұтқа болған .  
Жұмыс емес мәз болып күні өткенге,  
Жүз грамын масың жүр ұрттап алған .  
Иесі тұрған үйдің күресінін ,  
Ұлиды иттер күзетіп жұртта қалған.

Құжаты жоқ қолында заңды растар,  
Нәпақасы тозған пұл қалдық астар.  
Кәсіпкердің, фермердің жұмысшысы ,  
Құлқыны үшін күн кешкен қаңғыбастар.

Көп үйлердің орнында қоқыс ғана,  
Жайылымын жайпаған от-ұстара.  
Оба жылғы нәубеттен қалғандай боп,  
Мектебінде үркердей екі-үш бала.

Шайлықтырып батырдың ер жүрегін,  
Көрдім жұрттың тағдырға ренжігенін.  
Оқуына баланың атын сатып,  
Әке қалған арқалап ер жүгенін.

Күтім емес абырой, бас аманы,  
Бала тумай тартылып қос анары.

Қамауында қаланың айлап жатып,  
Бошалаумен жүкті ана босанады.

Жақында жоқ емделер бөлек орын,  
Тұмау тисе басына төнеді өлім.  
Қатарлары сиреген қарттарының,  
Сырласы жоқ, сырласы көне қорым.

Құлдырауы қарттардың жан азабы,  
Мақтаны ауыл, елімнің әрі ажары.  
Ауыл өшсе өмірден бірге көшер,  
Жазылмаған ұлт заңы, дала заңы.

Қар бітеген, сел бұзған жол қажытты,  
Арық малын лайсаң орға жықты.  
Қала жақтан тараған ұлтты құртқан,  
Бала тұмау дерт еді ол да жұқты.

Тарап едік кіндіктен ене кескен,  
Ақ бесікке тербеліп бөбегі өскен.  
Ордасы жоқ сауықтың бас қосудың,  
Ақыр соңы бітеді төбелеспен.

Қаржы ұсынар жомарт жоқ уыс ашып,  
Көрген күнін тілдейді ел, қу іші ашып.  
Ауыруы ауылдың «сары ауру»  
Жуынатын, ішетін суы сасық.

Көктің жүзін ай бойы тұтып перде,  
Боран үшін тесіктер түтік, керней.  
«Ұзынсары» атанған қыстың соңы,  
Қажытады оңайға бітіп бермей.

Қылдырық жіп, үзіліп жуан сынып,  
Алпыс екі тамырды буар сүлік.  
Жерге қылтан шығармай, шыжғырады,  
Орнап алған жаз бойғы қуаңшылық.

Бір құдайдың сияқты жазған құлы,  
Тұтынары базардың тозған пұлы.  
Жарамсыз боп кеніштен сыртқа төккен,  
Күресіннің отыны қазған күлі.

Бір қараса жаратқан теріс, қырын,  
Бар пәлесі қаптайды жер үстінің.



Қара бұлттай қаптаған шегіртке кеп,  
Жайпап,отап кетеді егістігін.

Жұтқыншақтар жұтынған малды көздеп,  
Көзін тіккен ауылға қанды «көз» көп.  
Малы түгіл жалмайды адамдарын,  
Таскенеден тараған қанды безгек.

Мамыражай үйренген тәтті өмірге,  
Орнында жоқ ауылың тепкен ірге.  
Тың көтерген кешегі тракторлар,  
Іріп-шіріп айналған тат темірге.

Берекенің малында мол құнары,  
Саудалаған қалғанша соңғы лағы.  
Тобан аяқ ауылда мешеулер қап,  
Көшіп кеткен қалаға қондылары.

Күресерге дәрмен жоқ белдесерге,  
Зая кеткен бейнеті сел нөсерге.  
Жан айқайы ешкімге естілмейтін,  
Оқшау әлем айналған дербес елге.

Жұрт буғанда баюға белді бекем,  
Ауылыңның тағдыры өлдіге тең.  
Қайырым күтіп әркімге жаутандайды,  
Кеудесінде жаны бар елді мекен.

### III

Ат шаптырым ауласын қар сіреуі,  
Табиғаттан ауылдың қамшы жеуі.  
Шөре-шөре хәлі бар ана тілдің,  
Қуат күші сарқылып әлсіреуі.

Құбылысты сезетін жиі аңғарып,  
Қиялым жоқ ұшатын қиянға алып.  
Боталардың боздауы боздағаны,  
Қазақы жан дүнием иен қалып.

Ат-қанаты қазақтың, жылқы-лауы,  
Барымтадан басталған ілкі дауы.  
Құлыншақтың желіде кісінеуі,  
Шыбын жаны қазақтың шырқырауы.

Жатса тұрса ауызға ап бір құдайды,  
Күнді аңсайды көңілім мұрты майлы.  
Ауыл десе Алаш кеп көз алдыма,  
Сай-сүйегім сыздайды сырқырайды.

Қайран ауыл үйлері бала толы,  
Ұлы қоңыр, қыздары қараторы.  
Адамында жоқ мүлде түлкі қулық,  
Әкімінің жоқ жемқор, паракоры.  
Қолға жұмыс қонбаған басына оқу,  
Сенделбайдың көбейген жаңа тобы.

Күзде туған көтерем көрпелдесі,  
Қарынының толар ма ертең месі?  
Айналған тек ауылдың ақшасына,  
Маңдайдағы қазақтың төл теңгесі.

Баса алмаған күнде өтер ашып адым,  
Туды деме ауылым басыма күн.  
Ел басында тұрғанда егемендік,  
Мұңаймағын жабырқап жасымағын.

Санасы құл, болғанмен тілі шұбар,  
Келер күнім беретін ырысы бар.  
Мың өліп, мың тірілген қазағымның,  
Көп көрген құқайының бірі шығар.

Қанша салмақ түссе де басына ауыр,  
Іргең тыныш, жабырқап жасыма ауыл.

#### IV

Жылжығанда сездірмей заман алға,  
Теріс ағып өзенде табады арна.  
Айрылады алғашқы келбетінен,  
Дүр сілкініп дүние жаңарарда.

Табиғатта енеді реңге өзге,  
Жойылғанда құрт, қоңыз кілең кезбе.  
Арылады бойдағы арам еттен,  
Мамық тастап жас қыран түлер кезде.

Арынды өзен алысқа жол аларда,  
Тасқын суға кілкілдеп толады арна.  
Ел ішінде болады дүр сілкініс,  
Бақыт құсы қайтадан ораларда.

Ол сілкініс біз үшін ауыл жылы,  
Ауыл жылы жаңа бір дәуір жыры.  
Ерім үшін өмірдің үлкен сыны,  
Еліме артқан заманның ауыр жүгі.

Ауыл жылы ауылды қолдау жылы,  
Ел мақсаты ақынның толғау жыры.  
Көреген көз алғыр ой жатыр сезіп,  
Жомарт қолдан ұсынған мол қаржыны.

Ел басының айқарып нұр құшағы,  
Ауылдың да оралды нұрлы шағы.  
Ескі жұртын қамданса жаңғыртуға,  
Жаңарудың бұл дағы бір нышаны.

Әр қадамы аттаған өрге басып,  
«Ауылым көшіп барады белден асып».  
Елбасының аузынан шыққан лебіз,  
Қайнар көзін байлықтың берген ашып.

Алтын күрек өткеннің шаңын қағып,  
Ту даламда жайқалар дән ырғалып.  
Батпандаған күн жақын байлық сыйлар,  
Тас екеш, тастың да өзі тамырланып.

Ұлтым дейтін ұл –қыз көп елім дейтін,  
Ауылының аңсайтын керім кейпін.  
Уыз кернеп жер сызып емшектері,  
Төрт түлігім күн жақын желіндейтін.

Ұлылықтың атасы нар тұлғаның,  
Қайта табар жоғалған салтым мәнін.  
Құны қымбат нарықта мұнай менен,  
Бәсекеге түседі алтын дәнім.

Қайта түлеп ана тіл, ырым, сенім,  
Ұрпағыма береді шырын сөлін.  
Өрең қалған тұяғы төрт түлігім,  
Қайта оралар ақ таяқ пірің сенің.

Қозы –көктем келгенде бота көктем,  
Қалың отар жөңкілер жота беттен.  
Дихан баба орнынан аунап түсіп,  
Ырысты иіп береді соқа, кетпен.

Жаны құштар жаңаға білім құмар,  
Жеткіншегің ғаламның тілінде ұғар.  
Малды жемдеп, сүт сауар қолғанат боп,  
Заманауи жап –жаңа құрылғылар.

Азы қалар жаманның көбі кетер,  
Еуропаның күн жақын төріне өтер.  
Тақымында тайы жоқ тарамыс ұл,  
Машинаны шет елдік көлік етер.

Жас ұрпағым құлпырып гүлдеп өсіп,  
Тербеткізер жас ана күнге бесік.  
Самауыр, мұржалардан ұшқан түтін,  
Жүзер бұлтпен аспанда бірге көшіп.

Жүректерге күн кетер жара салған,  
Самала нұр шашырар дара шамнан.  
Лай тұтқан сан жылғы кенеңіз,  
Қанып ішер шипа су арасаннан.

Жұртта жатқан іске асып көн терілер,  
Арманыңның қанаты кең керілер.  
Жүрісі өнбес қазіргі жаман жолдар,  
Қара зермен ертең- ақ көмкерілер.

Қара бала тай мініп елес құмар,  
Дауысымен айғайлар өңеш қырар.  
Көлеңкеде кемпірлер жіп иіріп,  
Дөң басында қарттарым кеңес құрар.

Құлпырып кесапаттан азат өңір,  
Ұрпақ келер өмірге таза көңіл.  
Мәрттігімен жалғанды жарылқаған,  
Дүниеге оралар қазақы өмір.

Ақша тауып адамы пайда қуар,  
Ауылыма орнайды жайлы ахуал.  
Өркениет көшіне ілесетін,  
Ғалым туар, қалталы байда туар.

Жедел дамыс көненің орнын басып,  
Келешекке баратын жол нұрлы, ашық.  
Маңдайына жазылған ұлтымның тек,  
Еншісінде ертеңнің мол бір нәсіп.  
Сол күнге асық, ағайын сол күнге асық .

Айдарынан күн жақын жел есетін,  
 Әкімінің міндеті шені өсетін.  
 Күші өлшеусіз көліктер көмекке кеп,  
 Қаламенен өркені теңесетін.

Төрт құбылам байлықтың төрт емшегі,  
 Кемем жүзер көтеріп желкеншені.  
 Жадау кезге қаныққан куәгер- көз,  
 Тани алмай қалады ертең сені.

Тарихым бар жазылған тасқа қанмен,  
 Ғаламторда сырласам басқа әлеммен.  
 Көзін жаулап жаһанның алған елміз,  
 Егіз Есіл, Бәйтерек-Астанаммен.

Қалды ілеспей ғаламның сан алыбы,  
 Көш басында халқымның саналы ұлы.  
 Әлемге айқын жасайды жаңа ауылды,  
 Ғұлама ой ел басының даналығы.

#### Киіз үй.

*Жан емен бақ жұлдызы жоғар туған,  
 Кезім жоқ көкке шапшып, көгал қуған.  
 Кестесі өмірімнің түзілгендей,  
 Блғи бір айырылудан, жоғалтудан.*

Төрінде төгілетін дастан өлең,  
 Төбеден көрінетін аспан әлем.  
 Жарты шар-киіз үйім кешір мені,  
 Сая, жай, салтанатты баспанам ең.

Бір басып босаға аттар екі басып,  
 Тойлаушы ем жас келіннің бетін ашып.  
 Іргенді самал желге түріп тастап,  
 Жайланғам жас бағыланның етін асып.

Кең сиған келін-кешек, бала-шаға,  
 Құлайтын көрпе, сырмақ, алашаға,  
 Тұратын оң жағыңда қыран бүркіт,  
 Сол жақта іркілдеген қара саба.

Ел едік төрт түлікпен тағдыры егіз,  
 Ат қылып аяқтана тал мінеміз.  
 Жиылған оюлаған жүк аяққа,  
 Салынған қыз жасауы әбдіреміз.

Бойында бар қасиет адамға тән,  
Киетін қасқыр ішік беделді атам.  
Ілінген көне қару, күміс белбеу,  
Төрінде қайың тіреу адал бақан.

Киіз үй сенде туып, төрге аунадым,  
Келмеді сақтауға әлім, қорғауға әлім.  
Сіңірген кемпір қосақ бояуларын,  
Шым шиің, кереге бау, жел бауларың.

Көз жазу бай мұрадан тірі өлімдей,  
Түсінбей қадіріңді сүйе білмей.  
Сөгілген керегеңді қойдым жиып,  
Өліктің қурап қалған сүйегіндей.

Жат жұрттың салтын тұтып, сөзін қыртып,  
Бойдан кетті көгершін сезімде үркіп.  
Бабамның мың жыл тұтқан асыл мүлкі- ай,  
Бір –бірлеп мен жатырмын көзін құртып.

Болды ұмыт қоңыр күйім толғайтын жәй,  
Кеудемде сөз атасы өлді айтылмай.  
Тарихи тамырынан бөлінбесе,  
Қазақта өркениет болмайтындай.

\* \* \*

Бұзау-тірлік кештім ғой байлауда өскен,  
Қоңыр желді сағындым қойнауда ескен.  
Түйеменен тізілтіп құс керуен ,  
Қайран күндер қалды ғой жайлау көшкен.

Жең ішіне жасырып қолды сынған,  
Қонағына қой сойып төрді ұсынған.  
Жатын тірлік жатаққа айналам-деп,  
Айырылдым ғой қазақы болмысымнан.

Атқа шауып ұл қайда тақымы ісер,  
Арқа тұтар қарт қайда ақылы сел.  
Ата кәсіп дегеннен қол үздімде,  
Кер жалқауға айналдым жатып ішер.

Өз үкімін жүргізіп тайы қасқа,  
Ұрпағымның айналды ойы ыласқа.

Бақыр тапсам базарда көзін құртып,  
Тік қасық боп қалдым ғой дайын асқа.

Қыл айланбас кезіктім пиғылға тар,  
Кеудеме шер жүзіме жидым қаһар.  
Қолғанатқа айналған құл тетіктер.  
Саусақ басын жандар аз қимылдатар.

Бас көтермей жаһандық қарсы ықпалдан,  
Асылдарым қаншама мансұқталған.  
Түзге айналған қайтейін қонысымды,  
Қазанымды қайтейін қаңсып қалған.

Барлық әлем бас иген мәңгілік-деп,  
Аян берген тәңірден жаңғырып көк.  
Отқа піскен не жетсін ас дәміне,  
Түзде ұйықтауға не жетсін шалдығып кеп.

### **Ойсыл қара.**

Кіндік –анаң мекенін байсын дала,  
Пірің азып кетті ғой ойсыл қара.  
Мөлт-мөлт етіп тұратын бота көзің,  
Асыл тастай қондырған ай сырғаға.  
Кезсе атам желмаямен мақпал түзді,  
Жүк артып араладым шатқал, құзды.  
Бір шара қымыранды сіміріп ап,  
Төсенсем жібітуші ем қатқан мұзды.  
Боздатып «нар игенді» екі шектен,  
Сүт қатып ем жасадым жеті шөптен.  
Келседе жеті жұтқа бой бермеуші ем,  
Кигенде түйе жүні күпі, шекпен.  
Жерге ізін тұлпар салса, ай тағаның,  
Шарладың сенде отанның бай танабын.  
Далама Түріксібпен жібек жолын,  
Сенің де салып кетті май табаның.  
Кемем ең құмда жүзген қайырламай,  
Бүгінгі өкіндірмес жайың қалай.  
Атанның қомында өскен буын едім,  
Тағдырдың сенен мені айырғаны-ай.

Ақ орда азайған соң киелі қос,  
Келеді ұрпақ өсіп сүйегі бос.  
Пойыздар Сары арқадан өткен сайын,  
Аламын сені есіме түйелі көш.

6-бөлім  
Тағдыр

*Өсімдіктің сыққандай нәрсіз майын,  
Кей нәрсеге жасадым әлсіз пайым.  
Кешір мені, тарих сырыңды аштым,  
О, жалғаннан оралған жансыздайын.*

Бір мекенде арман не өлсек көмсек,  
Өлшем жетпес, қайғымды өлшеп көрсек.  
Қандастарым шашылған жер бетіне,  
Жүрегіміз жаралы бөлшек-бөлшек.

Жатқа айналдық, шетте жат емшекті еміп,  
Біз жүретін сызылды жол шектеліп.  
Бөліп алған күштілер жермен бірге,  
Бізде кеттік бүйректей бөлшектеліп.

Жатқа кетті даламның қанша аумағы,  
Сорасы ағып көзімнен қан саулады.  
Бір жауымның оғынан қашып шығып,  
Бір жауымнан сұрадым жан сауғаны.

Қайнарымның қаншама көзі бітті,  
Жаттың «боқтық» ұрпағым сөзін ұқты,  
Өз атынан күні үшін өзі безіп,  
Талай ұрпақ өз тегін өзі ұмытты.

Санасының көзіне айран тамып,  
Бірін-бірі ұмытты қайран халық,  
Жүз жылдан соң қайтадан қауышқанда,  
Табыспады туыстай жайраң қағып,  
Бір-біріне жатырқай үрке қарап,  
Ұғысты әрең, ат қойып айдар, тағып.

Сайын дала айрылып саумал көлден,  
«Елім-ай» деп зарлаған ауғанда елден.  
Бөлінбеген еншісі бар қазақтың,  
Темір күзет арасын таулар бөлген.

Бодандықтан құл болды іргелі елім,  
Төр басында ойнады кірмелерім.  
Шартарапқа шашылған күллі қазақ,  
Бөлшектелген мүшесі бір дененің.



Қолдағысын күштілер тартып алған,  
Ошағы өшіп бүтіні жартыланған.  
Сан патшаның тапталып табанында,  
Қайран менің қазағым тарпы қалған.

Бір мекенде арман не өлсек көмсек,  
Өлшем жетпес, қайғымды өлшеп көрсек.  
Қандастарым жүр менің талай елде ,  
Тарихымда сан тарау бөлшек –бөлшек.

### **Жүз жылдық қасірет**

(поэма)

*(Бұл дастан өткен ғасыр қасіретін шексіз,  
тартқан Найман-ата ұрпақтарына ескерткіш)*

### **Жыр басы**

Таңдайымнан төгілтіп лағыл жаңа ән.  
Ақиқаттың деп едім шамын жағам.  
Адал жандар асығып көптен күткен,  
Армысың сен азаттық ғаділ заман.

Кеудем көрге айналып көз, берішке,  
Жатты айтылмай жүректің сөздері іште.  
Жалған сөзбен уланған ақыл ойым,  
Жаңа оянып,енді ұлы өзгеріске.

Басқа жұртпен тұра алмай теңеп иін,  
Ашық күнде ашыды неге миым.  
Қара қылды қақ жарған қайта оралды,  
Зарықтырған әділет «төбе биім».

Сырқатынан арылып құяң –денем,  
Ұмыт болған қауыштым күй әнменен.  
Заман кетті кім айтса ақиқатты,  
Көмейіне қорғасын құям деген.

Ел үстіне отарлау «жұты» ұялап,  
Жатты ұзаққа созылып бұл қиянат.  
Өз көлеңкем өзіме қос көрініп.  
Естігенді келіп ем құпиялап.

Көзін ашты тарих шын ғұлама,  
Әр лебізі татитын мың дұғаға.  
Бастан кешкен ақтарып қасіретін,  
Ақын емес сөйлейді Шындық-ана.

## I

Қырда өскем, жерінде жоқ қалашық там,  
Торқа емес көйлек киіп ала шыттан.  
Сол жылы солқылдаған бойжеткен ем  
Он жеті он сегізге жаңа шыққан.

Сол кездің аруы едім елік мүсін,  
Қылығым талайлардың ерітті ішін.  
Үнемі боз балалар өңінде ойлап  
Мен жайлы таласатын жорып түсін.

Басыма қонған еді шынында бақ,  
Сыртымнан үлкендер де сұғын қадап.  
Берілмей жастық шақтың желігіне,  
Көтердім парасаттың жүгін қабат.

Айтқан соң, айтқанда жөн мынаны ашып,  
Сөзімнен ездер кетті бұға қашып.  
Сүйеніп кейбіреулер байлығына,  
Оп-оңай алмақ болды құдаласып

Бетіне кейбіреулер, көн жамаған,  
Бермесе деп есірді олжаға алам,  
Ешкімнің мазағына салдырмады,  
Үш бірдей барыс-жүрек көкжал ағам

Қыз жоғын ұғып сұмдар босқа жатқан,  
Бармағын шайнап, қанын тасқа жаққан.  
Жігітін ел ішінің елемедім,  
Сүйгенім келетіндей басқа жақтан.

## II

Өлгендер болмаса тек түтіні өшіп,  
Келгендей сол көктеммен «күт» ілесіп  
Жаз болды, жан-жануар мәре-сәре,  
Нұр жауған, жердің шөбі бітік өсіп.

Жарлылар сауын алып байдан санап,  
Мол болды барлық үйде айран-шалап.  
Балалар тайға мініп, тайынша үйретіп,  
Өткізді әрбір күнді сайран сап-ақ.

Күнін ойлап астықсыз шайсыз қалар,  
Сызданса мол қарпितын бай сызданар.

Ақ орыс жұмысшы алып жатыр деген,  
Жетеді Найман\* жақтан жайсыз хабар.

Дегенмен жазғы нөсер жауын құрғап,  
Сарғая бастаған кез жауыр қырат.  
Көш келді кілең, атқа жүк тиеген,  
Сәске түс қалған кезде ауыңқырап.

Бақытым көптен бері жүрген есте  
Қолыма қонатындай тұрды елестеп.  
Асығыс аттарынан жүк түсіріп,  
Төрт бес үй қонып жатты іргелес кеп.

Жүретін талай іске ұрынып-ақ,  
Мінім деп санамайтын мұны бірақ .  
Бар еді Кесір деген тұра шауып.  
Әкелді жұрттан хабар бұрынырақ.

Отырдым барлық жайды көзден кешіп,  
Тапты әкем жалғыз ауыз сөзден несіп.  
«Сүйінші»-деді оған таяу барып,  
-келіпті Найман жақтан жездең көшіп.

Білінді келмегені қайынсырап,  
Кесірден білді олардың жайын сұрап.  
Қайысты сонда әкемнің қабырғасы,  
Жаққандай ту биенің майын сылап.

«Сүйінші» естілген соң құлаққа анық,  
Жөнелді самалда іліп бұлақта алып.  
Бір үйге ауыл түгел жиылысты,  
Бірінен бірі лезде құлақтанып.

Төсенген тоқсанға кеп торқа мамық,  
Жүзінен шым шытырық жол таралып,  
Шау тартқан, кәрі әжеге ат мінгізіп,  
Жеткіздік әлгі ауылға ортаға алып.

Төбеден төңкеріліп Шаңырақ көк,  
Қосылды бір-біріне жамырап көп.  
Сары әйел әжем өңдес сұңғақ бойлы,  
Бас салды кәрі анасын аңырап кеп.

Табысып туысқандар құшақтасып,  
Кештегі ұмыт қалды ұсақ кәсіп.

«Тілеу» деп бір ақсарбас мал сойды да,  
Қайнатты қазанға сап, ошаққа асып.

Жігітке жөбі-шөкім имейтін бас,  
Жиенге көңілім түсті түйдей құрдас.  
Олда бір жанып тұрған жалын екен,  
Сұлуды түйдім іштей-«сүймей тынбас».

Ақ нөсер тұратығұн тынбай құйып,  
Оқшау бір, жездем отыр шыңдай биік.  
Соғады әңгімені ауыз жаппай,  
Уыздай жиналған жұрт тыңдайды ұйып.

Саумалдай тұнық едім жаңа сауған.  
Түспеген өжет едім сан асаудан.  
Көз алмай жиен жігіт телміреді,  
Ойымен маған ғана санасы ауған.

Отырған қимылымды жиі бағып,  
Белгілі менінде оған күйім анық.  
Ойым онда , жездемнің әрбір сөзін,  
Көкейге отырмын мен құйып алып.

- Елдегі қол-аяғы ақ патшаның,  
Даланың болды ілезде қақпақ шаңын.  
Кедейді қойдай тізіп әскерге айдап,  
Бақыттың өздеріне жақпақ шамын.

Зұлымдар ұқсап бейне аш бөріге,  
Халықты айналдырды жас теріге.  
Біздерді болыс түгел тізімге алды,  
Патшаның айдамақ боп әскеріне.

Айдаһар алғаннан соң жұтып антын,  
Әліптің төзе алмадық күтіп артын.  
Патшаның басқа төнген құрығынан,  
Бірігіп жол іздедік құтылатын.

Жаулардың бейғам кезін пайдаланып,  
Кешіксек өкінерміз жайға қалып.  
Дедікте жалғыз түнде Қобда көштік,  
Ат-көлік қару күшті сайлап алып.

Деменіз бұл жай бізге осал тиді,  
Қамытын қасіреттің нашар киді.  
Жауыздық шеңгелінен шықтым алып,  
Тараған бір атадан бес- алты үйді.

Бұл көшу оларға ауыр соққаны айқын.  
Жігітте талығыпты көп қарайтын.  
Тосыннан Кесірде бір сөз қыстырды,  
Жыбырлап аузы-мұрны тоқтамайтын.

- Ежелден біздің елдің іргесі құт,  
Өсетін өсімдігі күлге шығып.  
Жездеке осы жаққа орын теуіп,  
Қаларсыз арамызға мүлде сіңіп.

- Мен де бір топыраққа өнген шыбық,  
Айырылса тамырынан өлген шіріп.  
Ер туған жерінде деп айтқан бабам,  
Не табам өзім туған елден шығып?!

Қалды ғой туған жер де, туыс та алшақ,  
Қорлық сол өтсең туған ұлысты аңсап.  
Ат айналып қазығын табар – деген,  
Қайтармыз ел іргесі тынышталса – ақ.

Білдірді ол байласа да тоқтамасын,  
Дегендей Кесір үнсіз жоқ таласым.  
Сол түннің әңгімемен өтті көбі,  
Әкелді қазаншы да баптап асын.

### III

Қыс түсті бұрынғыдай дауыл сарнап,  
Салмады бейқам жұртқа ауыр салмақ.  
Қарлатып қарашада өте шықты,  
Ақ бұрқақ Жыландының тауын шарлап.

Жездемнің қылығы елге жатыр ұнап,  
Қыстадық бізде оларға жақынырақ.  
Күзде олар пішен шауып мол шөп алды,  
Жездемнің бір кісідей ақылын ап.

Шығады дейді – біздің бәрі ағайдан,  
(Туылған сөз емес бұл арам ойдан)

Кесті де ағаштарды қақтап қашап,  
Бір-бір үй салып алды қарағайдан.

Ешкімнің жалдамай-ақ тазбаласын,  
Толтырды өз малына өз қорасын.  
Боранда мол пішенге қойды тығып,  
Аттарын, бұзау, торпақ азғанасын.

Алыстан іздемей-ақ ырыс-бақты,  
Кәсібін ел ішінен дұрыс тапты.  
Көн илеп өздеріне қайта сатты,  
Арзанға алып елдегі құрысқақты\*.

Өң берді келістіріп тағы бұған,  
Бояу ғып қарағайдың қабығынан.  
Мылтық сап, шаңғыменен бөрі аулады,  
Әредік жететұғын салып лаң.

Жатса олар іскерлігін мойындатып,  
Деп қана туған жердің бойында құт.  
Жүрсе де аш-жалаңаш баяғыдай,  
Жоқ әлі біздің елдің ойында түк.

Құнтсыздау елде шабан-шалағай көп,  
Жүретін үсті-басы қара май боп.  
Жездейлер қыстау салған тау етегі,  
Аталып кетті Найман қарағай - деп.

Тұрған соң қас-қабағын тәңір жылтып,  
Бөрі пәс малдың кетер таңын жыртып.  
Басқа жұрт мәре-сәре, әжем сырқат,  
Тек қана біздің ауыл абыржыңқы.

Қарт әжем жан емес ед есепте артық,  
Кеткендей сырқат деген «есек» тарпып.  
Ажалдың қара құсы айналдырып,  
Жатқан-ды көптен бері төсек тартып.

Кетейін деді ме екен жайғап ісін,  
Бір күні жиып алды бойға күшін.  
Әкемді сыртта жүрген шақырып ап  
Қалды айтып соңғы сөзін, ойдағысын.

Бұзылып жарықтықтың шырайлы өңі,  
Шытынап ғұмырының тұр әйнегі.  
Дауысы әріректен зорға шығып,  
Әкеме ең соңғы рет былай деді.

- Жақын кеп бұршы маған бетіңді ұлым,  
Тұлпарсың емессің сен жетім құлын.  
Ойласам күйеу салар топырақты,  
Тоқсан жыл күтіп жүрген секілдімін.

Көрдiңбе, бұрғандаймын өлiмге бет,  
Жасысаң берер саған елiң көмек.  
Елiне күйеу бала қайтам-деп жүр,  
Қалмаңдар есiл ердiң жолын бөгеп.

Апаңда жақсылықтың бiлер құнын,  
Сол болсын өмiрдегi бiр ерлiгiң.  
Кеткенде байғұс қызды өз iргеңнен,  
Сопитып жапа жалғыз жiберме ұлым.

Тасиды сонда ғана шын ырысың,  
Менiде көрден қозғар қыңыр iсiң  
Ержетiп қалған анау баласына,  
Қосып бер қалаған бiр сiңiлiсiн.

Әкеме кеуде жағын сүйеп барып.  
Қоштасты дүниемен иек қағып,  
Қайғының қорғасыны жүректi езiп,  
Ызғары жалап тұрды сүйек қарып.

Қара жер талайларды жатқан қылғып,  
Қастарда құшағында тапқан бiрлiк.  
Осылай жылап- сықтап асыл жанды,  
Ақырғы сапарына аттандырдық.

#### IV

Бар ауыл жалғыз ғана тiлекте едi,  
Тату боп арасынан қыл өтпедi.  
Қос ғашық тұрдық жиi хабарласып  
Мақсат –бiр арман-егiз жүрек-телi.

Екеуiмiз екi ауылдың перiштесi ек,  
Махаббат құпия сыр ол iшкi есеп.

Жас Жайсаң іздеп кейде түзден кәсіп,  
Аңсайтын болдым аз күн көріспесек.

Жүретін төркініне сөз беделі,  
Мен болдым апамның да көздегені.  
Ананың бар бақыты баласы ғой,  
Қалайды бұл өмірден өзге нені.

Жатқанда қуанышқа ел кенеліп,  
- Қайтеміз ішке сырды ірке беріп -  
Дедіде жездем бір күн құда түсті,  
Қасына құрдасымды ерте келіп.

Әкемнің ойға толды қас-қабағы,  
Жалғыз қыз үш ұл еді баста бағы  
Жесісіп құйрық бауыр құдай - десті,  
Жездемнің сөзін жерге тастамады.

Биіктеп арманының зерен көгі,  
Мөлдіреп қиялының терең көлі.  
«Тегін бер-теңін тапса»-деген бабам,  
Қызымды қалыңсыз-ақ берем-деді.

Жүзіне қастарымның ыза тұнып,  
Шағылды тауанының сызаты іріп.  
Апайым қолқа салып қоймаған соң  
Аз күнде кете бардым ұзатылып.

Жездем бір бүршік атып сан түлеген,  
Жайқалған секілді еді алтын емен.  
Келін боп барғаннан соң, атын тергеп,  
«Әтиім»-дедім Найман салтыменен.

Ағайын той жасасты ойнап-күліп,  
Саусаққа келін болдым оймақты іліп.  
Базары балалықтың тарқады да,  
Өмірге кете бердім бойлап кіріп.

## Ү

Көбейтіп Жыланды да жаңа үйлерді,  
Өркені аз ауылдың дами берді.  
Бір жылдай салт жүрдімде, келер жылы,  
Өмірге ақ сазандай сәби келді.



Мен үшін өмір сыры жұмбақ әлі,  
Жас сәби үлкендерге тым бағалы.  
Шақ қалды жүректері жарылуға,  
Көргенде балпанақтай ұл баланы.

Әтиім адам еді озық ойлы,  
Жылтатын жалғыз ауыз сөзі бойды.  
Жалаңаш кеудесіне басып тұрып,  
Базар-деп есімінде өзі қойды.

Шықсада қалың қарға ауыл қыстап,  
Көрмедік қыс бойында ауыр қыспақ.  
Тек ғана Әтиімнің жүзі сынық.  
Сүзектен сызып жүрген ауырғыштап.

Түске еніп туған жердің тоғай талы,  
Деп түйдім уайымын молайтады.  
Қар кетіп Қанас жолы ашылғанда,  
Ел жаққа кетеміз-деп көп айтады.

## ҮІ

Алысып үлкендерден ақ батаны,  
Ел жұрттан айрылысар шақ тақады.  
Қанастан жол шықты-деп атам бас боп,  
Ер салды тәуекел-деп атқа тағы.

Ешкім жоқ жолға шыққан шын құмартып,  
Сақсына жол жүреміз дүрбі тартып,  
Тараған бір атадан аз ағайын,  
Жөнелді қос-қолаңын жылқыға артып.

Әкемнің тыңдап едім сөзін бөлмей,  
«Өлермін қызым сені көзім көрмей».  
Үш ағам шығарып сап күндік жерге,  
Анашым қалды аңырап боз іңгендей.

Тусыған даласында мал құжынап,  
Туған жер туған елім қалды жырақ.  
Көз жасым осы жерден бастау алып,  
Білдім бе өтерімді мәңгі жылап.

Тұруға жан батпайтын тура қарап.  
Кетеді аң сүрлеуі суға қамап,

Әтиім келе жатыр көшті бастап,  
Сан қилы жолдан өттік нуды аралап.

Тамұқтай айтылатын жиі аңызда,  
Тіредік талай мұздық қия-құзға,  
Тартатын сияқтымыз машақатты,  
Жеткенше екінші бір ұямызға.

Түн болса тегістеліп қыр, ой ,кетік,  
Маңайды көрсетеді үрейлі етіп,  
Күн шыға ұйқы қанбай аттанамыз,  
Киімшең ер жастанып түней кетіп.

Шаршатқан артта қалып, шағыл бұйрат,  
Жөнелді көштің жолы тағы ылдилап.  
Әтиім сыр берместен келе жатыр,  
Сыраты сыздасада жанын қинап.

Жол тапқан тар кезеңнен қарлы құздан,  
Сол еді қатер сепкен заңды бұзған,  
Біз жайлы күндік жерден хабар естіп,  
Азғана шықты ағайын алдымыздан.

Тапқанға қайта үйірін ырза-ақ бәрі,  
Әкелді ерулігін құр жатпады.  
Патшаның дүмпуінен қашып көшіп,  
Азайған ағайында бұл жақтағы.

Ұйқысыз неше күндей зорығып талып  
Ұмыт боп жолда көрген қорлық қалып,  
Буырқанған Бұқтырманың жағасына,  
Ауған ел бес-алты үйлі қондық барып.

Халықтың маңдайына тұрақтамай,  
Сөнді ғой жанып тұрған шырақ талай.  
Жеткен соң өз жеріне көзін жұмды,  
Әтиім қатты ауырып бір аптадай.

Ақсуым тасығанда көлді лайлап ,  
Шығып ед біздің елден белді байлап.  
Жетуге осы жерге, өгдеп еді,  
Кім білсін топырағы келді ме айдап?

## ҮІІ

Атанып өкіметшіл батыл жігіт,  
Әбігер белсенділер атын жығып.  
Әлемді дүр сілкінткен,ел ішінде,  
Әйгілі ұжымдасу жатыр жүріп.

Жарлыны тастайтындай әлдендіріп,  
Аздаған беріледі малмен-мүлік.  
Жұмылып кірісеміз шаруаға,  
Кеш жатып,аз дем алып,таңмен тұрып.

Заман-деп өткен күнді қарғыс атқан,  
Байларды зұлым дейміз арды сатқан.  
Ұжымның ауыр жүгін арқаласып,  
Жайсаңда көрінеді алғы саптан.

Қуандық талшық асты жесек бөліп  
Еш қандай желікпедік өсекке еріп,  
Ұжымның бердік бізде аз үлесін,  
Орташа дәулеттіге есептеліп.

Колхозшы дегенді үлкен атақ көріп,  
Жөнелдік артель құрып,жатаққа еріп.  
Ие боп қалдық бір ат бір сиырға,  
Бар малды басқармаға матап беріп.

Байлықты көктеп тұрған жалын шалып,  
Көбейді үсті-үстіне алым-салық.  
Жетпеді киер –киім ішер асқа,  
Тапқаны еріміздің жанын салып.

Кім білсін кез болдыма қу сорына,  
Бүйтпес ед тағдыр бастап тұрса оңына.  
Басқарма кәрін тігіп жалғыз атқа,  
Жайсаңның түсіп алды қыр соңына.

Бойында мансап буы барма желік,  
Құзғындай құрқылдаған қанға жерік.  
Бір күні атты келіп алам – деді,  
Күнелткен соқа, сүйреп арба жегіп.

Айтқанмен жөн-жосықты қанша иіліп,  
Мұрынын тыңдамады сәл шүйіріп,

Соқты кеп күрең аттың кеудесімен,  
Жайсаңға ат үстіненен қамшы үйіріп.

Үнемі шоқпар болып төбеде ойнап,  
Жүрмекпе, кімдер оған көне қоймақ?  
Мақсаты ел үстінен пайда табу,  
Жүрген жоқ бұдан өзге дәнеңе ойлап.

Жүретін күрең жорға құстай ағып,  
Сезгендей бұл сұмдықты іштей анық.  
Үстінен басқарманы алды жұлып,  
Қарулы ер тізгінінен ұстай алып.

Өзінің қылығына тым арланып,  
Жайсаңның жатты астында жұмарланып  
Түстіде ағайын кеп арашаға,  
Итті әбден түте алмады құмары қанып.

Орнынан бейбақ әрең көтеріліп,  
Шашбауын қолдаушы жоқ, кетер іліп.  
- «Өкімет адамына қол тигіздің,  
Айдатам» - жөнелді атын төпеп ұрып.

Көктемгі ызғары бар соңғы қардай,  
Жайсаңға бұдан сонда төнді дардай.  
Өзі ісі сәл қисықтау болды білем,  
Қолынан қойды ештеңе өндіре алмай.

Басқарма қайта бастап күлкі жырды,  
Жайсаңға күтті келер жылқы жылды,  
Көрінді сырттай кексіз адамдай боп,  
Ішіне сақтап жүрді бір қыжылды.

Залым ит, атандыда жорға жігіт,  
Осындай күйге түскен зорға жібіп.  
Жайсаңға ол арнаған тереңірек,  
Жатты бір алыс жерде ор қазылып.

### ҮІІІ

Әйгілі отыз үштің қысы келіп,  
Тұрған кез қарлы суық күшіне еніп.  
Ауру аштықпенен елді жайлап,  
Жатқан кез көбі өлгеннің үсіп өліп.

Көктемей ерте солып өрім шыбық,  
Халықты соқты тағдыр өлімші ғып.  
Жатады ауыл үсті даңғаза боп,  
Күн сайын үй басынан өлім шығып.

Жан едік маңдай терден іздеген құт.  
Тамшы су, талшық асты жүзге бөлдік.  
Енеммен тағдыр сыйы төрт баланың,  
Екеуін сол аштықта бізде көмдік.

Жүзінен күлкі қашып, шаттық өшіп,  
Басына келер күннен бақ тілесіп,  
Жол таңдап тірі қалар кәсіп іздеп,  
Көршілер басқа жаққа жатты көшіп.

Аяғын басқан әрең жерге тіреп,  
Көтерем халық қазір шер көкірек.  
Жау тауып ел ішінен жатты айдатып,  
ГПУ-дың қаруланған жендеті кеп.

Табылмас обадайын еш бір емі,  
Бұл жайтта елге жайсыз естіледі.  
Тірілген жылмықпенен әпжыландай,  
Жанданған басқарманың ескі кегі.

Аздай-ақ бұрын-соңды әуре еткені,  
Жарағым жала деген жауға өтпеді.  
Ақситып азу тісін елге келген,  
Талады бізді тағы нәубет, бөрі.

«Қайтарып қызылдарға қарымта оқпен,  
Әкесі Мұңғылға өткен қалың топпен.  
Жайсаңды өкіметтің жауы-депті,  
Аққа еріп большевиктің қанын төккен.

Жартының бөлінгенде өзі екіге,  
Бұлар жүр шылқа тойып қаз етіне.  
Жақыннан жау іздеген жалдап үшін,  
Дәлелдің бұдан артық қажеті не.

Зұлымдық іші толы сыртында айбат,  
Басқарма шіренеді мұртын майлап.  
Қарулы түсі суық екі женедет,  
Әкетті Жайсаңды да бір түнде айдап.

Суалып қос жанарым қос теңіздей,  
Бітеме бар қызығым өшкен іздей.  
Қос жендет көзімізше ұрып соғып,  
Әкетті тым болмаса «хош» дегізбей.

Өткеріп бастарынан базар айын,  
Күйзелді шағын ауыл аз ағайын.  
Жайсаңның үйден кеткен бұл сапарын,  
Бәрі де қарсы алысты қазадайын.

Азапқа амалсыздан тізе бүктім,  
Бар жайды ес жиған соң түзеп ұқтым.  
Ас татпай екі күндей шашым жұлып,  
Мың өліп,мың талықсып түзеліпмін.

Қызыл қан тырнақ сызған беттен ағып,  
Жабысқан киімменен етке барып.  
Базарым он үште еді басым сүйеп,  
Үш жасар қызды біреу кеткен алып.

Туылып ел басына шақ күтпеген,  
Көзінен бұлбұл ұшты шаттық деген.  
Ағайын көрші-қолаң жұбатады,  
Басып кеп әр адымын сақтықпенен.

Өмірді ұқпасамда жете қанып,  
Әрнені бағымдаймын жеке қалып.  
«Кебенек киген келер»-...әй қайдам,-деп,  
Шошимын өз ойымнан секем алып.

Салық деп жинап алған талғау дәнін,  
Қатердің көрдік көзбен елге ауғанын.  
Шара жоқ бірде жылап,бірде уанып,  
Біздерде қарастырдық өлмеу қамын.

«Кез болып алдынан бір жалама тік,  
Жаныңа жүрген шығар жара батып».  
-Дегенмен тап жауының жан ұясын.  
Бұл жерге отыра алман паналатып.

Табылып жаулар жатыр қырдан ойдан,  
Солардың көзін құртар бұл да майдан.  
Еріне әсіресе қиын соғар,  
Қарасын тез батырсын бұл маңайдан.

Көзіне қасіреттің уы тамған,  
Заман-ай, ай тұтылып күні тоңған.  
Сөзінен қоқиалаған басқарманың,  
Ақпанда шығып кеттік жылы тамнан.

Шашқандай ұрттап алып бір теңізді,  
Қар жатты біздер жүрген бүркеп ізді.  
Ағайын арасынан алыс кетіп,  
Тіктік бір жат өлкеге күркемізді.

Өзіме өлім болса төте келген,  
Көнер ем бас тартпастан көтерер де ем.  
«Жер ауған» деген үркіп атымыздан,  
Көп жүрдік жұғыса алмай бөтен елмен.

Жармасып шалғайына долы күшік,  
Суалған молшылдықтың желіні ісіп.  
Келеміз қалт-құлт етіп қыстан шығып.,  
Сүмесін бір сиырдың бөліп ішіп.

Қолқалап сұраса да ел жабыла,  
Бекінем бермеспін деп он жабыға.  
Сиырды бақтым шөпті жұлып беріп,  
Күркенің түнде байлап оң жағына.

Бұл жердің бей мәлімдеу әлі сыры,  
Дегенмен отыны мол қамысы ірі.  
Шөп жұлдым отын тасып қажымдадым,  
Болады-ау сорлы адамның жаны сірі.

Тағдырдың көрем деп пе ем бұл мазағын,  
Онымен шықпады ғой бірге жаным.  
Жайсаңым жазғытұрым болды қаза,  
Көтермей жау соққысын, түрме азабын.

Жүректі қайғы аздай-ақ қақ айырған,  
Айырылды есіл жұртым талай ұлдан.  
Шынымен тар қапаста қалды ма екен,  
Топырақ бұйырмай бар ағайыннан.

Дейді ұлым:-Айырылдым ба сорлы көкем,  
Қай жерден бұйырды екен соңғы мекен.  
Зарлайды ол:-Әлде біреу көмді ме екен,  
Әлде жем, итпен құсқа болды ма екен.

О, көкем қалар деп ем өзің келіп,  
Келмедің, берем енді төзімге ерік.  
Қалмады-ау туған жерде топырағың,  
Жүретін медеу тұтып көзім көріп.

Қанатын ұланың ем қаққан жаңа,  
Жібірме көкірекке қатқан жара.  
Сенбеймін сені ешқашан жау дегенге,  
Ол зұлым дұшпандарың жапқан жала.

Зұлымдар салды аямай халқыма лаң,  
Бұл жайды мен олардан артық ұғам.  
Ертең –ақ шындық жеңіп сен олардың,  
Аларсың қылқындырып алқымынан.

Жатқанда жеміс жидек түзде пісіп,  
Сіңгенде өсімдікке күздегі шық.  
Табысып мауқымызды бір басармыз,  
Мәз-мейрам қиялменен жүз көрісіп.

Оңай ма кетсе құлап алып шыңы,  
Көзінің жиі-жиі тамып шығы.  
Ілінген сіңіріне бейкүнә жас,  
Соны айтып, ауық-ауық талықсыды.

Жатқанда адам түгіл жайрап табыт,  
Қолыма ақыл деген байрақты алып.  
Жайсаңның армандарын жалғау үшін,  
Қайтадан белді будым қайраттанып.

Адамдық борышымды дұрыс ақтап,  
Жүрмін бе, кеттім бе, әлде тым ұсақтап?  
Ант еттім, аруағына, артта қалған,  
Ұрпағын жеткізем деп тірі сақтап.

## IX

Келіп ек сан азапқа көптен шыдап,  
Көрші ауыл қозғады ойды, өткен шұбап.  
Солардың дүбіріне ілестікте,  
Қытайға бізде көштік көктем шыға.

Жақсылық бардай онда елеңдестік,  
Кім білсін тозып жүріп өлем бе өстіп?.



Келемін бір үміттің алдауымен,  
Төркінім Алтай асты дегенді естіп.

Ол рас,қыс келгенде жарақ ұстап,  
Тонапты мал дәулетін аламыштап.  
Ерден ес,малдан шығын көп шыққан соң,  
Қобдаға қайта көшкен шала қыстап.

Тағдыр бір айналғанда сыртын беріп,  
Құбылар қырғауылдай мың түрге еніп,  
Тағыда қала бердім есеңгіреп,  
Ауылдың қыстап көшкен жұртын көріп.

Молшылық қонды іргесін салып аулақ,  
Өспеді ырыс бақтың дәні қаулап.  
Мен тауып елішінен айран-шалап,  
Базарым әкеледі балық аулап.

Оның да жоқтық қамшы жонын тіліп,  
Кіріскен қарекетке жеңін түріп.  
Мен жүрмін қайыршының кебін киіп,  
Байлардың жібін есіп,тонын тігіп.

Бұл ел де бізге бақыт әкелмеді,  
Күніміз көрген құрысын жат елдегі.  
Қайықтай күн кешеміз қалтылдаумен,  
Тартады тереңіне қатер-көлі.

Жоқтықтың қарлы ызғары қарып бетті,  
Аямай жатты бізден алып кекті.  
Желіндеп тұрған жалғыз сиырды да,  
Бір түнде топты қасқыр жарып кетті.

Дәменің боз іңгені орға құлап,  
Қалды ғой ақ ботасы жолда аңырап.  
Қобдаға көшсек деген ниетте едік,  
Азғана әл жинап ап қонданып ап.

Заманның жанға батса «жұты» аяздай  
Қала алмас сылқым тоңып,сыпайы азбай.  
Тағы да тағдыр алға тартты бір сый,  
Көрсеткен бұдан бұрын құқайы аздай.

Ала көз, көбік ауыз қайқыш ерін,  
Сараңдау ісін жасап бәйбішенің.

Ақыға шай-сусын ап, қарын қамдап,  
Көңілдің ортайтушы ек қайғы-шерін.

Ауытқып ілгерінді-кейін шауып,  
Малдының еншісінде ойын-сауық.  
Өрт деген жайсыз хабар жетті лезде,  
Жатқанда әлгі ауылдың қойын сауып.

Шықты да жан даусым көкті жара,  
Жүгірдім алаулаған отты жанап.  
Күрең от көпсінгендей шөп күркені,  
Тілімен олай - бұлай өтті жалап.

Жақсылар тоқтау айтып жаны ашыған,  
Тебітіп отқа қарай алас ұрам.  
Жайсаңнан қалған тұяқ жалғыз ұлды  
Іздедім көк түтіннің арасынан.

От тиген шытырлайды шалғын құрақ .  
Түтінен көрінбейді алдым бірақ.  
- Базарым,Базаржаным тірімісің?-  
Айғайлап естен танып қалдым құлап.

Жанымнан жүрген сәби жылу алып,  
Қайғымды жан сырымды ұғуы анық.  
Ес жидым ертеңінде, қасымда отыр,  
Ұл-қызым бірде жылап,бір уанып.

- Қарағым, қалдың ба әйтеу оттан аман?  
Осындай күйге түсті жоқтап анаң  
Садаға жаным сенен қайда кеттің,  
Бөлініп өзің теңдес көп баладан.

-Жаттым ба қатерлі бұл кезеңді ойлап,  
Аш бала тоқ баламен төзембе ойнап.  
Кәсіпті күндегіше судан іздеп,  
Жөнелдім балық аулап өзен бойлап.

Тайды-деп қол қусырып бастан бақыт,  
Өлуде оңай емес аштан қатып.  
Шырқырап шыбын жаным ұштым менде,  
Шыққанда қою түтін аспанға атып.

Жатпаушы ем қасіретті бұрын елеп,  
Жаныма батты менің бүгін ерек.  
Анашым от ішінен өзіңді іздеп,  
Құлаппын менде үйдің күліне кеп.

Сол жерге ошарылып жиналып көп,  
Жиғызды ақылымды үйге алып кеп.  
Оңалып кетуіңді ұзақ күтіп,  
Отырмын басыңызда қиналып тек.

-Сеніде аямады-ау мына жалған,  
Кінәң не құлатардай қия жардан.  
Жасармыз бәлкім ұзақ бақытты боп,  
Қалдық ғой үйді беріп бір ажалдан.

Бұл неткен өмір еді сабағы ащы,  
Симаған жерге адамның қара басы.  
Оранып қызыл отқа кеткен күрке,  
Болсын тек жанымыздың садағасы.

Жымиды кеткен езу күлкі қашып,  
Қабактың жадырастық бұлтын ашып.  
Қайырлы болсын- дедік арты өткеннің,  
Табысып ана бала шұрқырасып.

Кетпедік араласып көшелі іске,  
Жарлының жатпайды әсте есебі іште.  
Ас-суын бір кедейдің бөліп жарып,  
Жатамыз оң жақтағы төсенішке.

Күйдеміз күзеткендей тас моланы,  
Қолымнан не келеді жас балалы.  
Киіммен асқа зәру заманда бұл,  
Қайтадан табу қиын баспананы.

Сарбаздай жанын берген оққа байлап,  
Құрыш боп піскендеймін отқа қайнап.  
«Есің барда елің тап»-дегендейін,  
Тұрарлық нем бар мұнда көп қарайлап.

Жиып ем бойға қуат қазына ғып,  
Сөгілді шет жағасы азып, арып.  
Төркінім кеткен жолға тағы түстім,  
Бұл елден азын –аулақ азық алып.

Жарлының қанын сорып, шаңын қаққан,  
Кез еді «аштық» біраз дамыл тапқан.  
Қол бұлғап қала берді қайран Алтай,  
Мекендеп аз уақыт дәмін татқан.

## X

Не деген бейшора едім жоқ ажалы,  
Болмады аз, бастан кешкен жол азабы.  
Қонаға екі- үш құртты азық етіп,  
Ашамыз қарасумен оразаны.

Қыранда күрке тауық, қанат талса,  
Төзеді машақатқа тағат қанша.  
Күндіз жол жүремінде бала арқалап,  
От жағып отырамын таң атқанша.

Азаптың сұңғыламын татқан дәмін,  
Жатады жарық шашып жатқан маңым.  
Шабатын қараңғыда өз жеміне,  
Бұл менің итпен құстан сақтанғаным.

Бесіктен шықпай жатып сорды кешіп,  
Келеді ұлым жолда зорға ілесіп.  
Күндізде кезігетін қатер қалың,  
Өтеді жылан шаян жолды кесіп.

Болғанмен жауын шашын жазда құрғақ,  
Аламыз үстімізді сазға былғап.  
Аламын жол бойында көз шырымын,  
Сәскеде белді шешіп аз дамылдап.

Тау-тасты сүзбесекте құр аптығып,  
Сан қайта түзелеміз құлап тұрып.  
Кесіп ап таянғанда талдан таяқ,  
Сергиміз келе атқандай құр ат мініп.

Көтергем қызымды сап иық қапқа,  
Қуанды ол отырғандай биік таққа.  
Тамұққа осығұрша тірі салған,  
Кетеді тілім кейде тиіп хаққа.

Бір жіптің қапқа таққан ұшы қиып,  
Айналды қағынуға ісіп иық.

Кейіптен адам таныр ада болған,  
Шұбырған секілдіміз «кісі киік».

Бұл түрмен елге қалай көрінемін  
Шығарар бізді есіркеп төріне кім.  
Тас қыршып, жол бойында бұта тілген,  
Киімім қырық жамау, өрім- өрім.

Қайсар ұл тіс жармайды еш қынжылып,  
Онында бұта бүрген үстін жұлып,  
Тастаған, шұлғау шығып жұлығынан,  
Келеді бұл қалпымен бес күн жүріп.

Көк езу көкірегін тасқын керген,  
Межелі өзенді өтіп, астым белден,  
Көргенде туған жерді көзім жайнап,  
Байланып, тілім шықты, тас күрмелген.

Туған жер жәннат барма киелі ондай,  
Босады көңілімнің тиегі оңбай.  
Жасытып сай-сүйекті жүзді жуған,  
Келемін көз жасыма ие болмай.

Саулады екі көзден екі бұлақ,  
Мен едім құдайға айтқан жетім лақ,  
Жолығып бір қойшыға тура тарттым,  
Бағытын ауылымның жете ұғып ап.

Дәуірдің тұрған лас кірі сіңіп,  
Надандық кәрі үйеңкі түбі шірік.  
Болмаса шу жалмасқан үш ағамның,  
Қарсы алар деп ойлап ем бірі шығып.

Білдірмей басқан ізін шөп қыбырын.  
Алыста өтіп еді көп ғұмырым,  
Ауылдың аңқау мінез адамынан.  
Иттері ақылды екен жетті бұрын.

Ойлап па ем қысылам- деп ден сауында,  
Құйылды қонышыма тер сауылдап.  
Қасқырдай қан аңсаған, қалып қойдым,  
Өңшең бір дарақы иттің қоршауында.

Өмірде тұңғыш рет састым анық,  
Мұндайда қалу қиын басты бағып.

Қорғадым көл қорыған қызғыштай боп,  
Ұлымды қанатымның астына алып.

Жайыма қанық болды жақын маңай,  
Шыдайды қапаланбай дәтім қалай.  
Кейпімнен бала –шаға үркіп қорқып,  
Үдеріп тұрды алыста жақындамай.

Туған жер бал самалы тұрған есіп,  
Ержеттім құшағында жырғап өсіп.  
Аздан соң қоңыр үйден анам шықты,  
Ашылып ақырындау сырмалы есік.

Шықпаса керек еді өздігінен,  
Сұмдықты ана жаны сезді білем.  
Келгенін сезімтал жан білсе керек,  
Бөлінген бір бұтақтың өз діңінен.

Көргенде жолаушыны түсі кірбең,  
Сезгендей бір сұмдықты іші бірден.  
Сезімтал байғұс ана тани кетті,  
Көрген соң сырт тұлғамнан пішінімнен.

Аз мерзім төзімді бордай үгіп,  
Иттерге талатпадым талмай ұрып.  
Басқадан бұрын жетіп аяулы анам,  
Ажалдың ауызынан алды айырып.

Қалды ма бастабында сәл аңдамай,  
-Түскенсің қандай күйге жаман бала-ай.  
Шынымен мынау менің Алтыным ба?  
-Деді де,жіті басты маған қарай.

Істерін ел жүретін өнеге ғып,  
Балқыды көргенде оны денем еріп.  
Айрылып ақыл естен түстім құлап,  
Ашылған құшағына ене беріп.

Басында келгеніме туыс нанбай,  
Шаттықтың көңілінен буы ұшқандай.  
Болды да, көргеннен соң құшты жылап,  
Айыбын көз жасымен жуысқандай.

Таныды кейбіреуі зорға мені,  
Дегенмен перзентінің қорғаны елі.

Жиса егер сонда төккен көз жасымды,  
Бір теңіз жер бетіне орнар еді.

Тұрған соң түгелімен төрт құбыла,  
Игілік жақсылықтың, жоқ құныда.  
Адамның тағдырына мән бермеуде,  
Қарынның байланысты тоқтығына.

## XI

Жүретін жанымызды күдік торып,  
Арман құс ұя салды, үміт толып.  
Ес жидық елге келіп етек жаптық,  
Азабы өткен күннің ұмыт болып.

Ағайын телміртпеді мені ешкімге  
Ілезде басқалармен теңесті ірге.  
Анам да ағалар да болды бәйек,  
Ішінен шыққан жылан емеспін бе?

Басында тағдыр билеп жаза басып,  
Жол таппай сенделіп ем аз адасып,  
Басыма ағаларым үй көтеріп,  
Берген -ді бауырыма қазан асып.

Кезімде көлік тауып қонған көшкен,  
Шығардым кеше шаршап тоңғанды естен.  
Жиеннің өзіңменен еншісі-деп,  
Мал салды алдымызға оннан- бестен.

Қарыған азап ызғар жанды жалап,  
Болды ұмыт жадау күндер ерні жалақ,  
Базарым биыл шыққан он жетіге,  
Ауырлау қолғабысқа қалды жарап.

Тұрғанда аяз шөгіп, табан қарып,  
Қолынан қыстай құрық ала алмадық.  
Бір тайдың қорқау бөрі таңын сызбай,  
Жылқыны шықты қыстан аман бағып.

Марқаям ұлым жайлы мақтау естіп,  
Алаңсыз күндер өтіп жатты-ау өстіп.  
-Қарулы –деседі жұрт жылқы құмар,  
Баулыған жоқ еді ешкім атқа әуес ғып.

Жүрсемде еркелетіп кішкене-деп,  
Жасайды қолдан келер іске көмек,  
Қызымда томпаң қағып, көбейтеді  
Мендегі қуанышты үстемелеп.

Деп ойлап келін түссе құралар құт,  
Апарар затты ойлаймын құдаға артып.  
Дәл қазір басым аман малым түгел,  
Тағдырдан не тілеймін бұдан артық.

## XII

Надан жұрт білмейтігүн оң-терісті,  
Шабысты өрді қырды тер төгісті.  
Пысығы қазақтыңда атқа қонды,  
Батыста нығайтпақ боп төңкерісті.

Болған соң халық момын, көсем сотқар,  
Кетпейді ел басынан кесел шоқпар,  
Жақсымен жайсаңдардың жолын кесіп,  
Жармасты жағасына есерсоқтар.

Жалғасып үсті- үстіне мұндағы лаң,  
Кем емес отызыншы жылдағыдан,  
Үрей бар көңілдерде секем алған,  
Діріл бар жүректерде мұң қарыған.

Мұндада саясат жоқ жатқан оңып,  
Халықты бай кедей-деп тапқа бөліп.  
Ойнатты ел басына әңгір таяқ,  
Өңшең бір әпербақан атқа қонып.

Өздерін елден бөлек дара санап,  
Желікті қатын тастап, бала сабап.  
Шаш қойып әкіреңдеп шыға келді,  
Аз оқып таныдыда шала сауат.

Надандар жаза алмайтын атын құрап,  
Табысқан жайлы жерден батыл тұрақ.  
Аттарын естігенде жиренеді,  
Тізесі елге кеткен батыңқырап.

Жастардың қабырғасы өсіп , қатпай,  
Бір нәубет келетіндей есік қақпай.



Кешуін\* келет-десе үлкен кіші,  
Кірерге қысылады тесік таппай.

Тағыда көкті торлап қайғы бұлты,  
Шүйлікті дегендерге байдың ұрқы.  
Көбейген елден алар алым салық,  
Жүрегі барша жұрттың шайлығыңқы.

Қалмаса бұл пәледен құдай қағып,  
Дүние кетті тағы шыр айналып.  
Есірку\* ұстайды-деген шерік\* тартып,  
Лақап сөз шошытады үрейді алып.

### XIII

Төсеген жон арқама мұздай болып,  
Шырқымды бір зұлымдық бұзды-ай келіп.  
Кешуін\* Әлпен деген ғашық болды,  
Қырыққа таяғанда қыздай көріп.

Тіккен бір қаһармандай оққа басын,  
Оңайға сездім иттің тоқтамасын.  
«Зорлықпен әкем қосқан салдақы»-деп,  
Қаңғыртқан қатынымен топ баласын.

Желікке жан емеспін жүрген еріп,  
Кетпегем адалдықтан ірге бөліп.  
Кетеді ол өлердегі сөзін айтып,  
Базарым үйде жоқта күнде келіп.

Сонда да ақылыма кезек беріп,  
Ұстадым тізгінімді тежеп берік.  
Кім білсін қу сорыма бастады ма?  
Бір күні шықтым қырға тезек теріп.

Кешсем де қараңғы өмір қыс таңындай,  
Жан сирек арамдыққа ұста мұндай.  
Қасыма салаң етіп Әлпен келді,  
Сыртымнан бағып жүрген дұшпанымдай.

Сөйлейді бөленгендей сезімге асқақ,  
Мақсаты қалың сордан көзімді ашпақ.  
Адуын мінезіме менде бастым,  
Баяғы жөнелген соң сөзін бастап.

Тілінен түк шықпады бал ағызған,  
Гүлдеймін тыныштығын ара бұзған.  
Ақыры дегеніне көнбеген соң,  
От шықты бара-бара арамыздан.

Тау күліп,оны тұрды тас табалап,  
Бойына сұмның қалай ас тарамақ,  
«Қаруы жаман ердің көтім зорлық»  
Кетпекші болды зорлап масқаралап.

Әлпеннің шамасыда маған мәлім,  
Білуші ем бір еркектік шамам барын.  
Астыма бұраң етіп өзі түсті,  
Қорқып ем, жетпей ме - деп табанда әлім.

Қолма–қол жеңдім солай жүгіністе,  
Күлкімді қала алмадым бүгіп ішке,  
«Болса егер қатын күрес сен аларсың»,  
Деуші еді ел,сол сөз асты бүгін іске.

Ашулы теуіп шығып бойыма қан,  
Тастадым орындатпай ойын арам.  
Бойдағы осы қара күшім болар,  
Азапқа талай жылғы мойымаған.

Мерт болған көбелектей отқа құлап,  
Келгендей тәубасына ақпақұлақ,  
Тұрдыда сүйретіліп барды атына,  
Басына ит терісін қаптатып ап.

Жатқандай әкесінің төріне аунап,  
Жылпос ит қайтпақ болған көңіл аулап.  
Тауаны шағылсада қайта оралып,  
Атпенен, ұрып соқты омыраулап.

Қамшымен төпеледі басыма кеп,  
Құр қолмен болып жүрмін басып әлек.  
Бекінем байқатпауға осалдықты,  
Қайраймын өзімді-өзім жасыма – деп.

Осынша тағдыр неге болды кекті ,  
Көлденең көк аттының қорлығы өтті.  
Тілгілеп жон-арқамды жылан қамшы,  
Ысылдап жарақат сап орды бетті.

Ұрғандай шоқпар алып тал, қайыңнан,  
Ес кетті, қан сорғалап маңдайымнан.  
Осынау зомбылықтың түсті үстінен,  
Базарым осы маңнан мал қайырған.

Көкпарда жан жоқ еді одан епті,  
Қазақта көзбен көрді жоқ әдетті,  
Атынан қас-қағымда қарғып түсіп,  
Үстіне жас түйғындай қона кетті.

Әлпеннің көкшілденіп, секпіл өңі,  
Өзгеріп тез арада кетті реңі.  
Асатып жұдырықпен бас-көз демей,  
Жұлмалап кеудесіне тепкіледі.

-«Зұлымдық көрсеткенің көпке тамұқ,  
Жүргенің белгілі елден ақ бата алып-  
Тулақтай жерге салып сүйреледі.  
Сен итті өлтірем»-деп атқа тағып.

Ұлымды жүріп едім бала санап,  
Ер бопты таңданатын Алаш әлі-ақ.  
- Доңыздың арам қанын жүктеме - деп,  
Қолынан алдым әрең арашалап.

Тастайтын қамырдайын шойынды илеп,  
Қалғандай қолындағы сойыл күйреп.  
Таланған маң төбетке жас күшіктей,  
Әрендеп қозғалды Әлпен бойын билеп.

Тапжылмай бар қимылын тұрған бағып,  
Базардың қабағынан зілді аңғарып.  
Тіс жарып ләм демей жолға түсті,  
Атына мінді дағы жылдам барып.

Мұндай сұм қылығымен кімге ұнамақ,  
Шірітер қарын майды бір құмалақ.  
- Жаралы жауды аяған қалар деген,-  
Деп Базар көзін алмай тұрды қарап.

#### XIY

Селеуді жәйлап сипап самал тарақ,  
Құлпырып түрленген кез жомарт алап.

«Есірку» ұстайтындар келді деген,  
Сұп-суық зәрені алды хабар тарап.

Осы сөз жон-арқаны мұздай қарып,  
Сабырын, қарсы алысты бұзбай халық.  
Ажалдай тура келген бұл зобалаң,  
Апырм-ай өтпеді ғой бізді айналып.

Қамшысы найзағай боп бұлтты тіліп,  
Қаһары бара жатыр жұртты қырып.  
Бұл топтың көш басшысы баяғы Әлпен,  
Мән бермей нық шіренді, шырт түкіріп.

Тігетін баяғыда күрке маған,  
Ұсталды алдыменен үлкен ағам.  
Бұлардың ізін қуа келді айдалып,  
Таңылған жайлақ атқа бір топ адам.

Айналып жатқан кезде жала- шынға,  
Қатігез жауыздардың жаны ашыр ма.  
Мінгізген қол-аяғын байлап атқа,  
Бұл топтың Базарда бар арасында.

Жайылаған қуа шалып боз көдені,  
Базарым кеткен жылқы көздегелі.  
Даладан қолға түскен, есіп сөйлеп,  
Әлпен тұр орындалған өз дегені.

- Жүруші ед мал соңында қыста қаңғып,  
Сұм екен сақтап жүрген ішке арамдық.  
Жайсаңның қара жүрек бөлтірігін,  
Қашқалы жатқанында ұстап алдық.

Азғырып момын елдің ұлы-қызын,  
Түсірген теріс жолға бұрып ізін.  
Сондада құтылмады сайқал неме,  
Қашанда өкіметтің құрығы ұзын.

- Сырыққа құтырынып жалғап құрық,  
Талайдың жасын төктің зар қақтырып.  
Жалақор жалдаптың да көрін қазып,  
Күн туар,құм асатар шаң қаптырып.

Тұрсың ғой жала жабу ардақты іс деп,  
Саған да бір күндері салмақ түспек.  
Қолымда бес атарым болмады әттең,  
Деп Базар теріс айналды бармақ тістеп.

Атағы тез арада кеткен өрлеп,  
Әлпеннен қасіретті шеккен ел көп.  
Ұлымның өткен жылғы қылығына,  
Осынша ойламап ем кектенер- деп.

Жем болдым аққу едім бөктергіге,  
Басымнан арылмады оқ пен дүре.  
Сен жалғыз маңдайдағы шырағым ең,  
Қу құдай оныдағы көп көрді ме?

Қадірсіз, тұрған шақта қолда бақыт,  
Қалғандай қара нарым сорға батып.  
Ұлымды ат үстінен барып құштым,  
Жауындай көз жасымды сорғалатып.

Әлпеннің бал-бұл жанып кескін түрі,  
Қаперде, жоқ секілді ешбір мұңы.  
Ақылым барды-жоқты топ ішінен,  
Біреудің қарлығыңқы естілді үні.

- Ел-жұрттың азаматсың жайын ұғар,  
Обал мен сұбапты әбден айырып ал...  
Біз болсақ бір сәрі ғой көк өрім жас,  
Дәл қандай Базар жанның айыбы бар?

Өмірді тұрған жоқпын мәңгілік деп,  
Өкінем өлеріме қаңғырып тек.  
Асылдан қалған жалғыз тұяқ еді,  
Базарды тым болмаса қалдырып кет.

«Әкенің ұлы оңа ма ізін көрген,  
Әкесі жау жансызы қызылға енген.  
Жайсаңның қол-аяғын түгел жой деп,  
Өзінен өкіметтің тізім келген».

Тұрғандай өкімет те өзін жақтап,  
Шындықтың өтірікпен көзін жаппақ.  
Деген шын, «бақа тілдес балық үндес»,  
Алғандай басқарманың сөзін жақтап.

Көрмеген қасіретті бұрын мұндай,  
Ел үшін бұрынғы өмір бұлыңғырдай.  
Бас алған шаш ал десе жендеттерде,  
Орындап қожасының тілін бұрмай.

Деу қиын кеткендерді тірі көрем,  
Белгілі тынатыны түбі немен.  
Баламнан өзімді әрең ажыратты,  
Ұрғылап бесатардың дүміменен.

Қорқыныш бой көтеріп жатқан бұғып,  
«Қарағым» деп зарладым жақ талдырып.  
Таңулы иелері тізгіні бос,  
Жендеттер жөнелді айдап аттарды ұрып.

Итке де, адамға да жалындырып,  
Құдай жоқ менің жатқан зарымды ұғып.  
Артынан кеткендердің қуа-қуа,  
Бір жерге жығылыппын әлім құрып.

Жүзімнен кетті мәңгі шатттық үркіп,  
Жанарым талмаусырап қақты кірпік.  
Біреулер үйіме әкеп ес жиғызған,  
Бетіме әлсін-әлсін ақты бүркіп.

Сыпырдым маңдайымнан суық терді,  
Қайғы -дерт ,жазылмаспын жуықта енді.  
Тұра сап жан-жағыма қарманамын,  
Басқа бір әрекетке буып белді.

Құтқара алмаған соң ұлды өлімнен,  
Етпейме көзге түрткі кім көрінген?.  
Аяулы әндігерді жауға айдатып,  
Не пайда жерде тірі жүргенімнен.

Озбырлар жүрген шақта жалаң қағып,  
Менсізде жатқан түк жоқ қараң қалып.  
Деп ойлап дәл жүректен пышақ ұрдым,  
Өлуді көздедім де арандалып.

Пышақты салудың да жөнін таппай,  
Қойдым ба, қалды ма әлде қолым батпай.  
Жармасып екі қолға біреу келіп,  
Тастады мақсатымды орындатпай.

Кеткендей жер бетіне пәле қаптап,  
Шыбын жан енді қайдан пана таппақ.  
Пышақтың киімімді түзі тіліп,  
Кетті ұшы көк етімді жарақаттап.

Ағайын жиылысты қаптап келіп,  
Оларға жүгіріппін тап-тап беріп.  
Көрсеткен жақсылығы құтырды-деп,  
Тастады керегеге мықтап керіп.

Секілді қолға түскен тарпаң киік,  
Сан азап қабаттасып тартам күйік.  
Ас ішпей қу сүйек боп азсам керек,  
Білекті неше жерден арқан қиып.

Түзелер жағдайым жоқ қуат еніп,  
Қиялым сор кешеді жуа теріп.  
Жатқанда тілім ісіп, аңқам кеуіп,  
Береді қызым қара су әкеліп.

Ағайын жатқанында асқа бөгіп,  
Үлгерді аппақ қырау шашқа қонып.  
Бұл неткен ит жандылық нәр татпаған,  
Кісі өлсе мен қалар ем аштан өліп.

Кей кезде ес ақылды білмей қалам,  
Күн мен түн бәрі түнек бірдей маған.  
Келеді тапқан асын қызым алып,  
Үстіме басқа, бөгде кірмейді адам.

Күн көзін кеткен кезде жауып түнек,  
Қасыңнан туыстарың қауіптірек.  
Екі айдан астам мерзім болған шақта,  
Босатты бір күн әрең сауықты- деп.

Келгендей өміріме құлдырау шақ,  
Бар денем қу сүйек боп тынды қаусап.  
Өлімнен алып қалды тағы біреу,  
Жатқанда мойныма қыл бұғау сап.

Амалым қуырылды әбден айлам бітіп,  
Басымды мең-зең қылды, ой қаңғытып.  
Ағайын жансызданып сырттан бағып,  
Өзімді өз қызыма қойды аңдытып.

Болса да жұрт алдында күнәсі ірі,  
Болды Әлпен өкіметтің шын асылы.  
Мен болсам жарты ғасыр күн кешіппін,  
Есі бар кіресілі, шығасылы.

Жүрекке жазған жазу тасқа басқан,  
Өліптен артық дегем, бәс таласқам.  
Елу жыл Базар деген жалғыз сөзді,  
Жүріппін ауызымнан тастамастан.

## ХҮ

Жолымда арба сынып, өгіз өліп,  
Жүйкені өтті өмірдің көбі жонып.  
Түс көрдім ұйықтап жатып бір ғажайып,  
Мәз болдым жақсылыққа оны жорып.

Бір түйсік жүйкемдегі оянды енді,  
Қалмады көңілімде қаяу белгі.  
Боз атпен атам екен таяу келді,  
Аз тоқтап, қысқа сөйлеп аян берді.

- Балам ең ақылымды көп тыңдаған,  
Бетбұрыс бейіш күнге жеттің бе аман?  
Бойында ақылың мол қайратты едің,  
Қалайша жүнжіп жүдеп кеттің, балам?

Жоқтықтың көзін құртып, жалын күзеп,  
Жатқанда ел жадау тұрмыс халін түзеп.  
Қарағым есеңгіреп жүрсің бе әлі,  
Қайғысы жалғыз ұлдың жаныңды жеп.

Адамы бұл жалғанның пасық неткен,  
Жібi бос Базарымды жасық деппе ең.  
Түрменің бұзып шығып түн түнегін,  
Аман-сау баяғыда-ақ қашып кеткен.

Асқынған заманында дерт кеселі,  
Боршалап жүрегінен ет кеседі.  
Бұл жаққа бұрмады ма аттың басын,  
Бір соқпай балам саған кетпес еді.

Түссе де тарам жолға қалың шатпақ,  
Оған жат опасыздық арын сатпақ.



-Бұл жақта Әлпен бар ғой, келе қоймас,  
Бір жерде жүрген шығар жанын сақтап.

Толысып барша жұрттың кем-кетігі,  
Көбейді жас буынмен ел нөпірі.  
Шаттанған өз даусымнан ояныпшын,  
Менің де жүр деп балам жерде тірі.

Кездейсоқ ғайыптан бір ем табылып,  
Мысқылдап бойымдағы дерт арылып.  
Сауықтым, жиендерім той жасады,  
Қатысты әр тараптан жұрт ағылып.

Сермеймін келешекке жедел құлаш,  
(О, тағдыр жолымдағы кедергіні аш!)  
Жазылдым бәлкім, түстің әсерінен,  
Немесе дерт тозады дегенде рас.

Аң-таңмын өліп қайта тірілгендей,  
Қысылдым кәлимаға тілім келмей.  
Бір кезде жан жоқ еді менен сорлы,  
Жоқ тағы бақытты жан бүгін мендей.

Атқалы тағдыр дәлдеп маған оқты,  
Күн зулап, жылдар жылжып, заман өтті.  
Науқасқа шалдыққанда қасымдағы,  
Жас қызым алпыстағы ана бопты.

Баспай бұл көңілімнің жел көбігін,  
Ажал кеп алса дейді мендегі ұғым.  
Алдымда елпілдейді күйеу бала,  
Ұмытып жасының да егделігін.

Ағайын өткен күнге үкім кесіп,  
Бұған да, қауқылдасты шүкір- десіп.  
Немере, шөберелер алдымды орап,  
Жүгірді шүрегейдей шүпірлесіп.

Ұзақ жыл топыраққа жездей көмген,  
Шошыдым айнадағы өз бейнемнен.  
Апыр-ау осыншама өзгерісті,  
Елу жыл қалай ғана сезбей келгем.

Бір кезде тәңіріндей ел табынып,

Жүргендер шекпен киіп, шен тағынып.  
192

Маңымнан алыс жүрді зәресі ұшып,  
Кеткендей әуе айналып, жер тарылып.

Күл қылып тентектіңде жақ сүйегін,  
Жаныңның жазар уақыт дақ сүйелін.  
Бір кезде безген Әлпен қайта барып,  
Тауыпты баласымен нақ сүйерін.

Кұрса да оған тағдыр нелер қақпан,  
Ілдірмей ешбір жерін бедел тапқан.  
Ол қазір күрестің бір ардагері,  
Төсіне орден тізіп, медаль таққан.

Талайын жақсылардың артыны сап,  
Қақшыған біреу, тапса жарты масақ.  
Жоғарғы дәрежелі ол зейнеткер,  
Ақшаны келе жатқан қарпып асап.

Тілгілеп байлық-пілдің жондамасын,  
Шығарған он отау ғып он баласын.  
Ол қазір тірі жүрген жалғыз молла,  
Өліктің қарататын оңға басын.

Талайға кезінде атқан жауығып оқ,  
Өмірден көрген сайран сауығы көп.  
Тарысы қай заманның бұрын піссе,  
Ол соның қыт-қыттаған тауығы боп.

Атаққа айырбастап адам жанын,  
Беретін бәске тігіп адал жарын.  
Құйрығы жалғыз тұтам, айласы мол,  
Қашанда жолы болғыш арамзаның.

#### XIY

Бойына ашу-ыза тараған мұң,  
Өлі де кейпіндемін жаралы аңның.  
Жай тұрып, намаз оқып шайға отырдым,  
Ежелгі салтына сап кәрі адамның.

Есікті тартып біреу... сәл кідіріп,  
«Кім?» дедім, «бос сенделген ел қыдырып?»  
Ізі бар абыржудың келбетінде,  
Әлпеннің бір баласы келді кіріп.

Тарамыс денем сүйек, таусылған ет,  
Жас жігіт қайта-қайта даусын кенеп.  
Жүзіме жиі-жиі көз жүгіртіп,  
Сұрады-шеше қалай саусың ба?-деп.

Жүзінен көрдім үрей ұшқындарын,  
Жеткендей құлағыма ышқынған үн.  
-әкеңнің жайы қалай,- дедім жорта,  
Естігем бейшараның мүшкіл халін.

-Әкеміз жатыр қазір хал үстінде,  
Айырылды қалың еттен арыс мүлде.  
Тым жиі сандырақтап артта қалған,  
Айтады лағнет алыс күнге.

-Әкеңнің құйылған ғой миына қан,  
Қосылу енді үйірге қиын оған.  
Кебінін, ақыретін дайындаңдар,  
Қазіргі бола бермей күйіне алаң.

Жас жігіт жұтқандай боп қауыз қабық,  
-Шақыртты сізді жиі ауызға алып.  
-Тозаққа өмір бойы салып еді,  
Көрді екен мені жақсы жауыз нағып?

-Шешетай әкеміздің сондай халі,  
Бармасаң қысылады-ау сорлы-ай тағы.  
Біз үшін тым болмаса жүріңізші,  
Бар шығар ақтық сөзі, соңғы айтары.

Зұлым ед, жан баласы бет келмейтін,  
Жұртпыз ғой өлер шақта кектенбейтін  
Есіктен кіре бере қалдым тұрып,  
Көрдімде тым бұзылып кеткен кейпін.

Гүл түгіл сары ізіне жуа шықпай,  
Қойған ед ,қояма өмір жуасытпай.  
Жатыр ол төсегінде өңі ағарып,  
Сақарға малып алған қу асықтай.

Тарайып жер дүние жасыл әлем,  
Алады екі иықтан асыға дем.  
Көп жатып сары тап болған жастығынан,  
Көтерді мені көріп басын әрең.

-Әлеке, тәуірсің бе қалай халің,  
Сен емес менің саған бар айтарым.  
Қан тамған қылышыңнан зұлым едің,  
Талайдың түнек еткен арай таңын.

Түйілген белбеуіңе беттегі арың,  
Жан едің жауыздығы көпке мәлім.  
Ажалға тура келген жетпеді ме,  
Жетім мен жесірлерге жеткен әлің.

-Ұқтым мен бар сырыңды жайыңды анық,  
Жатырмын айыбымды мойынға алып.  
Қайтседе бір айтылар осы сөзге,  
Жүргенмін менде көптен дайындалып.

-Дара өскен ақ қайың ең өзің бір түп,  
Болып ем дидарыңа кезінде ынтық.  
Ер емес ақымақтың ісін жасап,  
Жібердім ұлыңныңда көзін құртып.

Келіпсің шақыртып ем шын ырзамын,  
Тағдырдың кім түземек қыңыр заңын.  
Кешірдім барлығын да – десең егер,  
Қиналмай шығар еді шыбын жаным.

-«Сөзімнің болса кешір артық кемі»,  
-Тек осы болса керек бар күткені.  
Қидың сен қыршынынан сан боздақты,  
Солардан шыбын жаның артық па еді.

Дәмең зор зымиян ит сырыңды ұқтым,  
Өлінің несібесін тіріңде ұттың.  
Бетіне бір түкіріп кеттім шығып,  
Жүзіне түкіргендей зұлымдықтың.

### **Жыр соңы**

Естімей немеремнің жөргекте әнін,  
Білдің бе көкірекке шер қатқанын.  
Мекенін үш ұлыстың жаяу шарлап,  
Татқамын қасіреттің кермек дәмін.

Болатпын тарпы қалған жанып, еріп,

Жылжыдым елдің көшкен шаңына еріп.  
195

Тоқсан жыл мұнша азапқа төзіп келген,  
Бұл неткен мыстан деме жаны берік.

Мен көрген қасіретке емен, шынар,  
Шыдаса ағаштықтан әрең шыдар.  
Тоқсан жыл жасатқанда мені тағдыр,  
Шындықты айтып кетсін деген шығар.

Қайтадан кәдеге асып безген құндақ,  
Ашылды, аққан жастан көздер құрғап.  
Қайта ақыл кіргізгенде маған тағдыр,  
Жаудан кек алсын – деді-ау сөзбен тырнап.

Айырылды сан боздақтан аз-ақ ауыл,  
Шайқады шаңырағын қаза-дауыл.  
Айдалып кеткендерден артта қалған,  
Халықтың бастан кешкен азабы ауыр.

Зұлымдық көзін ойып басыр еткен,  
Басынан бір бейбақпын ғасыр өткен.  
Азабың тағдыр салған ауыр емес,  
Жасаған адам қолы қасіреттен.

1989-жыл.

## Мазмұны

### 1-бөлім

Ата мекен аба қазық-----2

### 2-бөлім

Сағынышым санама азық-----53

### 3-бөлім

Арыстарға арнау-----76

### 4-бөлім

Замана запырандары-----87

### 5-бөлім

Ауыл дастан----- 147

### 6-бөлім

Тағдыр -----159

Жүз жылдық қасірет-----160

ДӘУЛЕТХАН ӘБІЛҚАЙЫРҰЛЫ 1952-жылы Монғолияның Баян-өлгий аймағының Сеңгіл (Сеңкөл) сұмыны Аққол өлкесінде дүниеге келген.

Ақынның «Дала дидары», «Ой өрнегі», «Соны соқпақ» атты жыр кітаптары Баян-өлгий аймағының жергілікті баспасынан жарық көрген. 1984-жылы аймақтық «Шұғыла» журналының сыилығын 1988-жылы ақындар арасында өткізілген мүшәйраның жеңімпазы 1990 жылғы жыр сайысын 2-орынды иеленген. Өлеңдері монғол тілінде басылған таңдамалы жинақтарға енген. 1992-жылы ата мекенге көшіп келген. Абай ауданы Есенгелді ауылына орныққан ағайындарымен бірге жайлы тұрмыс кешуде.